

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау, электр энергетикасы және мемлекеттік мүлікті басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 24 маусымдағы № 196-VIII ҚРЗ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

44-1-баптың 2-тармағының үшінші бөлігіндегі "аумақтық бөлімшелерімен" деген сөздер "аумақтық органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне:

65-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"65-1-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің, басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдардың орман қорын күзетуге қатысуы

Орман өрттерін сөндіруге мемлекеттік өртке қарсы қызметті, басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдарды тарту тәртібін уәкілетті орган азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп бекітетін төтенше жағдайға ден қою кезіндегі мемлекеттік органдар мен ұйымдарды басқару және олардың өзара іс-қимылы алгоритмімен белгіленеді."

3. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне:

41-бапта:

бірінші бөліктің 4) тармақшасы "органдардың" деген сөзден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік "әскери қызметтен," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен," деген сөздермен толықтырылсын.

4. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) 82-баптың 3-тармағы екінші бөлігінің 11) тармақшасындағы "реттеуге қолданылмайды." деген сөздер "реттеуге;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мәселелерді реттеуге қолданылмайды.";

2) 129-баптың 12-тармағының 9) тармақшасындағы "бақылау салаларындағы қатынастарға қолданылмайды." деген сөздер "бақылау;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау салаларындағы қатынастарға қолданылмайды.";

3) 144-4-баптың 3-тармағының 5) тармақшасындағы "өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын," деген сөздер алып тасталсын;

4) 234-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі "объектілері" деген сөзден кейін "және олар алып жатқан жер учаскелері" деген сөздермен толықтырылсын.

5. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне:

1) 22-баптың 2-тармағының 8) тармақшасындағы "хабардар етуге міндетті." деген сөздер "хабардар етуге;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) өзін дала өрттерінің, сондай-ақ ұйымдар мен елді мекендердегі өрттердің алдын алу және сөндіру жөніндегі іс-шараларды орындауға ерікті өрт сөндіруші ретінде тартқаны туралы жұмыс берушіге хабарлауға міндетті.";

2) 57-баптың 1-тармағының 6) тармақшасы "арнаулы мемлекеттік органдарға" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 65-баптың 4-тармағының 6) тармақшасындағы "болған кезеңде шығарылмайды." деген сөздер "болған;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) жұмыскер дала өрттерінің, сондай-ақ ұйымдар мен елді мекендердегі өрттердің алдын алу және сөндіру жөніндегі іс-шараларда ерікті өрт сөндіруші ретінде болған кезеңде шығарылмайды.";

4) 66-баптың 3-тармағының 9) тармақшасындағы "болу кезеңінде тоқтатыла тұрады ." деген сөздер "болу;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) жұмыскердің дала өрттерінің, сондай-ақ ұйымдар мен елді мекендердегі өрттердің алдын алу және сөндіру жөніндегі іс-шараларда ерікті өрт сөндіруші ретінде болу кезеңінде тоқтатыла тұрады.";

5) мынадай мазмұндағы 124-2-баппен толықтырылсын:

"124-2-бап. Дала өрттерінің, сондай-ақ ұйымдар мен елді мекендердегі өрттердің алдын алу және сөндіру жөніндегі іс-шараларға ерікті өрт сөндірушілер ретінде қатысатын жұмыскерлерге арналған кепілдіктер

Дала өрттерінің, сондай-ақ ұйымдар мен елді мекендердегі өрттердің алдын алу және сөндіру жөніндегі іс-шараларға ерікті өрт сөндіруші ретінде қатысатын жұмыскердің жұмыс орны (лауазымы) және орташа жалақысы сақталады.";

6) 138-баптың 1-тармағының екінші бөлігі "құқық қорғау органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 144-бап "құқық қорғау органдары" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 159-баптың 1-тармағының екінші бөлігі "құқық қорғау органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 186-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "әскерилендірілген және өзге де мамандандырылған" деген сөздер алып тасталсын;

10) 187-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы "органның" деген сөз "орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 188-бапта:

5-тармақтағы "органның" деген сөз "орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың 1) тармақшасы "саласындағы мемлекеттік" деген сөздерден кейін "бақылау және" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 190-баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасы "саласындағы мемлекеттік" деген сөздерден кейін "бақылау және" деген сөздермен толықтырылсын.

6. 2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

203-бапта:

2-тармақтың 1) тармақшасындағы "ведомствосы аумақтық бөлімшесінің" деген сөздер "аумақтық органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "ведомствосы аумақтық бөлімшесінің" деген сөздер "аумақтық органының" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 1-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы "құқық қорғау органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 11-бапта:

1-тармақтың 11) тармақшасы "құқық қорғау органдарында" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарында" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

1) тармақшадағы "құқық қорғау органдары" деген сөздер "құқық қорғау органдарында, азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша:

"құқық қорғау органдарында" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарында" деген сөздермен толықтырылсын;

"құқық қорғау органдарымен" деген сөздерден кейін "және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 139-бапта:

тақырып "құқық қорғау органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ "құқық қорғау органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "құқық қорғау органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 140-бапта:

1-тармақ "құқық қорғау органдарында" деген сөздерден кейін ", "азаматтық қорғау органдарында" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

бірінші абзац "құқық қорғау органдарында" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарында" деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақша "құқық қорғау органдарындағы" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша "құқық қорғау органдарындағы" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша "құқық қорғау органдарына" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың үшінші бөлігі "құқық қорғау органдары" деген сөздерден кейін ", "азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ "құқық қорғау органдарындағы," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдарындағы," деген сөздермен толықтырылсын;

5) 159-баптың 3-тармағы "құқық қорғау органдарындағы" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 161-баптың 5-тармағы "құқық қорғау органдарындағы" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 186-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасы "арнаулы мемлекеттік органдардың" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "әскери қызметтен," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен," деген сөздермен толықтырылсын;

8) 195-баптың бірінші бөлігі 3) тармақшасының төртінші абзацы "құқық қорғау органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 208-баптың 5-тармағы "арнаулы мемлекеттік органдардың" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 227-баптың 6-тармағы бірінші бөлігінің 6) тармақшасы "арнаулы мемлекеттік органдардың" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 247-бапта:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасында көзделген, жұмылдыру резервінің дәрілік заттары мен медициналық бұйымдарын беру, сақтау және жаңарту мен номенклатура өзгерген және кәдеге жаратылған немесе жойылған жағдайларда броньнан шығару тәртібімен оларды шығару.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың бірінші бөлігінің 9) тармақшасында көзделген тәртіппен жұмылдыру резервінің дәрілік заттары мен медициналық бұйымдарын беруді, сақтауды және шығаруды бірыңғай дистрибьютор жүзеге асырады."

8. 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне:

1) 1-баптың 1-тармағы 77) тармақшасының үшінші абзацы "құқық қорғау органдарының,", "құқық қорғау органдарындағы," деген сөздерден кейін тиісінше " азаматтық қорғау органдарының,", "азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 11-бапта:

11) тармақша "құқық қорғау органдары," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдары," деген сөздермен толықтырылсын;

12) тармақша "құқық қорғау органдарындағы" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 12-баптың 4) тармақшасының жетінші абзацы "құқық қорғау органдары," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдары," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 16-баптың 5) тармақшасы "құқық қорғау органдары" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 97-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы "арнаулы мемлекеттік органдарында" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарында" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 100-баптың 1-тармағының бірінші абзацы "құқық қорғау органдары" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 103-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы "құқық қорғау органдары" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 145-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасы "арнаулы мемлекеттік органдардың" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "әскери қызметтен," деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 176-баптың 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларындағы "ішкі істер органдары" деген сөздер "ішкі істер органдарының, азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 198-баптың 3) тармақшасы "құқық қорғау органдарының", "құқық қорғау органдарындағы" деген сөздерден кейін тиісінше "азаматтық қорғау органдарының", "азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 204-баптың 3-тармағының 8) тармақшасы "құқық қорғау органдарының", "құқық қорғау органдарындағы," деген сөздерден кейін тиісінше "азаматтық қорғау органдарының", "азаматтық қорғау органдарындағы," деген сөздермен толықтырылсын;

12) 205-баптың 2) тармақшасы "құқық қорғау органдарының", "құқық қорғау органдарындағы" деген сөздерден кейін тиісінше "азаматтық қорғау органдарының", "азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

13) 206-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 7) тармақшасы "құқық қорғау органдарындағы," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдарындағы," деген сөздермен толықтырылсын;

14) 208-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы "құқық қорғау органдарындағы," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдарындағы," деген сөздермен толықтырылсын;

15) 212-бапта:

1-тармақта:

қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді, орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді;

1) тармақша "құқық қорғау органдарындағы" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) және 3) тармақшалар "құқық қорғау органдарындағы", "құқық қорғау органы", "құқық қорғау органдарындағы", "құқық қорғау органдарында", "құқық қорғау органдары," деген сөздерден кейін тиісінше ", азаматтық қорғау органдарындағы", "азаматтық қорғау органы", "азаматтық қорғау органдарындағы,", "азаматтық қорғау органдарында", "азаматтық қорғау органдары," деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

1) тармақша "құқық қорғау органдарындағы" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) және 3) тармақшалар "құқық қорғау органдарында", "құқық қорғау органы", "құқық қорғау органдарындағы" деген сөздерден кейін тиісінше ", азаматтық қорғау органдарында", "азаматтық қорғау органы", "азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "құқық қорғау органдарындағы" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ "құқық қорғау органдары," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдары," деген сөздермен толықтырылсын;

5, 6 және 9-тармақтар "құқық қорғау органдарының", "құқық қорғау органдарындағы", "құқық қорғау органдары," деген сөздерден кейін тиісінше "

азаматтық қорғау органдарының," , азаматтық қорғау органдарындағы", "азаматтық қорғау органдары," деген сөздермен толықтырылсын;

16) 213-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлік "құқық қорғау органдарының," , "құқық қорғау органдарындағы" деген сөздерден кейін тиісінше "азаматтық қорғау органдарының," , азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік "құқық қорғау органдарындағы" деген сөздерден кейін " , азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ және 3-тармақтың бірінші бөлігі "құқық қорғау органдарының," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ "құқық қорғау органдарындағы" деген сөздерден кейін " , азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ "құқық қорғау органдары", "құқық қорғау органдарындағы" деген сөздерден кейін тиісінше " , азаматтық қорғау органдары", " , азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 214-бапта:

бірінші бөлік "құқық қорғау органдары," , "құқық қорғау органдарындағы" деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдары," , " , азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлік "құқық қорғау органдары," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдары," деген сөздермен толықтырылсын;

18) 215-бап "құқық қорғау органдары," , "құқық қорғау органдарындағы" деген сөздерден кейін тиісінше "азаматтық қорғау органдары," , " , азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 236-баптың 5-тармағы "ішкі істер органдары" деген сөздерден кейін " , азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

20) 245-баптың 1-тармағының екінші бөлігі "құқық қорғау органдары" деген сөздерден кейін " , азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

21) 248-бапта:

3-тармақтың 3) тармақшасы "құқық қорғау органдарының," деген сөздерден кейін " азаматтық қорғау органдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасы "құқық қорғау органдарының," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасы "құқық қорғау органдарының," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдарының," деген сөздермен толықтырылсын.

9. 2025 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

1) 5-баптың 19-тармағының үшінші бөлігіндегі "органының аумақтық бөлімшелерін " деген сөздер "органның аумақтық органдарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 30-баптың 1-тармағы 5) тармақшасының алтыншы абзацы "құқық қорғау органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 168-баптың 12-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасы "құқық қорғау органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын.

10. 2025 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне:

1) 18-баптың 2-тармағының 15) тармақшасындағы "орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне" деген сөздер "органның аумақтық органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 79-баптың 1-тармағындағы "орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен" деген сөздер "органның аумақтық органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 85-баптың 2-тармағының үшінші бөлігіндегі "орган ведомствосының аумақтық бөлімшесімен" деген сөздер "органның аумақтық органымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 126-баптың 2-тармағындағы "орган ведомствосының аумақтық бөлімшелермен" деген сөздер "органның аумақтық органымен" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына:

22-1-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"22-1-бап Көлікті беру міндеті";

екінші бөліктегі "осы бапта" деген сөз "осы баптың бірінші бөлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жеке және заңды тұлғалардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою үшін көлікті (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерін қоспағанда) беруі, сондай-ақ көлікті пайдаланғаны үшін шығыстарды өтеу, осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады."

12. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "прокуратура," "прокуратура" деген сөздерден кейін тиісінше "азаматтық қорғау," ", азаматтық қорғау" деген сөздермен толықтырылсын.

13. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 1-тармағының 6) тармақшасы "ішкі істер органдарының," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 2-бапта:

21) тармақша "құқық қорғау органдары" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдары," деген сөздермен толықтырылсын;

44-4) тармақша "ішкі істер органдарының," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 10-2-баптың 10-19) тармақшасындағы ", өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуы бойынша" деген сөздер "әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 10-9-баптың 1-тармағында:

бірінші бөліктегі ", сондай-ақ елді мекендердің шекаралары шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі бақылау және қадағалау субъектілеріне қатысты қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау және қадағалау" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Елді мекендер шекаралары шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде бақылау және қадағалау субъектілеріне қатысты қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау және қадағалау тұрғын үй инспекциясы лауазымды адамдарының "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тексерулер жүргізуі арқылы жүзеге асырылады.";

5) 13-бапта:

1-тармақтың үшінші бөлігі "ішкі істер органдары," деген сөздерден кейін " азаматтық қорғау органдары," деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын :

"5-1) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің аумағында орналасқан;"

8-тармақта:

7-1) тармақша "ішкі істер органы" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органы " деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақша "ішкі істер органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

б) 67-баптың 6-тармағы "ішкі істер органдары", "ішкі істер органдарының" деген сөздерден кейін тиісінше ", азаматтық қорғау органдары", ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 101-баптың 4-тармағында:

бірінші және екінші бөліктер "мемлекеттік органдардың", "мемлекеттік органдардағы" деген сөздерден кейін тиісінше ", азаматтық қорғау органдарының", ", азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік "мемлекеттік органдардағы" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 13-1-тараудың тақырыбы "ішкі істер органдарының," деген сөздерден кейін " азаматтық қорғау органдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

9) 101-3-бапта:

тақырып "мемлекеттік органдардың," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдарының," деген сөздермен толықтырылсын;"

1-тармақта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац "мемлекеттік органдардың" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақшаның екінші бөлігі "ішкі істер органдарының," деген сөздерден кейін " азаматтық қорғау органдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік "ішкі істер органдарының," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органының," деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік "ішкі істер органы," "ішкі істер органының," деген сөздерден кейін тиісінше "азаматтық қорғау органы," "азаматтық қорғау органының," деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "ішкі істер органдарының," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың бірінші абзацы "ішкі істер органдарының," деген сөздерден кейін " азаматтық қорғау органдарының," деген сөздермен толықтырылсын;

10) 101-4-бапта:

1-тармақта:

екінші бөлікте:

бірінші абзац "Ішкі істер органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

1) және 2) тармақшалар "ішкі істер органдары" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік "ішкі істер органы" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органы" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

1) тармақша "ішкі істер органынан" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органынан" деген сөздермен толықтырылсын;

2), 3) және 4) тармақшалар "ішкі істер органының," деген сөздерден кейін " азаматтық қорғау органының," деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша "ішкі істер органының", "ішкі істер органдары" деген сөздерден кейін тиісінше ", азаматтық қорғау органының", ", азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 101-5-бап мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің тұрғын үй төлемдерін осы баптың бірінші бөлігінің 1), 2) және 6) тармақшаларында көзделген мақсаттарға пайдалануға құқығы бар.

Тұрғынжайды жалдау ақысын төлеу мақсатында азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері және (немесе) олардың отбасы мүшелері тұрғын үй төлемдері мөлшерінің елу пайызынан аспайтын мөлшерде және олар тағайындалған күннен бастап бес жылдан аспайтын уақытта тұрғын үй төлемдерін пайдаланады.";

12) 101-6-бапта:

1) тармақша "ішкі істер органынан" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органынан" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша "ішкі істер органының," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органының," деген сөздермен толықтырылсын;

13) 101-7-бапта:

1) және 2) тармақшалар "ішкі істер органын," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органын," деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша "ішкі істер органы,", "ішкі істер органының қызметкері" деген сөздерден кейін тиісінше "азаматтық қорғау органы,", ", азаматтық қорғау органының қызметкері" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 101-9 бапта:

тақырып "ішкі істер органдары," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдары," деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ "ішкі істер органының," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органының," деген сөздермен толықтырылсын;

15) 101-10-баптың тақырыбы мен бірінші абзацы "ішкі істер органдары," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдары," деген сөздермен толықтырылсын;

16) 101-11-бапта:

тақырып "Ішкі істер органдары" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта:

бірінші бөлік "ішкі істер органдары", деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Азаматтық қорғау органдарының қызметкері не оның зайыбы (жұбайы) осы Заңның 101-1-бабы 6-тармағының бірінші бөлігінде, 101-2-бабы 6-тармағының бірінші

бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдерін немесе өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы алған немесе осы Заңның 101-5-бабының 1), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша міндеттемелерді орындаған немесе мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырған жағдайларда, тұрғынжай құқығын іске асыру қызметтік тұрғынжай беру арқылы жүзеге асырылады, ал тұрғынжай алаңы осы Заңда белгіленген нормаға сай келетін қызметтік тұрғынжай болмаған жағдайда, оның жеке арнаулы шотына тұрғын үй төлемдері мөлшерінің елу пайызынан аспайтын мөлшерде тұрғын үй төлемдері аударылады, олар тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін ғана пайдаланылады.";

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте азаматтық қорғау органының қызметкері мен оның отбасы мүшесіне арналған тұрғынжай алаңы қызметкердің өзін қоса алғанда, отбасының әрбір мүшесіне он сегіз шаршы метр пайдалы алаң есебінен, бірақ тоқсан шаршы метрден аспайтын мөлшерде айқындалады.";

бесінші бөлік "ішкі істер органдары" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

бірінші бөлік "ішкі істер органы" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органы" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік "Ішкі істер органының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органының" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "ішкі істер органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ "ішкі істер органдары" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдары," деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақта:

бірінші бөлік "ішкі істер органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы "ішкі істер органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақта:

бірінші бөлік "Ішкі істер органдарында", "ішкі істер органы" деген сөздерден кейін тиісінше ", азаматтық қорғау органдарында", ", азаматтық қорғау органы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Азаматтық қорғау органдарының қызметкері қызмет өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) және оның осы Заңның 101-5-бабының 1) тармақшасында көзделген

мақсатқа сәйкес, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша міндеттемелері болған жағдайда тағайындалған тұрғын үй төлемдерін алу құқығы қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасы мүшелеріне өтеді, оны жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.";

үшінші бөлік "ішкі істер органдары" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлікте:

бірінші абзац "ішкі істер органдары" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша "ішкі істер органдарында" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарында" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ "ішкі істер органдары" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақ "Ішкі істер органдары" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақ:

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Азаматтық қорғау органдарының қызметкеріне қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған, әскери-дәрігерлік комиссияның қызметке жарамсыздығы немесе шектеулі жарамдылығы туралы қорытындысы шығарылған мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузиясы) немесе ауруы себебінен қызметтен шығарылған кезде тағайындалған тұрғын үй төлемдері ол осы Заңның 101-5-бабының 1) тармақшасында көзделген мақсатқа сәйкес, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша міндеттемелерін орындағанға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мөлшерде және тәртіппен сақталады.";

екінші бөлікте:

"бірінші бөлігінде" деген сөздер "бірінші және екінші бөліктерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ішкі істер органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 109-баптың 2-1-тармағында:

бірінші және екінші бөлік:

"арнаулы мемлекеттік органдардың", "арнаулы мемлекеттік органдардағы" деген сөздерден кейін тиісінше ", азаматтық қорғау органдарының", ", азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

"өзге де жабық объектілерде" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің аумағында" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік "арнаулы мемлекеттік органдардағы" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын.

14. "Жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

8-бап мынадай мазмұндағы 8-2), 8-3) және 8-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-2) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша тиісті салада жұмылдыру тапсырысын орындау үшін қажетті тауарлардың тізбесін айқындау және көлемдерін есептеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

8-3) жұмылдыру резерві бөлігінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен оларды сақтау көлемдерін қалыптастыру үшін тиісті салада жұмылдыру тапсырысын орындау үшін қажетті тауарлардың тізбесін айқындау және көлемдерін есептеу әдістемесіне сәйкес жұмылдыру тапсырысы бар ұйымдардың қажеттіліктеріне талдау жүргізеді;

8-4) жұмылдыру резерві бөлігінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен оларды сақтау көлемдері бойынша мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді;"

15. "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

4-баптың 6-7) тармақшасындағы "қадағалау субъектілеріне қатысты мемлекеттік қадағалауды" деген сөздер "бақылау және қадағалау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылауды және қадағалауды" деген сөздермен ауыстырылсын.

16. "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

46-12-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасы "мемлекеттік органдар" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "әскери қызметтен" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен" деген сөздермен толықтырылсын.

17. "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

7-баптың бірінші бөлігінің 7) тармақшасындағы "жасалған терроризм актісінің салдарынан туындаған техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан халықты және аумақтарды қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады, сондай-ақ оның

салдарларын жоюға қатысады" деген сөздер "жасалған терроризм актісінің салдарынан туындаған техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды жүзеге асырады" деген сөздермен ауыстырылсын.

18. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

31-баптың 1-тармағының 30-1) тармақшасындағы "мемлекеттік" деген сөзден кейін "бақылауды және" деген сөздермен толықтырылсын.

19. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

41) және 43) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"41) объектілер мониторингі – сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерінің жай-күйі мен өзгерістерін байқау жүйесі;"

"43) объектінің бас жоспары – құрылыс объектісі (үй, ғимарат, кешен) жобасының оны аумаққа (учаскеге) орналастыру, көлік коммуникацияларын, инженерлік желілерді төсеу (жүргізу), учаскені инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру мен көгалдандыру, шаруашылық қызметін көрсетуді ұйымдастыру мәселелерін кешенді шешуді және жобаланып отырған объектінің орналасатын жеріне байланысты өзге де іс-шараларды қамтитын бөлігі;"

мынадай мазмұндағы 43-1) және 43-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"43-1) объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды – адамдар жаппай болатын салынған объектілердің және биіктігі жиырма сегіз метрден асатын ғимараттарды пайдалануға қабылдар алдында өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органы беретін құжат;

43-2) объектінің техникалық күрделілігі – объектінің функционалдық қызметіне, оның тірек және қоршау конструкцияларының ерекшеліктеріне, қабаттар (конструкциялық қатарлар) санына, сейсмикалық қауіптілігіне немесе салынатын жерінің (ауданының) өзге де айрықша геологиялық, гидрогеологиялық, геотехникалық жағдайларына қарай мемлекеттік және (немесе) мемлекетаралық (халықаралық) нормативтермен белгіленетін, негіздері мен конструкцияларының сенімділігі мен беріктігіне қойылатын техникалық талаптардың дәрежесі бойынша құрылыс объектісінің жауапкершілік деңгейі, олар:

жауапкершіліктің бірінші деңгейі – күшейтілген;

жауапкершіліктің екінші деңгейі – қалыпты;

жауапкершіліктің үшінші деңгейі – төмендетілген болып бөлінеді;"

44), 44-1) және 44-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"44) объектіні пайдалануға қабылдау актісі – объект құрылысының бекітілген жобаға және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге сәйкес аяқталғанын және объектінің пайдалануға толық әзірлігін растайтын құжат;

44-1) орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытынды – авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалар орындалған жұмыстардың бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына сәйкестігін растайтын құжат;"

"44-3) өрт-техникалық зерттеп-тексеру – нәтижесінде адамдар көп болатын салынған объектілердің және биіктігі жиырма сегіз метрден асатын ғимараттардың өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі айқындалатын зерттеп-тексеру түрі;"

2) 34-2-баптың 2-тармағының 8) тармақшасындағы "сәйкестік туралы декларацияны және құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы мен орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі" деген сөздер "сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы, орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі және объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 73-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "және орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі" деген сөздер ", орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі және объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 75-бапта:

3-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мердігерден (бас мердігерден) объектінің дайындығы туралы хабарлама алған күннен бастап тапсырыс беруші мердігерден (бас мердігерден) және техникалық және авторлық қадағалауларды және өрт-техникалық зерттеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғалардан сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы, орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі және объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытындыларды сұратады.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органы тапсырыс берушіден өтінішті алған күннен бастап Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде өрт-техникалық зерттеп-тексеруді жүзеге асырады және адамдар көп болатын объекті мен биіктігі жиырма сегіз метрден асатын ғимараттар өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келген кезде оларды пайдалануға қабылдар алдында тиісті қорытынды береді.";

4-тармақтағы "мен орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі" деген сөздер ", орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі және объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта:

"және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі" деген сөздер ", орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі және объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі " деген сөздермен ауыстырылсын;

"авторлық қадағалауларды" деген сөздерден кейін ", өрт-техникалық зерттеп-тексеруді" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 75-1-баптың 1-тармағында:

бірінші абзацтағы "мен орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі" деген сөздер ", орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі және объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "декларация және құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы мен орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі" деген сөздер "декларация, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы, орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі мен объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

20. "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 35-баптың 1-тармағы "әлеуметтік" деген сөзден кейін ", табиғи және техногендік" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 35-1-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"35-1-бап. Теміржол көлігін беру міндеті";

екінші бөліктегі "осы бапта" деген сөздер "осы баптың бірінші бөлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Теміржол көлігі иелерінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою үшін оларды (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерін қоспағанда) беруі, сондай-ақ теміржол көлігін пайдаланғаны үшін шығыстарды өтеу, осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады."

21. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

47-3-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасы "мемлекеттік органдар" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "әскери қызметтен" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен" деген сөздермен толықтырылсын.

22. "Төтенше жағдай туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 12-баптың 2-тармағының 8) тармақшасындағы "аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздер "аумақтық органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 13-баптың 2-тармағының 1) және 9-1) тармақшаларындағы "аумақтық бөлімшелері", "аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздер тиісінше "аумақтық органдары", "аумақтық органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

23. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

5-1-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1-бап. Автомобиль көлігін беру міндеті";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жеке және заңды тұлғалардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою үшін автомобиль көлігін (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерін қоспағанда) беруі, сондай-ақ автомобиль көлігін пайдаланғаны үшін шығыстарды өтеу, осы баптың бірінші, үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.";

үшінші бөліктегі "Осы бапта" деген сөздер "Осы баптың бірінші және үшінші бөліктерінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

24. "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

5-1-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1-бап. Ішкі су көлігін беру міндеті";

екінші бөліктегі "Осы бапта" деген сөздер "Осы баптың бірінші бөлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жеке және заңды тұлғалардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою үшін ішкі су көлігін (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерін қоспағанда) беруі, сондай-ақ ішкі су көлігін пайдаланғаны үшін шығыстарды өтеуі, осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.".

25. "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

2-9) тармақша "жеке тариф –" деген сөздерден кейін "құрылыс кезеңінде мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның деректері бойынша айқындалатын инфляция деңгейіне жыл сайынғы индекстеуге немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша айқындалған ұлттық валютаның шетел валюталарына айырбастау бағамының өзгеруі ескеріле отырып, шетел валютасындағы тартылған қарыздық қаржыландыру көлеміне уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жыл сайынғы индекстеуге жататын (қажет болған кезде)," деген сөздермен толықтырылсын;

31-4) тармақша "жеке тариф –" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша айқындалған ұлттық валютаның шетел валюталарына айырбастау бағамының өзгеруі ескеріле отырып, шетел валютасындағы тартылған қарыздық қаржыландыру көлеміне уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жыл сайынғы индекстеуге жататын," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 15-4-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекетке тиесілі және коммуналдық меншіктегі және бір мезгілде электр, жылу энергиясы мен су (дистиллят) өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдар бөлек заңды тұлға құрып, оған жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға жасалған инвестициялық келісім бойынша міндеттемелер беру арқылы жаңғыртуға, кеңейтуге және реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімді уәкілетті орган, көрсетілген энергия өндіруші ұйым мен заңды тұлға арасында жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған қолданыстағы инвестициялық келісімге қосымша келісім жасасу жолымен іске асыруға құқылы.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген заңды тұлға деп осы тармақтың екінші бөлігіне сәйкес айқындалған жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйыммен үлестес заңды тұлға түсініледі.

Уәкілетті органмен жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға инвестициялық келісім жасасқан энергия өндіруші ұйымдарға қолданылатын электр энергетикасы саласындағы заңнаманың күші осы тармақтың екінші бөлігіне сәйкес жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға жасалған инвестициялық келісім бойынша міндеттемелер берілген заңды тұлғаға қолданылады.";

3) 15-8-баптың 8-тармағында:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте аукциондық сауда-саттық жеңімпазының электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемі мен мерзімі ұлғаю жағына қарай түзетілуге жатпайды.";

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салу кезінде электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф (қажет болған жағдайда) құрылыс кезеңінде мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның деректері бойынша айқындалатын инфляция деңгейіне жыл сайынғы индекстеуге немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша айқындалған ұлттық валютаның шетел валюталарына айырбастау бағамының өзгеруі ескеріле отырып, шетел валютасындағы тартылған қарыздық қаржыландыру көлеміне уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жыл сайынғы индекстеуге жатады."

26. "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

28-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасы "мемлекеттік органдар" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "әскери қызметтен" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен" деген сөздермен толықтырылсын.

27. "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

14-1-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор карточкалық жүйе бойынша мұнай өнімдерін сатып алудан бас тартқан кезде Қарулы Күштер оларды тиісті жылға арналған бюджет қаражаты есебінен бәсекелестік негізде дербес сатып алуға құқылы."

28. "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

9-баптың 19-12) тармақшасындағы "қадағалау субъектілеріне қатысты мемлекеттік қадағалауды" деген сөздер "бақылау және қадағалау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылауды және қадағалауды" деген сөздермен ауыстырылсын."

29. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

76-1-бапта:

екінші бөлікте:

"мемлекеттік органдардың және" деген сөздер "мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының және" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және арнаулы мемлекеттік органдардың" деген сөздер ", арнаулы мемлекеттік органдар мен азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік "Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында" деген сөздерден кейін "және "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында" деген сөздермен толықтырылсын.

30. "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Заңның күші, осы Заңның 3 (мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарынан басқа), 45-1, 59, 60, 61 және 62-баптарын, 69-бабының 3 және 3-1-тармақтарын, 80-бабы 1-тармағының 12-1) тармақшасын қоспағанда, азаматтық қорғау органдарына және олардың қызметкерлеріне, сондай-ақ азаматтық қорғау органдарындағы қызметке қолданылады.";

2) 15-баптың 2-тармағындағы "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қызметкерлерді, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлерін" деген сөздер "Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 20-баптың 2-тармағының екінші бөлігінде "табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қызметкерлерді, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлерін" деген сөздер "азаматтық қорғау органының қызметкерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 66-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қызметкер қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан не қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, асырауындағы адамдарына немесе мұрагерлеріне оның соңғы атқарған лауазымы бойынша алпыс айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.";

5) 84-баптың бесінші бөлігі алып тасталсын.

31. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

2-3) және 2-4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2-3) әлеуетті сатып алушының (ие болушының) үлестес тұлғасы – осы әлеуетті сатып алушының (ие болушының) шешімдерін айқындауға және (немесе) ол қабылдайтын шешімге, оның ішінде жазбаша түрде жасалған мәмілеге байланысты

ықпал етуге құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты осы әлеуетті сатып алушының (ие болушының) осындай құқығы болатын кез келген жеке немесе заңды тұлға;

2-4) әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының шешімімен құрылған, акцияларының бақылау топтамасы мемлекетке тиесілі, өңірдің экономикасын дамытуға жәрдемдесуді жүзеге асыратын, акционерлік қоғам нысанындағы өңірлік даму институты;"

мынадай мазмұндағы 2-5) және 23-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-5) байқау кеңесінің тәуелсіз мүшесі – осы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның, мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің үлестес тұлғасы болып табылмайтын және өзі байқау кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған, осы мемлекеттік кәсіпорынның, мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайтын; осы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның немесе осы мемлекеттік кәсіпорынның, мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің үлестес тұлғаларының – ұйымдарының лауазымды адамдарына бағынышты болумен байланысты емес және өзі байқау кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде сол тұлғаларға бағынышты болумен байланысты болмаған; мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы мемлекеттік кәсіпорынның, мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің аудитіне қатыспайтын және өзі байқау кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған байқау кеңесінің мүшесі;"

"23-1) мемлекеттік мүліктің өтінімдік тізбесі – әлеуетті сатып алушылар (ие болушылар) жекешелендіру процесіне бастамашылық жасайтын мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында орналастырылатын, акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың тізімі;"

2) 13-бап мынадай мазмұндағы 4-8), 4-9), 4-10) және 4-11) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-8) Ұлттық әл-ауқат қорын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) директорлар кеңесінің (байқау кеңесі) құрамына тәуелсіз директорларды (тәуелсіз мүшелерді) іріктеу қағидалары мен өлшемшарттарын әзірлейді және бекітеді;

4-9) Ұлттық әл-ауқат қорын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғамдар (жауапкершілігі

шектеулі серіктестіктер) тәуелсіз директорларының (тәуелсіз мүшелерінің) тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

4-10) Ұлттық әл-ауқат қорын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) директорлар кеңесінің (байқау кеңестерінің) мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу деңгейін айқындаудың үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

4-11) Ұлттық әл-ауқат қорын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, жарғылық капиталында мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) директорлар кеңесінің (байқау кеңестерінің) мүшелеріне мемлекет ұсынатын кандидаттарға қойылатын ең төмен талаптарды әзірлейді және бекітеді;"

3) 14-бапта:

9) тармақшадағы ", шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе" деген сөздер "немесе шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 26-7) және 26-8) тармақшалармен толықтырылсын:

"26-7) Ұлттық әл ауқат қорын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің) құрамына тәуелсіз директорларды (тәуелсіз мүшелерді) іріктеу қағидалары мен өлшемшарттарына сәйкес, Ұлттық әл-ауқат қорын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің) құрамына тәуелсіз директорларды (тәуелсіз мүшелерді) іріктеу жөнінде ашық конкурс өткізеді;

26-8) Ұлттық әл-ауқат қорын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) тәуелсіз директорларының (тәуелсіз мүшелерінің) тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес, Ұлттық әл-ауқат қорын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) тәуелсіз директорларының (тәуелсіз мүшелерінің) тізілімін жүргізеді және оны өзінің интернет-ресурсында жариялайды;"

4) 17-баптың 26) тармақшасындағы ", шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен меншігіне" деген сөздер "немесе шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 18-баптың 6) тармақшасындағы ", шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе" деген сөздер "немесе шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 18-1-баптың 1-тармағының 7) тармақшасындағы "не кейіннен сатып алу құқығымен" деген сөздер алып тасталсын;

7) 39-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде реквизициялау жергілікті атқарушы органдар бекітетін жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарын жоюдың іс-қимылдар жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.";

8) 40-баптың 1-тармағындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген" деген сөздер "азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 74-бапта:

1-тармақтағы "120, 145-баптарында" деген сөздер "120-бабында" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "105, 106, 120, 145-баптарында" деген сөздер "120-бабында" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 75-бапта:

1-тармақтағы "145," деген цифрлар алып тасталсын;

14-тармақтағы "105, 106, 120, 145, 176-баптарында" деген сөздер "120-бабында" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 83-баптың 1-тармағының 9) тармақшасындағы "мемлекеттік" деген сөз " мемлекеттік материалдық резервтің жаңартылуға жататын материалдық құндылықтарын және номенклатура өзгерген кезде броньнан шығарылған материалдық құндылықтарды басқа мемлекеттік органдардың балансына беруді қоспағанда, мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 91-бапта:

1-тармақ "құқықтары" деген сөзден кейін ", мемлекеттік материалдық резервтің жаңартуға жататын материалдық құндылықтарын және номенклатура өзгерген кезде броньнан шығарылған материалдық құндылықтарды басқа мемлекеттік органдардың балансына беруді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Материалдық құндылықтар мемлекеттік материалдық резервтен шығарылған кезде оларды өткізуден алынған қаражат мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті орган немесе жұмылдыру тапсырмасын орындайтын орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар сатып алу-сату шартының толық орындалғаны туралы растауды алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бюджетке есепке жатқызылуға жатады.

6. Басқа мемлекеттік органдардың балансына өтеусіз негізде жаңарту тәртібімен берілген мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары, сондай-ақ номенклатура өзгерген және кәдеге жаратылған немесе жойылған кезде броньнан шығарылғандарды қоспағанда, броньнан шығарылған материалдық құндылықтар бюджет қаражаты есебінен өтелуге жатады.

7. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын жұмылдыру мұқтажы үшін пайдалану Қазақстан Республикасының, мемлекеттік органдардың, әкімшілік-аумақтық бірліктердің, ұйымдардың жұмылдыру жоспарлары негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын нарыққа реттеушілік ықпал ету, босқындарға көмек және гуманитарлық көмек көрсету үшін пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың және олардың салдарының алдын алу және оларды жою жөнінде шаралар қабылдау үшін пайдалану – уәкілетті органның шешімі бойынша, ал жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтары пайдаланылған жағдайда жұмылдыру тапсырмасын орындайтын орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен келісу бойынша жүзеге асырылады.";

13) 93-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігі "Сатып алушы (ие болушы) –" деген сөздерден кейін " осы баптың 4-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Қор биржасында сауда-саттық жолымен жекешелендіруді қоспағанда, акционерлік қоғамдардағы (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі) акциялардың мемлекеттік пакеттерін (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) жекешелендіру кезінде тікелей мемлекет қатысатын квазимемлекеттік сектор субъектілері және олардың еншілес ұйымдары, сондай-ақ олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар сатып алушылар (ие болушылар) бола алмайды.";

5-тармақтағы "мемлекеттік мүлікті" деген сөздер "қор биржасындағы мемлекеттік мүлікті және шетелдегі мемлекеттік мүлікті" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 94-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақ алып тасталсын;

15) 97-баптың 5-тармағы алып тасталсын;

16) 98-бапта:

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталдарындағы мемлекеттің қатысу үлестерін сату осы Заңның 101-бабының 4-1 және 4-2-тармақтарына және 102, 103-баптарына сәйкес аукцион, тендер нысанындағы сауда-саттық, қор биржасындағы сауда-саттық және екі кезеңдік рәсімдер жолымен конкурс арқылы жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 5, 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"5. Жарғылық капиталындағы акциялардың бақылау пакеті (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) тендерде сату қызмет бейінін және жұмыскерлердің штат санының кемінде үштен екісін сақтау шарттарымен жүзеге асырылады.

Акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) қызмет бейінін, жұмыскерлерінің штат санын сақтау мерзімдерін сатушы мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру мәселелері жөніндегі комиссияның шешімі негізінде айқындайды.

6. Әлеуетті сатып алушының (ие болушының) және әлеуетті сатып алушының (ие болушының) үлестес тұлғасының жарғылық капиталындағы акциялардың бақылау пакеті (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сату жөніндегі бір аукционға, тендерге, екі кезеңдік рәсімдер жолымен конкурсқа қатысуға құқығы жоқ.

7. Мемлекеттік мүліктің өтінімдік тізбесіне енгізілген, акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды жекешелендіру осы Заңның 10-тарауының 1 және 2-параграфтарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.";

17) 100-бапта:

1-тармақтың үшінші және төртінші бөліктері алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сауда-саттық ашық болуға тиіс. Жекешелендіру объектілерін сату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

18) 100-1-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жекешелендіру объектісінің алғашқы бағасы тәуелсіз консультанттар немесе бағалаушы ұсынған жекешелендіру объектісінің құнын бағалау туралы есептің негізінде айқындалады және оны мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру мәселелері жөніндегі комиссия қандай құнның ең жоғары болатынына байланысты баланстық немесе бағалау құны мөлшерінде белгілейді.

Жекешелендіру объектілері, екінші және одан кейінгі сауда-саттықты өткізу жағдайларын қоспағанда, жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасынан төмен болмайтын бастапқы баға бойынша сатуға қойылады.";

4-тармақтағы "нарықтық" деген сөз алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жекешелендіру объектісін сату бағасы өткізілген сауда-саттық нәтижелері бойынша белгіленеді.";

19) 101-бапта:

4-1-тармақта:

екінші бөлік "бағасы" деген сөзден кейін "осы Заңның 100-1-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктегі "бағаны көтеру әдісі" деген сөздер "бағаны көтеруге арналған әдіс" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөлікте:

"елу" деген сөз "жетпіс" деген сөзбен ауыстырылсын;

"бағаны төмендету әдісі" деген сөздер "бағаны төмендетуге арналған әдіс" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөліктегі "ең төмен баға белгіленбей, бағаны төмендету әдісі" деген сөздер "бастапқы бағаның елу пайызы мөлшерінде ең төмен бағаны белгілей отырып, бағаны төмендетуге арналған әдіс" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жетінші және сегізінші бөліктермен толықтырылсын:

"Төртінші сауда-саттыққа жекешелендіру объектісі бастапқы бағаның отыз пайызы мөлшерінде ең төмен бағаны белгілей отырып, бағаны төмендетуге арналған әдіс қолданылатын аукционға шығарылады.

Бесінші және одан кейінгі сауда-саттықтарға жекешелендіру объектісі кепілдік жарна мөлшерінен төмен болмайтын ең төмен бағаны белгілей отырып, бағаны төмендетуге арналған әдіс қолданылатын аукционға шығарылады.";

4-2-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жекешелендіру объектісі екінші тендерге шығарылған кезде бастапқы баға алғашқы бағаның жетпіс пайызына тең.";

мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Жекешелендіру объектісі үшінші тендерге шығарылған кезде бастапқы баға алғашқы бағаның елу пайызына тең.

Жекешелендіру объектісі төртінші тендерге шығарылған кезде бастапқы баға алғашқы бағаның отыз пайызына тең.

Жекешелендіру объектісі бесінші және одан кейінгі тендерлерге шығарылған кезде бастапқы баға кепілдік жарнаның мөлшеріне тең.";

мынадай мазмұндағы 4-3-тармақпен толықтырылсын:

"4-3. Жекешелендіру объектілерін сату бойынша аукциондар мен тендерлер мынадай негіздердің бірі бойынша өткізілмеді деп танылады:

- 1) аукционға немесе тендерге қатысуға ұсынылған өтінімдердің болмауы;
- 2) жалғыз қатысушының аукционда бастапқы немесе жарияланған бағаны растамауы немесе тендерде жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын ұсынбауы;
- 3) аукцион немесе тендер жеңімпазының осы баптың 6-тармағында белгілеген мерзімде сатып алу-сату шартына қол қоймауы.

Осы тармақта көзделген жағдайларда сатушы өткізілмеген аукцион немесе тендер туралы актіге қол қояды және жекешелендіру объектісі қайтадан сауда-саттыққа шығарылады.";

20) 103-бапта:

4-тармақтағы "ең үздік шарттар" деген сөздер "ең жоғары баға және (немесе) ең үздік шарттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"6. Егер:

- 1) конкурстың бірінші кезеңіне қатысуға екеуден аз өтінім тіркелсе;
- 2) конкурстың екінші кезеңіне екіден аз әлеуетті сатып алушы (инвестор) жіберілсе;
- 3) конкурс жеңімпазы сатушы белгілеген мерзімде сатып алу-сату шартына қол қоймаса, конкурс өткізілмеді деп танылады.

Осы тармақта көзделген жағдайларда сатушы мен тәуелсіз консультант өткізілмеген конкурс туралы актіге қол қояды және жекешелендіру объектісі қайтадан конкурсқа шығарылады.

7. Әрбір кейінгі конкурс алдыңғы конкурс күнінен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірілмей өткізіледі.";

21) 105 және 106-баптар алып тасталсын;

22) 107-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "нарықтық" деген сөз алып тасталсын;

23) 110-баптың 2 тармағында:

бірінші бөліктегі "Шарт" деген сөз "Сатып алу-сату шарты" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "сарапшыларды, бағалаушыларды, сондай-ақ" деген сөздер "тиісті салалардың уәкілетті органдарының (жергілікті атқарушы органдардың) өкілдерін, сондай-ақ қажет болған жағдайда" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Тиісті салалардың уәкілетті органдары (жергілікті атқарушы органдар) сатушыдан хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде сатып алу-сату шарты талаптарының орындалуын бақылауға қатысу үшін өз өкілдерінен кандидатуралар ұсынады.

Бақылауды жүргізу үшін консультациялық, аудиторлық және өзге де ұйымдарды тарту Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.";

24) 120-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"120-бап. Мемлекеттік мүлікті шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне өтеусіз беру

Мемлекеттік мүлікті шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне, сауда-делдалдық қызметті қоспағанда, өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа көрсетілетін қызметтер саласын дамыту үшін өтеусіз беру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.";

25) 130-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі ", осы Заңның 97-бабының 5-тармағында, 98-бабының 4-тармағында" деген сөздер алып тасталсын;

26) 134-баптың 2-тармағының 24) тармақшасындағы "тау-кен құтқару, бұрқакқа қарсы, газдан құтқару, профилактикалық жұмыстарды, сондай-ақ" деген сөздер алып тасталсын;

27) 175-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

28) 176-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

29) 182-бап мынадай мазмұндағы 4, 5, 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесі мүшелерінің арасынан директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен сайланады.

5. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілер болып табылатын өкілдері директорлар кеңесінің төрағасы ретінде сайлана алмайды.

6. Тәуелсіз директорлар лауазымына кандидаттарды іріктеу, Ұлттық әл-ауқат қорын және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің) құрамына тәуелсіз директорларды (тәуелсіз мүшелерді) іріктеу қағидалары мен өлшемшарттарына сәйкес конкурстық тәртіппен жүзеге асырылуға тиіс.

7. Ұлттық әл-ауқат қорын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) директорлар кеңесінің (байқау кеңестерінің) мүшелеріне мемлекет ұсынатын кандидаттарға қойылатын ең төмен талаптарға сәйкес мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын адамдар тиісті саланың уәкілетті органының шешімі бойынша директорлар кеңесінің құрамына мемлекеттің өкілі ретінде ұсынылуы мүмкін.";

30) мынадай мазмұндағы 182-1, 182-2, 182-3 және 182-4-баптармен толықтырылсын

:

"182-1-бап. Мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктегі корпоративтік басқару

1. Мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестікте, Қазақстан Республикасының заңдарында және (немесе) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысында жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жалғыз қатысушысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын басқару органы – байқау кеңесі құрылуы мүмкін. Байқау кеңестері құрылатын, мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қойылатын өлшемшарттарды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітеді.

2. Жалғыз қатысушы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесінің мүшелерін сайлайды (қайта сайлайды) және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады.

3. Байқау кеңесін құру және тарату тәртібін, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітеді.

4. Мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі бес жылдан аспайды.

5. Мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесі мүшелерінің саны тақ болуға және бір-бірімен және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің басшысымен жақын туыстық және жекжаттық қатынастарда болмайтын кемінде бес адамнан құралуға тиіс.

6. Мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктегі байқау кеңесі құрамының кемінде жартысы байқау кеңесінің тәуелсіз мүшелері болуға тиіс.

7. Байқау кеңесінің хатшысы мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жұмыскері болып табылады және ол байқау кеңесінің мүшесі болып табылмайды. Байқау кеңесінің хатшысы байқау кеңесіне есеп береді, оның отырыстарын дайындау мен өткізуді, отырысқа материалдар ресімдеуді қамтамасыз етеді және байқау кеңесі мүшелерінің отырыстардың материалдарына қол жеткізуінің қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізеді.

Байқау кеңесі хатшысының құзыреті мен қызметі мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ішкі құжаттарында айқындалады.

8. Мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесі қызметінің және оның шешімдер қабылдау тәртібі

жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысында, сондай-ақ жалғыз қатысушы қабылдаған өзге де актілерде айқындалады.

Байқау кеңесінде дауыс беру кезінде кеңестің әрбір мүшесінің бір дауысы болады.

9. Мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің атқарушы органының және байқау кеңесінің мүшелері (лауазымды адамдары) өздерінің әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) жауапкершілігі шектеулі серіктестікке келтірілген залал үшін жауапкершілігі шектеулі серіктестік алдында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

182-2-бап. Мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің бақылау кеңесінің өкілеттіктері

Мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің даму жоспарын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есепті бекітеді, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекітеді;

3) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің таза кірісін бөлу туралы алдын ала шешім қабылдайды;

4) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады;

5) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің атқарушы органына сыйақы мөлшерін және сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету жүйесін айқындайды;

6) байқау кеңесінің хатшысын сайлайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

7) жалғыз қатысушыға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

8) жауапкершілігі шектеулі серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындайды;

9) жалғыз қатысушыға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

10) жалғыз қатысушыға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

11) байқау кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

12) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ішкі аудит қызметінің (егер ол құрылған жағдайда) сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, оның басшысын және мүшелерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындайды;

13) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық құрылымын бекітеді;

14) жауапкершілігі шектеулі серіктестік туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындайды;

15) осы Заңда және (немесе) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысында көзделген, жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Байқау кеңесінің осы тармақта белгіленген өкілеттіктерін мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің атқарушы органына беруге жол берілмейді.

Мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесі мүшесінің талабы бойынша жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері байқау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруге міндетті.

182-3-бап. Мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ішкі аудит қызметі

1. Мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігіне мониторингті жүзеге асыру үшін жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушының шешімі бойынша ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері байқау кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

3. Ішкі аудит қызметі байқау кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

182-4-бап. Мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің аудиті

Мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын, байқау кеңесі бар жауапкершілігі шектеулі серіктестік жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізуге міндетті.";

31) 198-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте жұмылдыру тапсырмасын орындайтын орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саладағы жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын есепке алуды жүргізеді.";

32) 199-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі "қосымша мәліметтер" деген сөздерден кейін ", мемлекеттік мүліктің өтінімдік тізбесі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Мемлекеттік мүліктің өтінімдік тізбесін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган қалыптастырады және онда тиісті саланың уәкілетті органы (

жергілікті атқарушы орган), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 90-6-бабының 27) тармақшасына сәйкес монополияға қарсы орган бәсекелес ортаға беруге ұсынатын, акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар қамтылады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды тарату не жекешелендіру туралы шешім қабылданған жағдайларда мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органдардың тиісті хабарламалары негізінде оларды мемлекеттік мүліктің өтінімдік тізбесінен алып тастайды."

32. "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 11-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11-1) мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор – мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын, қызметінің негізгі нысанасы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара және Авиация қызметтерін, Шекара академиясын, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органды және оның авиациясын, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органды мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ авиациялық отынмен жабдықтау, оны сақтау және Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасына жеткізу бойынша қызметтер көрсету болып табылатын заңды тұлға;"

2) 3-баптың 2-тармағында:

3) тармақшада:

"Шекара қызметіне" деген сөздер "Шекара және Авиация қызметтеріне, Шекара академиясына" деген сөздермен ауыстырылсын;

", мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға мұнай өнімдерін өткізуі кезінде туындайтын қатынастарға қолданылмайды." деген сөздер "және оның авиациясына, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға мұнай өнімдерін өткізуі кезінде туындайтын;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордың авиациялық отынды Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасына өткізуі кезінде туындайтын қатынастарға қолданылмайды.";

3) 7-баптың 21-1) және 21-2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"21-1) мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордың мұнай өнімдерін беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

21-2) мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор жеткізетін мұнай өнімдерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;"

4) 9-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы "мемлекеттік бақылауды" деген сөздерден кейін "және қадағалауды" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 18-баптың 8-1-тармағындағы "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға" деген сөздер алып тасталсын.

33. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

15-баптың 1-тармағының 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"17) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган – табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және азаматтық қорғанысты ұйымдастыру бөлігінде азаматтық қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;"

34. "Газ және газбен жабдықтау туралы" 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 19-баптың 2 және 3-тармақтарындағы "Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес" деген сөздер алып тасталсын;

2) 30-баптың 1-тармағындағы "өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы" деген сөздер "азаматтық қорғау, газ және газбен жабдықтау туралы" деген сөздермен ауыстырылсын.

35. "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 23-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік меншіктегі мүлік Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қордың орналастырылатын акцияларын төлеуге беріледі.";

2) 24-1-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Аукцион қандай құнның ең жоғары болатынына байланысты баланстық не бағалау құны мөлшерінде сатушы айқындайтын бастапқы баға мөлшерінде бастапқы бағаны белгілей отырып, бағаны көтеру әдісімен өткізіледі.

Бағаны төмендетуге арналған әдіс қолданылатын аукционда сатуға жол берілмейді.

Бір ғана қатысушы қатысқан аукциондар, егер қатысушы осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес айқындалған алғашқы бағадан кем емес құнды ұсынса, өткізілді деп танылады.

Әрбір кейінгі сауда-саттық жиырма жұмыс күні мерзімінде жүзеге асырылады.";

5, 6 және 8-тармақтар алып тасталсын.

36. "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 9-1) тармақшасы "құқық қорғау органдарында," деген сөздерден кейін " азаматтық қорғау органдарында," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 7-бапта:

2-тармақтың 9) тармақшасының бірінші бөлігі "құқық қорғау органдарынан" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ "арнаулы мемлекеттік органдардағы" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 27-баптың 9-тармағының екінші бөлігі "құқық қорғау органдарында" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарында" деген сөздермен толықтырылсын.

37. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

29) тармақша "құқық қорғау органдарындағы" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

34) тармақша "іске асыратын әскери" деген сөздерден кейін ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 2-баптың 1-тармағы "құқық қорғау органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 5-баптың 1-тармағында:

үшінші бөліктің төртінші абзацы "іске асыратын әскери", "– әскери", "туралы әскери" деген сөздерден кейін тиісінше ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

төртінші бөлік "құқық қорғау органдарына" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарына қызметке" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 6-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 4) тармақшасы "бойынша әскери" деген сөздерден кейін ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

5) 15-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы "органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 18-бапта:

1-тармақтың төртінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "2) әскери" деген сөздерден кейін ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

3-тармақтағы "арнайы мемлекеттік органдар" деген сөздер "арнаулы мемлекеттік органдар, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 20-баптың бесінші бөлігі "арнаулы мемлекеттік органдардың" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 21-бапта:

4-тармақтың бірінші бөлігі "құқық қорғау органдарына" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

4-1-тармақ "іске асыратын әскери" деген сөздерден кейін ", арнаулы" деген сөздермен толықтырылсын;

4-2-тармақтың екінші бөлігі "Қарулы Күштердің" деген сөздерден кейін ", басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 24-баптың 2-тармағы:

төртінші бөлік "арнаулы мемлекеттік органдарда" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарында" деген сөздермен толықтырылып, "мемлекеттік арнайы органдардағы" деген сөздер "арнаулы мемлекеттік органдардағы, азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөлік "құқық қорғау қызметі", "құқық қорғау органының" деген сөздерден кейін тиісінше ", азаматтық қорғау органдарындағы қызмет", "және азаматтық қорғау органының" деген сөздермен толықтырылсын;

жетінші бөлік "арнаулы мемлекеттік органдарынан," деген сөздерден кейін " азаматтық қорғау органдарынан," деген сөздермен толықтырылсын;

10) 26-бапта:

1-тармақтың б) тармақшасы "мемлекеттік органдарына" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарына қызметке" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақтың екінші бөлігі "қызметтен не" деген сөздерден кейін "азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақтың он екінші бөлігі "арнаулы мемлекеттік органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 35-баптың 5-тармағының б) тармақшасы "құқық қорғау органдарының" деген сөздерден кейін "және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 38-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі 11) тармақшасының бірінші бөлігіндегі "құқық қорғау органдарынан" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен" деген сөздермен толықтырылсын;

13) 39-бапта:

тақырып "Азаматтардың әскери", "Әскери" деген сөздерден кейін тиісінше ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

1-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы "әскери" деген сөзден кейін ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

екінші бөлік "Азаматтардың әскери" деген сөздерден кейін ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

3-тармақ "адамның әскери" деген сөздерден кейін ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

4-тармақ "адам әскери" деген сөздерден кейін ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

5-тармақтың бірінші бөлігі "іске асыратын әскери" деген сөздерден кейін ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

14) 39-1-бапта:

2-тармақ "арнаулы мемлекеттік органдардың" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ "арнаулы мемлекеттік органдардың" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 40-баптың 1-тармағында:

5) тармақша "үшін – әскери" деген сөздерден кейін ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

6) тармақша "және әскери" деген сөздерден кейін ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

16) 40-2-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі 9) тармақшасының бірінші бөлігі "құқық қорғау органдарынан" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 41-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы "құқық қорғау қызметінен" деген сөздерден кейін "немесе азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен" деген сөздермен толықтырылсын;

18) 44-бапта:

1-тармақтың екінші және үшінші бөліктеріндегі "әскери оқу" деген сөздер "әскери, арнаулы оқу" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы "әскери" деген сөзден кейін ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

19) 46-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі "ал әскери" деген сөздерден кейін ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

20) 48-бапта:

тақырып "қызметшілерді, әскери" деген сөздерден кейін ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

бірінші бөлік "қызметшілер, әскери" деген сөздерден кейін ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

үшінші бөлік "кері қайтқанда әскери" деген сөздерден кейін ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

бесінші бөлік "және әскери" деген сөздерден кейін ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

21) 48-1-бап "сондай-ақ әскери" деген сөздерден кейін ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын;

22) 52-баптың 2-тармағының үшінші абзацы "іске асыратын әскери" деген сөздерден кейін ", арнаулы" деген сөзбен толықтырылсын.

38. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

68-1-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор карточкалық жүйе бойынша мұнай өнімдерін сатып алудан бас тартқан кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі оларды тиісті жылға арналған бюджет қаражаты есебінен бәсекелестік негізде дербес сатып алуға құқылы."

39. "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша:

"мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті", "мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің", "мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерді", "Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет" деген сөздер тиісінше "кәсіби өртке қарсы қызметті", "кәсіби өртке қарсы қызметтердің", "кәсіби өртке қарсы қызметтерді", "Кәсіби өртке қарсы қызмет" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өзге де жұмыскерлері", "өзге де жұмыскерлерінің", "өзге де жұмыскерлер" деген сөздер тиісінше "жұмыскерлері", "жұмыскерлерінің", "жұмыскерлер" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) кіріспе "қызметін" деген сөзден кейін ", сондай-ақ азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің мәртебесі мен әлеуметтік қорғалуын" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 1-бапта:

8) тармақшадағы ", сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде" деген сөздер алып тасталсын;

10) тармақшадағы "өрт қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті" деген сөздер "өрт қауіпсіздігін, өнеркәсіптік және сейсмикалық қауіпсіздікті" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) тармақшадағы "халыққа және мемлекеттік органдарға адамдардың өмірі мен денсаулығына төнген қатер туралы, қалыптасқан жағдайда әрекет ету тәртібі туралы хабар беруді" деген сөздер "адамдардың өмірі мен денсаулығына төнген қатер туралы, қалыптасқан жағдайда әрекет ету тәртібі туралы ақпаратты халыққа және басқару органдарына жеткізуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) тармақшада:

"мемлекеттік және мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет" деген сөздер "мемлекеттік, кәсіби, салалық өртке қарсы қызметтердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"авиациясы" деген сөзден кейін "және теңіз ұйымы" деген сөздермен толықтырылсын;

17) тармақшадағы "ведомствосы, аумақтық бөлімшелері және оның ведомствосына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер" деген сөздер "аумақтық органдары, ведомствосы және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері мен кәсіпорындары" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

"17-1) азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері – азаматтық қорғау органдарында қызметте тұрған, арнаулы атақ берілген Қазақстан Республикасының азаматтары;"

19) тармақшадағы ", мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды" деген сөздер алып тасталсын;

19-1) тармақша алып тасталсын;

24) тармақшадағы ", өрттердің алдын алу және (немесе) оларды сөндіру жөніндегі қызметке ерікті негізде тікелей қатысатын" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 28-1) тармақшамен толықтырылсын:

"28-1) кәсіби өртке қарсы қызмет – ұйымдардағы, елді мекендердегі және объектілердегі өрттердің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт сөндіруге байланысты авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттаудан өткен заңды тұлғалар;"

32-1) тармақшада:

екінші абзацта:

"мемлекеттік бақылау мен қадағалауды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган жүзеге асыратын," деген сөздер алып тасталсын;

"0,07 мегаПаскальдан асатын қысыммен немесе 115 Цельсий градустан асатын судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін техникалық құрылғылар, жүк көтергіш механизмдер," деген сөздер "0,07 мегаПаскальдан асатын қысыммен және (немесе) 115 Цельсий градустан асатын судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін бу және су жылыту қазандықтары (жылу желілерін қоспағанда), 0,07 мегаПаскальдан асатын қысыммен жұмыс істейтін түтіктер, жүк көтергіш крандар, көтергіштер (мұнаралар)," деген сөздермен ауыстырылсын;

"мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектігі бар адамдарға)" деген сөздер "мүгедектігі бар адамдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацта:

"мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын," деген сөздер алып тасталсын;

"жүк көтергіш механизмдер," деген сөздер "жүк көтергіш крандар, көтергіштер (мұнаралар)," деген сөздермен ауыстырылсын;

"мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектігі бар адамдарға) деген сөздер " мүгедектігі бар адамдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) тармақша "белгілі бір номенклатура мен сақтау" деген сөздер "мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының белгілі бір номенклатурасы мен оларды сақтау" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) тармақша "пункттеріне" деген сөзден кейін ", мемлекеттік материалдық резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымына немесе жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдарға" деген сөздермен толықтырылсын;

38) тармақша алып тасталсын;

39-1) тармақшадағы "атқарушылық және бақылау функцияларын, сондай-ақ мемлекеттік материалдық резервтің жүйесіне басшылықты" деген сөздер "мемлекеттік резерв саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді" деген сөздермен ауыстырылсын;

40), 41) және 42) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"40) мемлекеттік өртке қарсы қызмет – өрттердің алдын алуды және оларды сөндіруді ұйымдастыруға, авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге, өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға және өрттерге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтау жүргізуге арналған облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы, аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы азаматтық қорғаудың басқару органдарының, күштері мен құралдарының жиынтығы;

41) мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымы – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын қалыптастыру мен сақтауды шарт негізінде жүзеге асыратын заңды тұлға;

42) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының орнын ауыстыру – материалдық құндылықтарды тиеу мен түсіруді қоса алғанда, материалдық құндылықтарды мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтайтын бір пункттен немесе мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымынан немесе жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдардан екінші мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтайтын пунктке немесе мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымына немесе жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдарға тасымалдау;"

43) және 44) тармақшалардағы "номенклатурасы мен сақтау" деген сөздер " мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен оларды сақтау" деген сөздермен ауыстырылсын;

52-1) тармақша "объектілерде" деген сөзден кейін "профилактикалық жұмыстарды тұрақты түрде жүргізу арқылы" деген сөздермен толықтырылсын;

52-2) тармақша алып тасталсын;

52-3) тармақшадағы ", мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды" деген сөздер алып тасталсын;

52-4) тармақша алып тасталсын;

56) тармақшадағы "мемлекеттік өртке қарсы қызметтің, мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің" деген сөздер "мемлекеттік, кәсіби, салалық өртке қарсы қызметтердің, өрт сөндіру пункттерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 60-1) тармақшамен толықтырылсын:

"60-1) өрт сөндіру пункті – жергілікті атқарушы органдардың және өртке қарсы ерікті құралымдардың жұмыскерлерін, ерікті өрт сөндірушілерін, өрт және арнайы техникасын, өрт-техникалық жарақтарын орналастыруға арналған аумақ, ғимарат, үй-жай және құрылыс;"

61-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"61-1) салалық өртке қарсы қызмет – өрттердің алдын алуға және сөндіруге арналған, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, әуе, ішкі су және теміржол көлігі бөлімшелерінің немесе құралымдарының, мемлекеттік орман қорының объектілеріндегі штаттық немесе штаттан тыс өрт сөндіру командалары;"

мынадай мазмұндағы 61-2), 61-3), 61-4), және 61-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"61-2) сараптама ұйымы – өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит жөніндегі қызметті жүзеге асыруға белгіленген тәртіппен аккредиттелген ұйым;

61-3) сейсмикалық аймақтарға бөлу (аудандастыру) – Қазақстан Республикасының аумақтарын сейсмикалық қауіптілік деңгейі бойынша сыныптау;

61-4) сейсмикалық қауіпсіздік – адамдардың өмірі мен денсаулығының, ғимараттардың, құрылысжайлардың және инфрақұрылым объектілерінің жер сілкінісінен қорғалу жай-күйі;

61-5) сейсмологиялық мониторинг – Қазақстан Республикасының аумағында сейсмикалық белсенділіктің өзгеруін байқау, сондай-ақ сейсмологиялық станциялардан алынатын ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және деректерді талдау;"

62) тармақша "геологиялық," деген сөзден кейін "гидрологиялық," деген сөзбен толықтырылсын;

64) және 76) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"64) техникалық құрылғылар – қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологиялық жабдықтар, машиналар, агрегаттар, техникалық жүйелер (кешендер);" ;

"76) уәкілетті органның авиациясы – уәкілетті органның қарамағындағы, азаматтық қорғаудың негізгі міндеттерін шешу үшін әуе кемелерін пайдаланатын ұйым;" ;

мынадай мазмұндағы 77-1) тармақшамен толықтырылсын:

"77-1) уәкілетті органның теңіз ұйымы – қызметін осы Заңға сәйкес жүзеге асыратын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;"

4) 2-баптың 2-тармағы "оқ-дәрілерді пайдалану және кәдеге жарату" деген сөздерден кейін ", азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 3-баптың 1-тармағында:

4) тармақша "жергілікті атқарушы органдардың," деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың," деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) өнеркәсіптік қауіпсіздікті, өрт қауіпсіздігін және сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;"

6) 4-бапта:

1-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Салалық кіші жүйелер:

өз құзыреті шегінде азаматтық қорғау іс-шараларын орындау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін орталық атқарушы органдарда;

өз құзыреті шегінде азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарда құрылады.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің үш деңгейі бар: республикалық, аумақтық және объектілік.

Республикалық деңгейде:

Жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою жөніндегі республикалық жедел штаб (бұдан әрі – Республикалық жедел штаб);

азаматтық қорғаудың басқару органдары;

басқару пункттері, жедел-кезекші қызметтер;

консультативтік-кеңесші органдар – төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссиялар;

азаматтық қорғау күштері мен құралдары;

байланыс, құлақтандыру және ақпараттық қамтамасыз ету жүйелері қамтылады.

Аумақтық деңгейде:

азаматтық қорғауды басқару органдары;

басқару пункттері, жедел-кезекші қызметтер;

консультативтік-кеңесші органдар – төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссиялар;

азаматтық қорғау күштері мен құралдары;

байланыс, құлақтандыру және ақпараттық қамтамасыз ету жүйелері қамтылады.

Объектілік деңгейде:

азаматтық қорғаудың басқару органдары;

құлақтандыру жүйелері қамтылады.";

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) салалық кіші жүйелерде – орталық атқарушы органдардың және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары жүзеге асырады.";

4-тармақта:

1) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"салалық кіші жүйелерде орталық атқарушы органдар және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар;"

2) тармақшада:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"уәкілетті органның аумақтық органдары;"

төртінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының" деген сөздер "орталық атқарушы органдардың және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың екінші бөлігі 3) тармақшасының екінші бөлігінде:

төртінші абзацтағы "орталық" деген сөз "Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, орталық" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші абзацтағы "орталық" деген сөз "Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 5-бапта:

1-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) объектілік деңгейде – мыналардың:

адамдар жаппай болатын объектінің;

қауіпті өндірістік объектінің;

гидротехникалық құрылысжайдың төтенше жағдай таралатын есепті аймаққа жататын аумақ пен халықты қамти отырып жергілікті құлақтандыру жүйесі ұйымдастырылады.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Гидротехникалық құрылысжайларда жергілікті құлақтандыру жүйесі халыққа қатер төндіретін гидротехникалық құрылысжайлардың тізбесіне сәйкес ұйымдастырылады, оны уәкілетті органмен келісу бойынша су қорын сақтау және пайдалану саласындағы уәкілетті орган айқындайды.";

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) уәкілетті органның аумақтық органдарына құлақтандыру сигналдарын және ақпаратты жеткізуді қамтамасыз етеді;"

3-тармақтың екінші бөлігіндегі "орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі" деген сөздер "органның аумақтық органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

бірінші бөліктің 2) тармақшасы "өндірістік объектіні" деген сөздерден кейін "және гидротехникалық құрылысжайды" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік "өндірістік объектіні" деген сөздерден кейін "және гидротехникалық құрылысжайды" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді, орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді;

екінші абзацтағы "төтенше жағдайлар кезінде", "төтенше жағдайлар" деген сөздер "төтенше жағдайлар қатері төнген және олар туындаған кезде", "төтенше жағдайлар қатері төнген және олар туындаған кезде," деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайлар кезінде", "орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің" деген сөздер тиісінше "жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайлар қатері төнген және олар туындаған кезде", "органның аумақтық органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"объектілік деңгейде – төтенше жағдайлар қатері төнген және олар туындаған кезде адамдар жаппай болатын объектіні, қауіпті өндірістік объектіні және гидротехникалық құрылысжайды пайдаланатын ұйымның басшысы (ол уәкілеттік берген адам) береді.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Халықты дереу құлақтандыруды талап ететін төтенше жағдайлар қатері төнген және олар туындаған кезде уәкілетті органның және оның аумақтық органдарының жедел-кезекші қызметі лауазымды адамдарының уәкілетті лауазымды адамдардан өкім алмай құлақтандыру жүйесін іске қосуына жол беріледі.";

7-тармақтың екінші бөлігі "қауіпті өндірістік объектіні" деген сөздерден кейін "және гидротехникалық құрылысжайды" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 6-бапта:

1-тармақтағы "орган ведомствосының облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы, аудандағы, облыстық маңызы бар қаладағы аумақтық бөлімшелерінде" деген сөздер "органның облыстағы, республикалық маңызы бар

қаладағы, астанадағы, аудандағы, облыстық маңызы бар қаладағы аумақтық органдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "аумақтық бөлімшелері, жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "аумақтық органдары, ведомстволардың аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 7-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "бірыңғай" деген сөз алып тасталсын;

3-тармақ "өз өкілеттіктерін" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен," деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтың 4) тармақшасы:

"оларды жою," деген сөздерден кейін "азаматтық қорғаныс," деген сөздермен толықтырылсын;

"бойынша" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың," деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақта:

1) тармақша "орталық" деген сөз "Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

"азаматтық қорғау саласындағы" деген сөздер "азаматтық қорғау, оның ішінде азаматтық қорғаныс жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бойынша" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың," деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "орталық" деген сөз "Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардан, орталық" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшада:

"орталық" деген сөз "Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"азаматтық қорғау" деген сөздерден кейін ", оның ішінде азаматтық қорғаныс" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың екінші бөлігіндегі "орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздер "органның аумақтық органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 8-баптың 4-тармағы "атқарушы органдарда," деген сөздерден кейін "арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей

бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарда," деген сөздермен толықтырылсын;

11) 9-баптың 2-тармағы "атқарушы органдарда," деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарда," деген сөздермен толықтырылсын;

12) 10-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уәкілетті органның білім беру ұйымдары ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау мақсатында, сондай-ақ азаматтық қорғау саласындағы мамандарға қосымша білім беруді ұйымдастыру мақсатында құрылады.";

2-тармақтың 3) тармақшасындағы "енгізу болып табылады." деген сөздер "енгізу;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) азаматтық қорғау органдарына қызметке кіретін адамдарды бастапқы кәсіби даярлауды ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады.";

13) 11-бапта:

23) тармақша "мемлекеттік" деген сөзден кейін "материалдық" деген сөзбен толықтырылсын;

32) тармақша "пункттеріне" деген сөзден кейін ", мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымына және жұмылдыру тапсырмалары белгіленген ұйымдарға" деген сөздермен толықтырылсын;

42) тармақшадағы "мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын" деген сөздер "мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 70), 71) және 72) тармақшалармен толықтырылсын:

"70) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің немесе Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы негізінде, бес және одан көп адам қаза тапқан қауіпті өндірістік объектідегі еңбек қызметіне және аварияға байланысты емес жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі үкіметтік комиссияны құрады;

71) бес және одан көп адам қаза тапқан қауіпті өндірістік объектідегі еңбек қызметіне және аварияға байланысты емес жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі үкіметтік комиссия құру қағидаларын бекітеді;

72) Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде өзіне жүктелген өзге де функцияларды орындайды.";

14) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Уәкілетті орган

1. Уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

- 1) өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады;
- 2) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілеттілігінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;
- 3) азаматтық қорғау іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу кезінде азаматтық қорғау күштеріне басшылық етеді;
- 4) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті азаматтық қорғанысты дайындау және жүргізу мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;
- 5) уәкілетті органның жедел резерві материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен көлемін әзірлейді және бекітеді;
- 6) уәкілетті органның жедел резервінің материалдық құндылықтарымен операция жүргізу, олардың орнын ауыстыру, пайдалану, толықтыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 7) уәкілетті органның аумақтық органдарының, азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерінің жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз етеді;
- 8) өз құзыреті шегінде азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерін қызметке қабылдауды, қызмет бойынша ауыстыруды, қызметтен шығаруды, әскери және арнаулы атақтар беру мәселелерін шешуді жүзеге асырады;
- 9) ведомстволық наградалармен наградтайды және Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекеттік наградалармен наградтауға ұсыным енгізеді;
- 10) төтенше жағдайдың туындау қатері туралы болжам болған кезде халыққа, азаматтық қорғауды басқару органдарына алдын ала және (немесе) төтенше жағдай туындаған кезде жедел хабарлауды және құлақтандыруды қамтамасыз етеді;
- 11) адамдарды құтқару үшін аса қажет болған жағдайда төтенше жағдайлар аймағындағы ұйымдардың байланыс, көлік құралдарын, мүлік пен өзге де материалдық құралдарды пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 12) авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстар жүргізуді жүзеге асырады;
- 13) азаматтық қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 14) мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындаған мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордан мұнай өнімдерін сатып алады;

15) өз өкілеттіктері шегінде өрттерге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтау жүргізуді жүзеге асырады;

16) өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

17) бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға алып келетін талаптардың тізбесін айқындайды, сондай-ақ нақты бұзушылықтарға қатысты талаптарды, жедел ден қою шарасының нақты түрін осы шараның қолданылу мерзімін көрсете отырып (қажет болған кезде) айқындайды.

Бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға алып келетін талаптардың тізбесіне Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 143-бабына сәйкес мемлекеттік бақылау нысанасы болып табылатын талаптар енгізіледі;

18) азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

19) азаматтық қорғау саласында ғылыми зерттеулерді, білімді насихаттауды, халықты және мамандарды оқытуды ұйымдастырады;

20) елді мекендердегі және объектілердегі өрт сөндіру бөлімшелерінің өртке қарсы күреске әзірлігіне бақылауды жүзеге асырады;

21) азаматтық қорғаныс жоспарларының және төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарларының құрылымын айқындайды;

22) облыстардың, қалалардың, аудандардың азаматтық қорғаныс жоспарларын әзірлейді;

23) жаһандық және өңірлік ауқымдардағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарларын әзірлейді және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынады;

24) азаматтық қорғаудың басқару органдары мен күштерін дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және бекітеді;

25) азаматтық қорғау құралдарына қажеттілікті айқындау жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

26) азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, есепке алу, есептен шығару және кәдеге жарату қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

27) азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысжайларын есепке қою және есептен шығару қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

28) кәсіби өртке қарсы қызметтердің мамандарын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандандырылған оқу орталықтарына қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

29) кәсіби өртке қарсы қызметтердің мамандарын арнайы даярлау бойынша оқыту курстарының бағдарламасын, сондай-ақ оларды бітіргені туралы куәліктің үлгісін әзірлейді және бекітеді;

30) кәсіби өртке қарсы қызмет міндетті түрде құрылатын ұйымдар мен объектілердің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

31) азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының мазмұны мен көлемі жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

32) ерікті өрт сөндірушілерді бастапқы даярлаудың оқу бағдарламасын әзірлейді және бекітеді;

33) төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстар туындаған кезде немесе осы қақтығыстар салдарынан қорғану тәсілдері мен іс-қимылдарға азаматтық қорғаудың басқару органдары мен күштерінің басшыларын, мамандарын даярлаудың, халықты оқытудың оқу бағдарламасын әзірлейді және бекітеді;

34) республикалық азаматтық қорғау қызметтері туралы ережені әзірлейді және бекітеді;

35) ұйымдардың жұмыскерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларын және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді;

36) төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу және оларды жою жөнінде шаралар қабылдау үшін броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару туралы шешім қабылдайды;

37) азаматтық қорғау күштерінің қызметін қамтамасыз етеді;

38) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік және жұмылдыру резервтерінің құрамындағы қолда бар материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа да ресурстар запастарын пайдалану туралы, төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу және жою үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінетін қаражатты пайдалану туралы ұсыныстар енгізеді;

39) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою және олардың салдарын бағалау үшін Жерді қашықтықтан зондтау деректерін пайдаланады;

40) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен теңізге және Қазақстан Республикасының сақтандыру аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін сезімталдық индекстері бар экологиялық сезімталдық картасын әзірлеуге және келісуге қатысады;

41) төтенше жағдайларды жою кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдардың материалдық-техникалық ресурстарын жұмылдырады;

42) ұйымдардағы, елді мекендердегі және объектілердегі өрттердің алдын алу және оларды сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өртті сөндіруге байланысты авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша жұмыстарды жүргізу құқығына кәсіби өртке қарсы қызметтерді аттестаттауды жүргізеді;

- 43) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есепке алуды жүргізеді;
- 44) елді мекендер мен аса маңызды мемлекеттік меншік объектілерінің аумақтарын өрттен қорғауды қамтамасыз етеді;
- 45) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс бастығы мен орталық атқарушы органдар үшін қосалқы (қала сыртындағы) және жылжымалы басқару пункттерін құруды қамтамасыз етеді;
- 46) төтенше жағдайлар аймағындағы халықтың ең төмен тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету нормаларын әзірлейді және бекітеді;
- 47) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасы негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөледі;
- 48) азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру және оның қызметі қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 49) азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесін ұйымдастыру қағидаларын және бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлар кезінде халықты, басқару органдарын құлақтандыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 50) азаматтық қорғаныс мүлкін сатып алу және пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 51) су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 52) кәсіби өртке қарсы қызметтердің қызметін жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 53) азаматтық қорғау құралымдарын құру, күтіп-ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, дайындау және оларды тарту қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 54) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 55) азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 56) азаматтық қорғауды бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына көшіру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 57) бейбіт уақытта азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 58) еңбек сіңірген жылдарына пайыздық үстемеақылар төлеу үшін кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының өтілін есептеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 59) авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының сыныптылығына үстемеақылар төлеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

- 60) халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихаттау, оқыту қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 61) төтенше жағдайлардың туындауына алып келген аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексеру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 62) кәсіби өртке қарсы қызметтерге қойылатын рұқсат беру талаптарын әзірлейді және бекітеді;
- 63) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрт сөндіру пункттерін құру, оларды материалдық-техникалық жарақтандыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 64) дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендердегі өрттерді сөндіру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 65) азаматтық қорғау органдары қызметкерлері санының нормативтерін әзірлейді және бекітеді;
- 66) сараптама ұйымдарын аккредиттеуді жүргізеді;
- 67) сараптама ұйымдарына қойылатын рұқсат беру талаптарын әзірлейді және бекітеді;
- 68) сараптама ұйымдарын аккредиттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 69) өрт қауіпсіздігі саласында аудит жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 70) сараптама ұйымдарының мемлекеттік тізілімін жүргізеді;
- 71) зерттеу сынау өртке қарсы зертханаларының қызметін жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 72) өрт сөндіруді ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 73) Өртке қарсы қызметтің жарғысын әзірлейді және бекітеді;
- 74) уәкілетті органның жедел резервін күтіп-ұстауды қамтамасыз етеді;
- 75) ұйымдарда, елді мекендерде және объектілерде өрттердің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттерді сөндіруге байланысты авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына кәсіби өртке қарсы қызметтерді аттестаттау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 76) өрт қауіпсіздігі қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 77) медициналық мекемелер мен оңалту орталықтарының базасында азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін, әскери қызметшілерін және жұмыскерлерін медициналық және психологиялық оңалту қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 78) өрт қауіпсіздігі саласындағы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру туралы актінің нысанын әзірлейді және бекітеді;
- 79) өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде бұзушылықтардың жасалу фактілерін және азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің әрекеттерін тіркеп-белгілеу үшін техникалық құралдарды пайдаланады;

- 80) бейбіт уақытта эвакуациялық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 81) уәкілетті органның жедел резервінің материалдық құндылықтарын бөледі және пайдаланады;
- 82) уәкілетті органның теңіз ұйымының қызметін үйлестіреді;
- 83) мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор карточкалық жүйе бойынша мұнай өнімдерін сатып алудан бас тартқан кезде мұнай өнімдерін тиісті жылға арналған бюджет қаражаты есебінен бәсекелестік негізде дербес сатып алады;
- 84) Қазақстан Республикасы қорғаныс жоспарының құрамдас бөлігі болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс жоспарын әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ұсынады;
- 85) азаматтық қорғау органдарында кинологиялық қызметті дамытуды қамтамасыз етеді;
- 86) азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде бұзушылықтардың жасалу фактілерін және азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың әрекеттерін тіркеп-белгілеу үшін техникалық құралдарды пайдаланады;
- 87) өрт қауіпсіздігі саласында сақтандырылуға жататын, алаңы екі мың шаршы метрден асатын, адамдар жаппай болатын объектілердің тізбесін, сондай-ақ қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіргені үшін адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандырудың үлгілік шартын әзірлейді және бекітеді;
- 88) өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 89) өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға қойылатын рұқсат беру талаптарын әзірлейді және бекітеді;
- 90) объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 91) белгіленген нормалары мен қағидалары жоқ объектілерді өртке қарсы қорғау ерекшелігін көрсететін арнаулы техникалық шарттарды келісу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 92) азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдардың, азаматтық қорғау қызметтерінің азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуы туралы есептерді ұсыну мерзімдерін айқындайды;

93) азаматтық қорғау органдарының қызметкерлеріне ақшалай үлесті, жәрдемақыларды және өзге де төлемдерді төлеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94) азаматтық қорғау органдарында бірыңғай мемлекеттік кадр саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

95) азаматтық қорғау органдары үшін кадрлар даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастырады;

96) азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің сыныптық біліктілігін айқындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

97) бейбіт және соғыс уақытында мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды және үздіксіз шифрланған байланысты қамтамасыз етеді;

98) соғыс уақытында эвакуациялық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

99) төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

100) төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі талаптарды әзірлейді және бекітеді;

101) сейсмологиялық мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

102) осы Заңның міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

103) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органның жалауы мен рәмізі болады. Оның аумақтық органдары мен білім беру ұйымдарының жалаулары болады, азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерінің жауынгерлік жалаулары, шұғыл медициналық және психологиялық көмек қызметінің рәмізі болады.

Уәкілетті органның жалауы мен рәмізінің, уәкілетті органның аумақтық органдары, білім беру ұйымдары жалауларының, азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерінің жауынгерлік жалауларының және уәкілетті органның шұғыл медициналық және психологиялық көмек қызметі рәмізінің сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.";

15) 12-1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеу және іске асыру функцияларын жүзеге асырады;"

мынадай мазмұндағы 1-1) және 8-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық

саясатының, оның қорғаныс қабілеттілігінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік материалдық резерв саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;"

"8-1) мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор карточкалық жүйе бойынша мұнай өнімдерін сатып алудан бас тартқан кезде мұнай өнімдерін тиісті жылға арналған бюджет қаражаты есебінен бәсекелестік негізде дербес сатып алады;"

9) тармақша "сақтау пункттерінде" деген сөздерден кейін ", мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымында және жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдарда" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақша алып тасталсын;

12) тармақшадағы "мемлекеттік резерв жүйесінің материалдық құндылықтарын" деген сөздер "мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-1) тармақшадағы "мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын" деген сөздер "мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-2) тармақшада:

"жою және" деген сөздер "жою немесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын" деген сөздер "мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 17-3), 17-4), 17-5) және 17-6) тармақшалармен толықтырылсын:

"17-3) мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен номенклатура өзгерген кезде броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару туралы шешімнің жобасын әзірлейді және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізеді;

17-4) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды және жаңартуды ұйымдастырады;

17-5) мемлекеттік резервтің жаңартылуға жататын материалдық құндылықтарын және номенклатура өзгерген кезде броньнан шығарылған материалдық құндылықтарды алушы мемлекеттік органдармен келісу бойынша мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның шешімімен басқа мемлекеттік органдардың, мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымының балансына өтеусіз негізде беруді жүзеге асырады;

17-6) осы Заңның міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік резерв саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;"

16) 12-2-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады;

1-2) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілеттілігінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;"

2) тармақша алып тасталсын;

2-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1) бұзылуы жедел ықпал ету шараларын қолдануға алып келетін өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының тізбесін әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ талаптарды нақты бұзушылықтарға қатысты жедел ықпал ету шарасының нақты түрін осы шараның қолданылу мерзімін (қажет болған кезде) көрсете отырып айқындайды;"

9) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9-1), 9-2) және 9-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-1) қауіпті өндірістік объектілерді жаңарту мен техникалық қайта жарақтандырудың жиынтық жоспарын келіседі;

9-2) өндірістік бақылау қызметтерінің лауазымды адамдары санының нормативтерін әзірлейді және бекітеді;

9-3) осы Заңның міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;"

17) мынадай мазмұндағы 12-3-баппен толықтырылсын:

"12-3-бап. Азаматтық қорғау органдарының міндеттері

1. Азаматтық қорғау органдары мынадай негізгі міндеттерді жүзеге асырады:

1) төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою;

2) азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу;

3) өрт қауіпсіздігін және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

4) мемлекеттік резервті қалыптастыру және дамыту;

5) азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін дамыту;

6) азаматтық қорғау саласындағы салааралық үйлестіру;

7) төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету;

8) азаматтық қорғау органдарын материалдық-техникалық жарақтандыру, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерін кәсіби қызметтік және физикалық даярлау және оларды ұдайы әзірлікте ұстап тұру.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында азаматтық қорғау органдарына өзге де міндеттер жүктеледі.";

18) 13-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) нормативтерді, нормативтік техникалық құжаттар мен қағидаларды әзірлейді, бекітеді және (немесе) келіседі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік салалық есепке алуды жүргізеді және осы деректерді уәкілетті органға ұсынады;"

6, 7) және 8) тармақшалар алып тасталсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне гуманитарлық көмек көрсету үшін мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын броньнан шығару туралы ұсыныстар енгізеді;"

мынадай мазмұндағы 9-1), 11-1), 11-2), 11-3), 11-4), 11-5) және 11-6) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-1) мемлекеттік материалдық резерв және жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша қарыз алу тәртібімен жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығару туралы шешім қабылдайды;"

"11-1) мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен оларды сақтау көлемдері бойынша және номенклатура өзгерген кезде мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын броньнан шығару туралы ұсыныстар енгізеді;

11-2) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен сақтау көлемдеріне сәйкес жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын беруге тапсырыстарды орналастырады;

11-3) жаңарту тәртібімен жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығару туралы шешім қабылдайды;

11-4) алушы мемлекеттік органдармен және мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның шешімімен жаңартылуға жататын жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын және номенклатура өзгерген кезде броньнан шығарылған материалдық құндылықтарды басқа мемлекеттік органдардың балансына өтеусіз негізде беруді жүзеге асырады;

11-5) мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын ауыстыру туралы шешім қабылдайды;

11-6) жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын сақтауды және жаңартуды ұйымдастырады;"

14) тармақша "тұруын" деген сөзден кейін "ішкі" деген сөзбен толықтырылсын;

15) және 16) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"15) уәкілетті органмен келісу бойынша жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

16) қосалқы (қалалық) және көмекші басқару пункттерін құруды қамтамасыз етеді;"

;

мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

"16-1) төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі талаптарды орындайды;"

19) мынадай мазмұндағы 13-1-баппен толықтырылсын:

"13-1-бап. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың азаматтық қорғау саласындағы құзыреті

Өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар:

1) мемлекеттік органның азаматтық қорғаныс жоспарын әзірлейді және бекітеді;

2) азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулерді (қажет болған кезде), сондай-ақ білімді насихаттауды және мамандарды оқытуды ұйымдастырады;

3) мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен оларды сақтау көлемдері бойынша және номенклатура өзгерген кезде мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын броньнан шығару туралы ұсыныстар енгізеді;

4) мемлекеттік материалдық резерв және жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша қарыз алу тәртібімен жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығару туралы шешім қабылдайды;

5) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен оларды сақтау көлемдеріне сәйкес жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын беруге тапсырыстарды орналастырады;

6) жаңарту тәртібімен жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығару туралы шешім қабылдайды;

7) алушы мемлекеттік органдармен және мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның шешімімен жаңартылуға жататын жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын және номенклатура өзгерген кезде броньнан шығарылған материалдық құндылықтарды басқа мемлекеттік органдардың балансына өтеусіз негізде беруді жүзеге асырады;

8) мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын ауыстыру туралы шешім қабылдайды;

9) жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын сақтауды және жаңартуды ұйымдастырады;

10) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын қалыптастыру және сақтау бойынша шығыстардың көлемі мен құрылымы бойынша ұсыныстар енгізеді;

11) азаматтық қорғаудың салалық кіші жүйелеріне басшылықты жүзеге асырады;

12) ведомстволық бағынысты ұйымдарда азаматтық қорғаныс мүлкінің запастарын құрады және олардың сақталуына, жаңартылуына және оларды қолдануға әзірлікте ұстап тұруға ішкі бақылауды жүзеге асырады;

13) қосалқы (қалалық, қала сыртындағы), көмекші және жылжымалы басқару пункттерін құруды қамтамасыз етеді;

14) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

20) 14-баптың 1) тармақшасындағы "орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерін" деген сөздер "органның аумақтық органдарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 15-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жергілікті атқарушы органдар тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайлардың және олардың салдарының алдын алу, жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.";

3-тармақта:

2) тармақшадағы "өрт сөндіру бекеттерін ұйымдастыру, оларды материалдық-техникалық жарақтандыру" деген сөздер "өрт сөндіру пункттерін құру, оларды материалдық-техникалық жарақтандыруды ұйымдастыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша "құқықтары мен" деген сөздерден кейін "заңды" деген сөзбен толықтырылсын;

7) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-1), 10-2) және 10-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"10-1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте сейсмикалық қауіптілікті бағалауды және сейсмикалық аймақтарға бөлуді (аудандастыруды) жүргізуді ұйымдастыру;

10-2) сейсмологиялық станциялар желісін және ерте құлақтандырудың автоматтандырылған жүйесін кеңейту және жаңғырту;

10-3) сейсмикалық аймақтарға бөлудің (аудандастырудың) әртүрлі ауқымды карталарын және сейсмикалық қауіп-қатер карталарын бекіту;"

11) тармақшадағы "құлақтандыру мен хабар берудің" деген сөздер "құлақтандырудың" деген сөзбен ауыстырылсын;

20) тармақша алып тасталсын;

21) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"21) әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қауіпті техникалық құрылғылардың қауіпсіз пайдаланылуын өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау;"

мынадай мазмұндағы 22-1), 22-2), 22-3) және 22-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"22-1) дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендердегі өрттерді жою үшін тартылатын күштер мен құралдарды жанар-жағармай материалдарымен және тамақпен қамтамасыз ету;

22-2) төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі талаптарды орындау;

22-3) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің азаматтық қорғаныс жоспарын бекіту;

22-4) азаматтық қорғау саласында ғылыми зерттеулерді (қажет болған кезде), білімді насихаттауды ұйымдастыру, халықты және мамандарды оқыту;"

4-тармақта:

3) тармақшадағы "ведомствосының аумақтық бөлімшелері мен оның ведомствосына ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің ғимараттары мен құрылыстарын материалдық-техникалық жарактандыруға, салуға, реконструкциялауға және жөндеуге жәрдем көрсетуге құқылы." деген сөздер "аумақтық органдары мен ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің ғимараттары мен құрылыстарын материалдық-техникалық жарактандыруға, салуға, реконструкциялауға және жөндеуге жәрдем көрсетуге;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшаларымен толықтырылсын:

"4) уәкілетті органның аумақтық органдарына азаматтық қорғау саласында халықты оқыту және даярлау орталықтарын құруға және жарактандыруға жәрдем көрсетуге;

5) сейсмикалық аймақтарға бөлудің (аудандастырудың) әртүрлі ауқымды карталарын және сейсмикалық қауіп-қатер карталарын әзірлеу үшін жергілікті бюджеттен ақша бөлу туралы шешім қабылдауға құқылы.";

22) 16-бапта:

2-тармақта:

4) тармақша алып тасталсын;

11) тармақшадағы "асыруға міндетті." деген сөздер "асыруға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) азаматтық қорғау саласында оқу-жаттығулар мен жаттығулар өткізуге міндетті."

3-тармақта:

1) тармақша "жол берілген" деген сөздерден кейін ", қауіпті өндірістік объектілерде" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "ұйымдастыруға және" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) ұйымның бірінші басшысына тікелей бағынатын өндірістік бақылау қызметін құруға;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қауіпті техникалық құрылғыларға және техникалық құрылғыларға техникалық куәландыру жүргізуге;"

5) тармақша "мерзімі біткен" деген сөздерден кейін "қауіпті техникалық құрылғыларға және" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақшада:

"орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне" деген сөздер "органның аумақтық органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"органның" деген сөз "орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) қауіпті өндірістік объектінің қауіптілігінің жалпы деңгейі туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне хабарлауға;"

12) және 12-1) тармақшалардағы "органның" деген сөз "орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) тармақша "мерзімі біткен" деген сөздерден кейін "қауіпті техникалық құрылғыларды," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) қауіпті өндірістік объектілерді жаңарту мен техникалық қайта жарақтандырудың жиынтық жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етуге;"

17) тармақшадағы "саласындағы мамандардың, жұмыскерлердің даярлығын, қайта даярлығын және білімін тексеруді" деген сөздер "саласында басшыларды, мамандарды және жұмыскерлерді даярлауды, қайта даярлауды және олардың білімін тексеруді (емтихандар өткізуді)" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өз кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін құруға немесе өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерімен шарттар жасасуға;"

20) тармақшадағы "қауіпті өндірістік объектілерді" деген сөздер "қауіпті техникалық құрылғылар мен қауіпті өндірістік объектілерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) тармақшадағы "қауіпті өндірістік объектіні пайдалануға берген кезде мемлекеттік инспектордың қатысуымен қабылдау сынақтарын," деген сөздер "қауіпті техникалық құрылғыларды пайдалануға берген кезде мемлекеттік инспектордың қатысуымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) тармақша алып тасталсын;

4-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жүк көтергіш крандар, көтергіштер (мұнаралар), эскалаторлар, лифтілер, траволаторлар, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштер пайдаланылатын жұмыстарды;"

23) 17-баптың 3-тармағындағы "ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен" деген сөздер "аумақтық органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 18-баптың 2-тармағының 9) тармақшасындағы "қарауға міндетті." деген сөздер "қарауға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) саяхат басталғанға дейін уәкілетті органның аумақтық органына өмір үшін қауіп-қатері жоғары болуына байланысты жетуі қиын жерлер, су, таулы және спелеологиялық объектілер бойынша саяхат кезінде жүру маршруттары туралы хабарлауға міндетті.

Өмір үшін қауіп-қатері жоғары болуына байланысты жетуі қиын жерлердің, су, таулы және спелеологиялық объектілердің тізбесін және уәкілетті органның аумақтық органдарына хабарлау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.";

25) 19-бапта:

3-тармақ "органдарда және" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарда," деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтағы "орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздер "органның аумақтық органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта:

бірінші бөліктің 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) уәкілетті органға және оның аумақтық органдарына;

2) орталық атқарушы органдарда, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарда және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарында азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшелерге жүктеледі.

Бұл ретте азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшелер мемлекеттік органның жұмылдыру органдарымен ұйымдық түрде біріктірілуі мүмкін;"

екінші бөліктегі ", оның ведомствосында, сондай-ақ ведомствосына ведомстволық бағынысты аумақтық бөлімшелерде" деген сөздер "және оның аумақтық органдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 20-бапта:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Азаматтық қорғаныс бойынша орындалатын міндеттердің көлеміне байланысты қалалар үшін мынадай: ерекше, бірінші және екінші топтар айқындалады.

Қалаларды топтарға жатқызу мынадай өлшемшарттар бойынша белгіленеді:

- 1) ерекше топқа астана жатады;
- 2) бірінші топқа республикалық маңызы бар қалалар жатады;
- 3) екінші топқа облыстық маңызы бар қалалар жатады.

3. Әлеуетті қауіптілікке, жаһандық, өңірлік және жергілікті ауқымдағы ықтимал төтенше жағдайлардың әлеуметтік-экономикалық салдарының шамасына және ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерге байланысты ұйымдар азаматтық қорғаныс бойынша мынадай санаттарға бөлінеді: аса маңызды және санатталған.

Жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдар аса маңызды санатқа жатады.

Санатталған ұйымдарға:

аса маңызды мемлекеттік меншік объектілері;
стратегиялық объектілер;

өнеркәсіптің, көлік-коммуникация кешенінің жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан, реконструкцияланатын және жобаланатын қауіпті өндірістік объектілері бар, маңызды мемлекеттік және экономикалық мәні бар ұйымдар;

уларды өндірумен, қайта өңдеумен, тасымалдаумен, сатып алумен, сақтаумен, өткізумен, пайдаланумен және жоюмен, патогендігі II топтағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеумен айналысатын ұйымдар;

жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан, реконструкцияланатын және жобаланатын тіршілікті қамтамасыз ету объектілері жатады.";

5-тармақта:

"аумақтық бөлімшелерімен" деген сөздер "аумақтық органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қалаларды – топтарға, ұйымдарды санаттарға жатқызу жөніндегі тізбелерді дайындайды, оларды" деген сөздер "ұйымдарды санаттарға жатқызу жөніндегі тізбені дайындайды, оны" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 21-бапта:

бірінші абзац "мақсатында" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар," деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақшаның үшінші абзацындағы "басқару," деген сөз ", қосалқы (қалалық, қала сыртындағы), қосымша және жылжымалы басқару пункттерін," деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"азаматтық қорғаныс жоспарларын қолданысқа енгізу, қосалқы (қалалық, қала сыртындағы), қосымша және жылжымалы басқару пункттерін іске қосу;"

үшінші абзац "қорғаныстың" деген сөзден кейін "ең қарапайым жасырын паналары мен" деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы абзацтағы "басқару, құлақтандыру және байланыс пункттерін" деген сөздер "басқару пункттерін, құлақтандыру және байланыс жүйелерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші абзацтағы "басқару," деген сөз алып тасталсын;

28) 22-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы оныншы, он бірінші абзацтармен толықтырылсын:

"төтенше жағдай енгізілген және терроризмге қарсы операция жүргізілген кезде азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін, әскери қызметшілері мен жұмыскерлерін, сондай-ақ азаматтық қорғау құралдарын қорғау;

төтенше жағдай енгізілген және терроризмге қарсы операция жүргізілген кезде күзетілетін қарауылдарға, объектілерге, азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің, уәкілетті органның аумақтық органдарының, оның ведомстволарының, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің, мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымының үй-жайлары мен құрылысжайларына қарулы шабуылды тойтару;"

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерінде осы баптың 1-тармағы 1) тармақшасының үшінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші абзацтарында көрсетілген міндеттерді орындау үшін арнаулы мақсаттағы бөлімшелер құрылады.";

29) 23-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "басқару пункттері, жеке тұрған және қосып салынған паналайтын жерлер, радиацияға қарсы" деген сөздер "қосалқы (қалалық, қала сыртындағы), көмекші және жылжымалы басқару пункттері, азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысжайлары, ең қарапайым" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысжайларына паналайтын жер, радиацияға қарсы жасырын паналар және мобильді қорғаныш құрылысжайлары жатады.

Азаматтық қорғаныстың жылжымалы қорғаныш құрылысжайларын қоспағанда, азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысжайлары құқықтық кадастрда мемлекеттік тіркелуге жатады.

Ғимарат пен құрылыстың құрамында азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысжайы (жеке тұрған немесе қосып салынған) дербес кадастрлық нөмір бере отырып, жеке жылжымайтын мүлік объектісі ретінде қаралады.

3-2. Уәкілетті органның аумақтық органдарының ұсынуымен мемлекеттік меншік болып табылатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеуші органда жылжымайтын мүлікке құқықтардың (құқықтар ауыртпалығының) туындауы,

өзгеруі немесе тоқтатылуы мемлекеттік тіркелуге жататын азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысжайларының тізбесі облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының шешімімен бекітіледі.

”;

5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

”Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдардың азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысжайлары көрсетілген ұйымдардың қаражаты есебінен күтіп-ұсталады. Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысжайлары неғұрлым үлкен жұмыс істейтін ауысымға есептелуге және азаматтық қорғау мақсатында пайдаланылуға тиіс.”;

30) 3-бөлімнің тақырыбы ”авиациясы” деген сөзден кейін ”және теңіз ұйымы” деген сөздермен толықтырылсын;

31) 24-бапта:

3) тармақшадағы ”, оның ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің,” деген сөздер ”және оның аумақтық органдарының” деген сөздермен ауыстырылсын;

19) тармақшадағы ”ұшуды орындайды.” деген сөздер ”ұшуды;” деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 20) және 21) тармақшалармен толықтырылсын;

”20) төтенше жағдайлардың және олардың салдарының алдын алу және жою жөніндегі ұшуды орындау үшін олардың тұрақты әзірлігі мақсатында әуе кемелерінің кезекшілігін;

21) мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындаған мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордан мұнай өнімдерін сатып алуды орындайды.”;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

”Уәкілетті органның авиациясы уәкілетті органның және оның аумақтық органының өтінімдері бойынша ұшуды орындайды.”;

32) мынадай мазмұндағы 24-1-баппен толықтырылсын:

”24-1-бап. Уәкілетті органның теңіз ұйымы

1. Уәкілетті органның теңіз ұйымының қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаны Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Уәкілетті органның теңіз ұйымы:

уәкілетті органды мұнайдың төгілуі туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді;

оқу-жаттығулар мен жаттығулар өткізеді, сондай-ақ мұнайдың төгілуін жою бойынша жедел іс-қимылдарды жүзеге асырады;

Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнайдың авариялық төгілуінің және қауіпті жүктердің ластауын жоюды жүзеге асырады;

Каспий теңізінің қазақстандық секторында авариялық жағдайлар кезінде көмек көрсетуді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де қызметті жүзеге асырады."

;

33) 25-бапта:

3-тармақ алып тасталсын;

4-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері құтқарушылармен жасақталады, өзінің ғимараттар мен құрылысжайлардың мамандандырылған кешені, оқу-жаттығу полигоны, шаң, газ талдау зертханасы, орындалатын авариялық-құтқару жұмыстарының ерекшелігін ескере отырып, арнаулы техникасы, жабдығы мен аппаратурасы болады, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келеді.";

мынадай мазмұндағы 4-2-тармақпен толықтырылсын:

"4-2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметі арнаулы техникамен, жабдықпен, аппаратурамен, жарақтармен, керек-жарақпен және құралдармен қамтамасыз етіле отырып, әзірлікте ұсталады.";

34) 27-1-бапта:

3-тармақта:

бірінші абзацтағы "қайта," деген сөз алып тасталсын;

2) тармақша алып тасталсын;

5-тармақтағы "куәлік" деген сөз "аттестат" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6, 7, 8, 9, 10, 11 және 12-тармақтармен толықтырылсын:

"6. Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары бұзылған, оның ішінде біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкес келмеген жағдайда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

7. Қауіпті өндірістік объектіде тау-кен құтқару, газдан құтқару жұмыстарын және бұрқакқа қарсы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттың қолданылуын тоқтата тұру мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтамауы;

2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға ерікті түрде жүгіну;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар.

8. Қауіпті өндірістік объектіде тау-кен құтқару, газдан құтқару жұмыстарын және бұрқакқа қарсы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттың қолданылуын тоқтата тұру оларды тоқтата тұру кезеңінде жүргізуге тыйым салуға алып келеді.

9. Қауіпті өндірістік объектіде тау-кен құтқару, газдан құтқару, бұрқакқа қарсы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттың қолданылуын қайта бастау "Рұқсаттар

және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің жолданымы бойынша жүзеге асырылады.

10. Қауіпті өндірістік объектіде тау-кен құтқару, газдан құтқару, бұрқаққа қарсы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттан айыру Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

11. Қауіпті өндірістік объектіде тау-кен құтқару, газдан құтқару жұмыстарын және бұрқаққа қарсы жұмыстарды жүргізу құқығына арналған аттестат мынадай жағдайларда:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға аттестаттың қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде жүгінгенде;

2) аттестаттың қолданылу мерзімі аяқталғанда;

3) заңды тұлға таратылғанда;

4) аттестаттан айырғанда қолданысын тоқтатады.

12. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы аттестатталған кәсіби авариялық-құтқару қызметтері және аттестаттарының қолданысы тоқтатылған өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырады.";

35) 36-бапта:

2-тармақтың 3) тармақшасындағы "қадағалауға бөлінеді." деген сөздер "қадағалауға ;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы мемлекеттік бақылауға бөлінеді."
";

4-тармақта:

бірінші бөлік "Кәсіпкерлік кодексіне" деген сөздерден кейін "және осы Заңға" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау осы Заңға сәйкес жедел ықпал ету шараларын қолдану және Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік іс жүргізуді қозғау арқылы жүзеге асырылады.";

36) 37-бапта:

1-тармақта:

"мемлекеттік бақылау" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың," деген сөздермен толықтырылсын;

"жатқызылған, базасында азаматтық қорғау қызметтері құрылған" деген сөздер " жатқызылған ұйымдардың, базасында азаматтық қорғау қызметтері құрылған ұйымдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"азаматтардың" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

1), 2) және 3) тармақшалардағы "құрылымдық бөлімшесінің", "құрылымдық бөлімшесі" деген сөздер тиісінше "ведомствосының", "ведомствосы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4), 5) және 6) тармақшалардағы "орган ведомствосының облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық бөлімшесінің", "орган ведомствосының облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық бөлімшесі" және "орган ведомствосының облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы, аудандағы, облыстық маңызы бар қаладағы, қала ауданындағы аумақтық бөлімшесінің" деген сөздер тиісінше "органның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық органының", "органның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық органы" және "органның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы, аудандағы, облыстық маңызы бар қаладағы, қала ауданындағы аумақтық органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

37) 37-1-бапта:

2-тармақтың жетінші бөлігінде:

"құрылымдық бөлімшесі" деген сөздер "ведомствосы немесе аумақтық органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"құрылымдық бөлімшесі" деген сөздер "ведомствосы немесе аумақтық органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

екінші бөліктегі "құрылымдық бөлімшесінің" деген сөздер "ведомствосының немесе аумақтық органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тексерудің басталатыны туралы акт тексерілетін мемлекеттік органға табыс етілген немесе оның электрондық құжаты арқылы тексерілетін мемлекеттік органның электрондық поштасының мекенжайы бойынша жолданған күн тексеру жүргізудің басталуы деп есептеледі.";

4-тармақта:

бірінші және екінші бөліктердегі "құрылымдық бөлімшесі", "құрылымдық бөлімшесінің" деген сөздер тиісінше "ведомствосы немесе аумақтық органы", "ведомствосының немесе аумақтық органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте:

"құрылымдық бөлімшесінің" деген сөздер "ведомствосының немесе аумақтық органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"поштамен не" деген сөздерден кейін "тексерілетін мемлекеттік органның электрондық поштасының мекенжайы бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақта:

бірінші бөліктің 2) тармақшасындағы "дәлелді" деген сөз алып тасталсын;

екінші бөліктегі "құрылымдық бөлімшесі" деген сөздер "ведомствосы немесе аумақтық органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың екінші бөлігіндегі "құрылымдық бөлімшесі" деген сөздер "ведомствосы немесе аумақтық органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы "актінің" деген сөзден кейін "(болған жағдайда мерзімін ұзарту туралы қосымша актінің)" деген сөздермен толықтырылсын;

11-тармақтағы "құрылымдық бөлімшесінде", "құрылымдық бөлімшесіне", "құрылымдық бөлімшесі" деген сөздер тиісінше "ведомствосында немесе аумақтық органында", "ведомствосына немесе аумақтық органына", "ведомствосы немесе аумақтық органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақтың екінші және үшінші бөліктеріндегі "құрылымдық бөлімшесіне", "құрылымдық бөлімшесі" деген сөздер тиісінше "ведомствосына немесе аумақтық органына", "ведомствосы немесе аумақтық органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

15-тармақтағы "құрылымдық бөлімшесі" деген сөздер "ведомствосы немесе аумақтық органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-тармақтағы "құрылымдық бөлімшесі" деген сөздер "ведомствосы немесе аумақтық органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы, екінші бөліктің бірінші абзацындағы және үшінші бөліктің бірінші абзацындағы "құрылымдық бөлімшесі", "құрылымдық бөлімшесінің" деген сөздер тиісінше "ведомствосы немесе аумақтық органы", "ведомствосының немесе аумақтық органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган ведомствосының немесе аумақтық органының лауазымды адамдарына тексеру нысанасына жатпайтын талаптар қоюға және өтініштер жасауға тыйым салынады.";

18-тармақта:

2) тармақшадағы "құрылымдық бөлімшесіне" деген сөздер "ведомствосына немесе аумақтық органына" деген сөздермен ауыстырылсын;"

3), 4) және 5) тармақшалардағы "құрылымдық бөлімшесі" деген сөздер "ведомствосы немесе аумақтық органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

19-тармақтың 1) және 2) тармақшаларындағы "құрылымдық бөлімшесі", "құрылымдық бөлімшесінің" деген сөздер "ведомствосы немесе аумақтық органы", "ведомствосының немесе аумақтық органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

20-тармақтағы "құрылымдық бөлімшесінің" деген сөздер "ведомствосының немесе аумақтық органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

38) 38-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі "уәкілетті орган" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдерінің, мекемелерінің аумағында – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың 4), 5) және 6) тармақшаларындағы "аумақтық бөлімшесінің", "аумақтық бөлімшесі" деген сөздер тиісінше "аумақтық органының", "аумақтық органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік заңды тұлғаларға тиесілі объектілерде, кәсіби өртке қарсы қызметте, сондай-ақ биіктігі 50 метр және одан жоғары объектілерде өрт қауіпсіздігі саласында аудит жүргізуге тыйым салынады.";

39) 39-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"39-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның ведомствосы, оның аумақтық бөлімшелері және жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – бақылау және қадағалау органы) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) қызметінің өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан жүзеге асырады.

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау мемлекеттік бақылау және қадағалау нысандарының тәуелсіздігі, объективтілігі, бейтараптығы, анықтығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекет бақылау және қадағалау органының есептілігі мен ашықтығына кепілдік береді.

3. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілері мен бақылау және қадағалау органының өзара іс-қимылын жақсарту мақсатында бақылау және қадағалау органы жыл сайын қыркүйектің соңғы бейсенбісінде кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бақылау және қадағалау органдарының бірыңғай есеп беру күніне қатысады.

4. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау қауіпті өндірістік объектілерде, қауіпті техникалық құрылғылар мен техникалық

құрылғыларда, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде авариялар, оқыс оқиғалар кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың жұмыскерлер мен халыққа зиянды әсерінің алдын алуға бағытталған.

Қызметіне өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүзеге асырылатын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілері (бұдан әрі – бақылау және қадағалау субъектісі) болып табылады.

Бақылау және қадағалау субъектісінің меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негізде болатын, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жататын мүлік өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау объектісі (бұдан әрі – бақылау және қадағалау объектісі) болып табылады.

5. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау мыналарға:

1) қауіпті өндірістік объектілердің және қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауына;

2) қауіпті өндірістік объектілердің өндірістік ғимараттарына, технологиялық құрылысжайларына зерттеп-қарау, диагностикалау, қауіпті техникалық құрылғыларға техникалық куәландыру жүргізудің уақтылығына;

3) қауіпті өндірістік объектілердің және қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың авариялар мен олардың салдарларын жою және оқшаулау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге әзірлігіне;

4) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті техникалық құрылғылардың қауіпсіз пайдаланылуына;

5) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтеріне;

6) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған заңды тұлғаларға;

7) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтық заттар мен бұйымдарды қоспағанда) заттар мен оларды қолдана отырып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, иелену, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алған жеке және заңды тұлғаларға жүзеге асырылады.

6. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға:

1) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының басшысы;

2) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасары –

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның ведомствосы басшысының орынбасары;

3) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының лауазымды адамы;

4) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық бөлімшесінің басшысы;

5) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасары – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық бөлімшесі басшысының орынбасары;

6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы;

7) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті техникалық құрылғылардың қауіпсіз пайдаланылуын мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі және және әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі тұрмыстық, коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың тұрмыстық баллондары мен газ тұтыну жүйелерін қауіпсіз пайдалануын мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторы – облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы, аудандағы (облыстық маңызы бар қаладағы) жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамы жатады.

7. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды бақылау және қадағалау органы осы Заңға сәйкес тексеру және аварияларды тергеп-тексеру нысанында жүзеге асырады.

8. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігі тұрғысынан жүргізілетін рұқсаттық бақылау осы Заңға сәйкес тексеру нысанында жүзеге асырылады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны бергенге дейін рұқсаттық бақылау "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.";

40) мынадай мазмұндағы 39-1, 39-2, 39-3, 39-4, 39-5, 39-6 және 39-7-баптарымен толықтырылсын:

"39-1-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жедел ықпал ету шаралары

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру барысында және (немесе) олардың нәтижелері бойынша қолданылатын адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына қатерді болғызбау мақсатында бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) ықпал ету тәсілдері жедел ықпал ету шаралары болып табылады.

Жедел ықпал ету шараларын өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор (бұдан әрі – бақылау және қадағалау органының лауазымды адамы) бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) қауіпті өндірістік объектілерді, қауіпті техникалық құрылғыларды немесе техникалық құрылғыларды пайдалануға байланысты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін осы бапта көзделген тәртіппен тоқтата тұру не оларға тыйым салу түрінде қолданады.

2. Осы Заңның 12-2-бабының 2-1) тармақшасында көзделген тізбеде белгіленген өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын (бұдан әрі – жедел ықпал ету шараларының талаптары) бұзу жедел ықпал ету шараларын қолдануға негіз болып табылады.

3. Бақылау және қадағалау органының лауазымды адамы жедел ықпал ету шараларының талаптарын бұзушылықтар анықталған кезде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы акт рәсімдейді, оны бақылау және қадағалау субъектісіне табыс етеді, сондай-ақ техникалық мүмкіндік болған кезде қауіпті өндірістік объектіні, қауіпті техникалық құрылғыны немесе техникалық құрылғыны пломбалауды жүргізеді.

Пломбаны бақылау және қадағалау органының лауазымды адамы бұзушылық жойылған не пломбаны алмай бұзушылықты жою мүмкін болмаған жағдайда алады.

Пломбаны алуды бақылау және қадағалау органының лауазымды адамы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы актіде тіркеп-белгілейді.

4. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы актіде мыналар көрсетіледі:

- 1) жедел ықпал ету шарасының түрі;
- 2) актінің жасалған күні, уақыты және орны;
- 3) бақылау және қадағалау органының атауы;

4) актіні ресімдеген адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

5) бақылау және қадағалау субъектісінің атауы, оның басшысының, бақылау және қадағалау субъектісінің актіні рәсімдеу кезінде қатысқан өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), сондай-ақ оның лауазымы;

- 6) жедел ықпал ету шарасын қолданудың негізі;
- 7) жедел ықпал ету шарасының қолданылу мерзімі (қажет болған жағдайда);
- 8) пломбалау туралы мәліметтер (күні мен уақыты, қауіпті өндірістік объектінің, қауіпті техникалық құрылғының немесе техникалық құрылғының атауы);
- 9) бақылау және қадағалау органының актіні ресімдеген лауазымды адамының қолы ;
- 10) актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы мәліметтер (бақылау және қадағалау субъектісі басшысының немесе оның уәкілетті адамының қолы және күні);
- 11) пломбаның алынғаны туралы мәліметтер (алынған күні мен уақыты, себептері, бақылау және қадағалау органының лауазымды адамы мен бақылау және қадағалау субъектісі басшысының немесе оның уәкілетті өкілінің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және қолы).

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы акт мынадай тәсілдердің бірімен табыс етіледі:

- 1) қолма-қол – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы актіде оны алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;
- 2) табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен;
- 3) электрондық тәсілмен – бақылау және қадағалау субъектісінің электрондық мекенжайына жіберу.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы актіге жедел ықпал ету шараларының нысанасына жататын техникалық бақылау құралдарының, байқау және тіркеп-білгілеу аспаптарының, фото- және бейнеаппаратураның жазбалары бар болған кезде қоса беріледі.

5. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы актіні қолма-қол табыс ету кезінде оны қабылдаудан бас тартқан жағдайда оған актіні алудан бас тартқаны туралы тиісті жазба енгізіледі.

6. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы актіні алудан бас тарту оны орындамау үшін негіз болып табылмайды.

7. Тексеруді немесе аварияларды тергеп-тексеруді жүзеге асыру барысында және (немесе) оның нәтижелері бойынша анықталған жедел ықпал ету шараларының талаптарын бұзушылықтар өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының анықталған бұзушылықтарын жою туралы нұсқамада немесе аварияларды тергеп-тексеру актісінде көрсетіледі.

8. Бақылау және қадағалау субъектілері жедел ықпал ету шаралары талаптарының анықталған бұзушылықтарын өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының анықталған бұзушылықтарын жою туралы нұсқамада немесе аварияларды тергеп-тексеру актісінде көрсетілген мерзімдерде жоюға міндетті.

9. Тексеру немесе аварияларды тергеп-тексеру нәтижелері бойынша анықталған, жедел ықпал ету шаралары талаптарының бұзушылықтары мерзімі өткеннен кейін немесе олар мерзімінен бұрын жойылғанда осы Заңның 39-2-бабы 7-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Тексеру немесе аварияларды тергеп-тексеру нәтижелері бойынша анықталған, жедел ықпал ету шаралары талаптарының бұзушылықтары мерзімінен бұрын жойылған жағдайда, бақылау және қадағалау субъектісі бақылау және қадағалау органын жазбаша хабардар етеді.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы актінің қолданылуы бақылау және қадағалау органының лауазымды адамы жоспардан тыс тексеру нәтижелері туралы актінің негізінде жедел ықпал ету шараларын қолдануға негіз болған анықталған бұзушылықтардың жойылғанын растағаннан кейін тоқтатылады.

10. Жедел ықпал ету шаралары талаптарының анықталған бұзушылықтары жойылмаған кезде жоспардан тыс тексеру нәтижелері бойынша осы Заңның 39-3-бабының 12-тармағында көзделген шаралар қабылданады.

11. Жедел ықпал ету шараларын қолдануға алып келген өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда бақылау және қадағалау субъектілері өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы актіні жарамсыз деп тану және оның күшін жою туралы Қазақстан Республикасы Әкімшілік-рәсімдік-процестік кодексінде көзделген тәртіппен шағым беруге құқылы.

Шағым беру өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы актінің орындалуын тоқтата тұрмайды.

12. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы актіні жарамсыз деп тануға және оның күшін жоюға мыналар негіздер болып табылады:

- 1) жедел ықпал ету шараларын қолдану үшін негіздердің болмауы;
- 2) жедел ықпал ету шараларын осы шараға сәйкес келмейтін негіз бойынша қолдану ;
- 3) бақылау және қадағалау органы лауазымды адамының өз құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша жедел ықпал ету шараларын қолдануы;
- 4) осы Заңның 39-4-бабының бірінші бөлігінің 1) тармақшасында және екінші бөлігінде белгіленген талаптардың сақталмауы.

39-2-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тексеру

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тексеруді бақылау және қадағалау органы қауіп-қатер дәрежесіне қарай бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жүргізеді.

2. Қауіп-қатер дәрежесі бойынша бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері):

1) жоғары дәрежелі қауіп-қатер;

2) жоғары дәрежелі қауіп-қатерге жатқызылмағандар болып бөлінеді.

Жоғары дәрежелі қауіп-қатерге:

1) қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатын объектілерге жатқызу өлшемшарттарына сәйкес келетін, өнеркәсіптік қауіпсіздігі міндетті декларациялауға жататын қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын;

2) дайындаушы зауыт белгілеген нормативтік қызмет ету мерзімін өтеген қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын бақылау және қадағалау субъектілері жатады.

Жоғары дәрежелі қауіп-қатерге жатқызылмағандарға:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздігі міндетті декларациялауға жатпайтын қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын;

2) дайындаушы зауыт белгілеген нормативтік қызмет ету мерзімін өтемеген қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын;

3) қауіпті өндірістік объектіде тау-кен құтқару, газдан құтқару, бұрқаққа қарсы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестат негізінде қызметті жүзеге асыратын;

4) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестат негізінде қызметті жүзеге асыратын;

5) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтық заттар мен бұйымдарды қоспағанда) заттар мен оларды қолдана отырып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, иелену, өткізу, сақтау жөніндегі қызметтің лицензияланатын түрлерін жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілері жатады.

3. Тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:

1) жоспарлы;

2) берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігі тұрғысынан жүргізілетін тексерулер;

3) жоспардан тыс.

4. Жоспардан тыс тексерулерді қоспағанда, жоғары дәрежелі қауіп-қатерге жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тексеру жылына бір реттен жиілетпей, біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігі тұрғысынан берілген рұқсаттар бойынша жоғары дәрежелі қауіп-қатерге жатқызылмағандарды – үш жылда бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

5. Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жоспарлы тексерулер:

жоғары дәрежелі қауіп-қатер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының немесе жергілікті атқарушы органның басшысы бекіткен тексерулердің жылдық жоспарына сәйкес тексерулер жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейінгі мерзімде;

жоғары дәрежелі тәуекелге жатқызылмағандар үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының немесе жергілікті атқарушы органның басшысы бекіткен үш жылға арналған тексерулер жоспарына сәйкес үш жылда бір рет жоспарлы кезеңнің алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейінгі мерзімде тексеруді тағайындау туралы акт негізінде жүргізіледі.

Берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігі тұрғысынан жүргізілетін тексерулер өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының басшысы бекіткен үш жылға арналған тексерулер кестесіне сәйкес үш жылда бір рет кезеңнің алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейінгі мерзімде тексеруді тағайындау туралы актінің негізінде жүргізіледі.

Тексерулердің жоспарлары мен кестесі бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қауіп-қатер дәрежесі ескеріле отырып қалыптастырылады және олар бекітілген кезден бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының немесе жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Тексерулердің жоспарлары мен кестесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу тексерілетін бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) таратылған, қайта ұйымдастырылған, оның атауы өзгерген, сондай-ақ табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай туындаған, төтенше жағдай режимі енгізілген, эпидемияның, карантиндік объектілер мен аса қауіпті зиянды организмдер ошақтарының, инфекциялық, паразиттік аурулардың таралуы, уланулар, радиациялық авариялар және солармен байланысты шектеулер туындаған немесе олардың туындау қатері төнген жағдайларда, бірақ жылына екі реттен жиілетпей жүзеге асырылады.

Осы тармақтың төртінші бөлігінде көрсетілген жағдайлар туындаған кезде тексеру ұзартылуы не тоқтатыла тұруы мүмкін.

Тексеру жоспарлары мен кестесінде:

- 1) жоспардың (кестенің) бекітілген күні мен нөмірі;
- 2) бақылау және қадағалау органының атауы;
- 3) тексерілетін бақылау және қадағалау субъектісінің атауы, оның сәйкестендіру нөмірі және заңды мекенжайы;
- 4) тексерілетін бақылау және қадағалау объектісінің атауы және оның орналасқан жері;
- 5) қауіп-қатер дәрежесі немесе рұқсат беру құжатының түрі;

б) тексерілетін бақылау және қадағалау субъектісінің кәсіпкерлік санаты қамтылады

6. Адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнетін тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты жоспардан тыс тексеру тағайындауға негіз болған нақты фактілер мен мән-жайлар бойынша бақылау және қадағалау органы тағайындайтын тексеру жоспардан тыс тексеру болып табылады.

Жоспардан тыс тексеру бақылау және қадағалау субъектісі оның басталғаны туралы хабардар етілмей жүргізіледі.

7. Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) жоспардан тыс тексеру жүргізуге мыналар негіздер болып табылады:

1) аварияларды тергеп-тексеру актісінде көрсетілген бұзушылықтарды жоюдың орындалуын бақылау;

2) жедел ықпал ету шараларын қолдануға негіздер болып табылатын бұзушылықтардың жойылғанын бақылау;

3) тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау;

4) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы талаптарды бұзушылықтар бойынша негіздер мен растайтын дәлелдемелер болған кезде жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары;

5) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтірудің не нұқсан келтіру қатері туралы нақты фактілер бойынша прокурордың талаптары;

6) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға нұқсан келтірудің нақты фактілері, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделері, сондай-ақ жойылмауы адамның өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге алып келетін өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар бойынша мемлекеттік органдардың жолданымдары;

7) қылмыстық қудалау органының Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша тапсырмасы.

8. Жоспардан тыс тексерулер анонимдік жолданымдар болған жағдайда жүргізілмейді.

39-3-бап. Тексеру жүргізу тәртібі

1. Жоспардан тыс тексеруді қоспағанда, тексеру жүргізу басталар алдында бақылау және қадағалау органы кемінде бір жұмыс күні бұрын бақылау және қадағалау субъектісін басталатын күнін көрсете отырып, тексеру жүргізілетіні туралы хабардар етуге міндетті.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген тексерудің басталатыны туралы хабарлама мынадай:

1) қолма-қол – тексерудің басталатыны туралы хабарламада оны алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен;

3) бақылау мен қадағалау субъектісінің электрондық мекенжайына электрондық тәсілмен жіберу жағдайларында тиісті түрде табыс етілді деп есептеледі.

2. Бақылау және қадағалау органының тексеру жүргізу үшін келген лауазымды адамдары бақылау және қадағалау субъектісіне:

1) тексеруді тағайындау туралы актіні;

2) қызметтік куәлігін не сәйкестендіру картасын;

3) қажет болған жағдайда – құзыретті органның режимдік объектілерге баруға рұқсатын көрсетуге міндетті.

3. Бақылау және қадағалау органы өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органды тексеру басталғанға дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын басталатын күнін көрсете отырып, тексеру жүргізудің басталатыны туралы жазбаша түрде немесе өзге де қолжетімді тәсілмен хабардар етуге міндетті.

4. Тексеруді тағайындау туралы актіде:

1) актінің күні мен нөмірі;

2) бақылау және қадағалау органының атауы;

3) бақылау және қадағалау органының тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген адамының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) тексеру жүргізу үшін тартылатын мемлекеттік органдардың және ведомстволық бағынысты ұйымдардың мамандары, консультанттары мен сарапшылары, сондай-ақ лауазымды адамдар туралы мәліметтер (қажет болған жағдайда);

5) бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы, оның орналасқан жері, сәйкестендіру нөмірі, объектілердің тізбесі және олардың орналасқан жері;

6) тексеру түрі;

7) тексеру нысанасы;

8) тексеру жүргізу мерзімі;

9) тексеру жүргізудің негіздері, оның ішінде міндетті талаптары тексерілуге жататын нормативтік құқықтық актілер;

10) тексерілетін кезең;

11) бақылау және қадағалау субъектісінің не оның уәкілетті өкілінің осы Заңның 39-6-бабында көзделген құқықтары мен міндеттері;

12) бақылау және қадағалау органының актіге қол қоюға уәкілетті лауазымды адамының қолы және бақылау және қадағалау органының мөрі;

13) бақылау және қадағалау субъектісі басшысының не оның уәкілетті өкілінің актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы қолы көрсетіледі.

5. Бақылау және қадағалау субъектісіне не оның уәкілетті өкіліне тексеруді тағайындау туралы актінің табыс етілген күні тексеру жүргізудің басталғаны деп есептеледі.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген тексеруді тағайындау туралы акт мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – тексеруді тағайындау туралы актіде оны алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен;

3) бақылау мен қадағалау субъектісінің электрондық мекенжайына электрондық тәсілмен жіберілсе, тиісті түрде табыс етілді деп есептеледі.

Тексеруді тағайындау туралы акт бақылау және қадағалау органының ақпараттық жүйесінде тіркеледі.

Бақылау және қадағалау органының ақпараттық жүйесі болмаған кезде тексеруді тағайындау туралы акт тексеруді тағайындаған бақылау және қадағалау органының тексерулерді тіркеу журналында тіркеледі.

6. Тексеруді тағайындау туралы акт қолма-қол табыс етілген кезде оны қабылдаудан бас тартқан жағдайда оған тиісті жазба енгізіледі.

Тексеруді тағайындау туралы актіні алудан бас тарту оны орындамауға және тексерудің күшін жоюға негіз болып табылмайды.

7. Тексеру тағайындау туралы актіні алудан бас тартылған, сондай-ақ бақылау және қадағалау органының лауазымды адамдарының тексеру жүргізуге қажетті материалдарға, жабдықтарға қол жеткізуіне кедергі келтірілген жағдайларда, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалады.

8. Тексеруді бақылау және қадағалау органының тексеруді тағайындау туралы актіде аталған лауазымды адамы ғана жүргізе алады.

Бұл ретте бақылау және қадағалау органының тексеру жүргізетін лауазымды адамдарының құрамы объективті себептер бойынша бақылау және қадағалау органының шешімі бойынша өзгертілуі мүмкін, кейіннен бақылау және қадағалау субъектісі тексеруді тағайындау туралы актіге енгізілетін адамдардың тексеруге қатысуы басталғанға дейін тексеруді тағайындау туралы өзгертілген актімен таныстырылады.

9. Тексеру жүргізу мерзімдері алдағы жұмыстардың көлемі, сондай-ақ тексеру нысанасы ескеріле отырып белгіленеді және:

1) тексеру жүргізу кезінде – он бес жұмыс күнінен;

2) жоспардан тыс тексерулер жүргізу кезінде – он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

10. Зерттеулер, сынақтар, сараптамалар жүргізу қажет болған кезде, сондай-ақ жұмыстың едәуір көлеміне байланысты тексеру жүргізу мерзімін бақылау және қадағалау органының басшысы (не оны алмастыратын адам) бір рет қана отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

Тексеру жүргізу мерзімдерін ұзарту тексеру мерзімі аяқталғанға дейін бақылау және қадағалау субъектісіне тиісті түрде хабарлама табыс ету арқылы тексеру мерзімдерін ұзарту туралы актімен ресімделеді, онда тексеруді тағайындау туралы актінің күні мен нөмірі және ұзарту себебі көрсетіледі.

11. Бақылау және қадағалау органының басшысы (не оны алмастыратын адам):

1) отыз жұмыс күнінен асатын мерзіммен зерттеулер, сынақтар және сараптамалар жүргізілген жағдайда (қорытынды алынғанға дейін);

2) отыз жұмыс күнінен асатын мерзіммен үшінші тұлғалардан мәліметтер мен құжаттарды алу қажет болған кезде (оларды алғанға дейін);

3) тексеру жүргізуге кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде тексеруді бір рет қана тоқтата тұруы мүмкін.

Тексеруді тоқтата тұру тексеру мерзімі аяқталғанға дейін бақылау және қадағалау субъектісіне хабарлама табыс ету арқылы тексеруді тоқтата тұру туралы актімен ресімделеді, онда тексеруді тағайындау туралы актінің күні мен нөмірі және тоқтата тұру себептері көрсетіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген тексеруді тоқтата тұру негіздері тоқтатылғаннан кейін тексеру тоқтата тұру мерзімінен бастап қайта басталады.

Тексеруді қайта бастау тексеруді тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін бақылау және қадағалау субъектісіне хабарламаны табыс ету арқылы тексеруді қайта бастау туралы актімен ресімделеді, онда тексеруді қайта бастау күні көрсетіледі.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген тексеру мерзімін ұзарту, тоқтата тұру және қайта бастау туралы тексерулер актілері мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – тексеру мерзімін ұзарту, тоқтата тұру және қайта бастау туралы актілерде оларды алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен;

3) бақылау мен қадағалау субъектісінің электрондық мекенжайына электрондық тәсілмен жіберілсе, тиісті түрде табыс етілді деп есептеледі.

Ұзарту, тоқтата тұру және қайта бастау туралы мәліметтер бақылау және қадағалау органының ақпараттық жүйесінде немесе бақылау және қадағалау органының тексерулерді тіркеу журналында тіркеледі.

12. Бақылау және қадағалау органының лауазымды адамы тексеру нәтижелері бойынша тексеру нәтижелері туралы акт, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда – анықталған бұзушылықтарды жою туралы

нұсқама, жедел ықпал ету шараларының талаптарын бұзушылықтар болған кезде – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы акт шығарады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін бақылау және қадағалау субъектілері Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

13. Тексеру нәтижелері туралы актіде:

1) актінің жасалған күні мен орны;

2) бақылау және қадағалау органының атауы;

3) тексеруді тағайындау туралы актінің (болған кезде тексеру мерзімін ұзарту, тексеруді тоқтата тұру және тексеруді қайта бастау туралы актілердің) күні мен нөмірі;

4) бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның орналасқан жері, бақылау және қадағалау субъектісінің тексеру жүргізу кезінде қатысқан өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

5) тексеру жүргізу кезеңі;

6) тексерудің түрі;

7) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының анықталған бұзушылықтары туралы мәліметтер;

8) тексеру нәтижелері туралы актімен танысқаны немесе танысудан бас тартқаны, сондай-ақ тексеру жүргізу кезінде қатысқан адамдар туралы мәліметтер, олардың қолдары немесе қол қоюдан бас тартқаны туралы жазба;

9) тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандардың, консультанттардың және сарапшылардың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және қолы (қажет болған жағдайда);

10) бақылау және қадағалау органының тексеру жүргізген лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және қолы көрсетіледі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар болмаған жағдайда тексеру нәтижелері туралы актіде тиісті жазба жүргізіледі.

14. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада:

1) нұсқаманың жасалған күні мен орны;

2) бақылау және қадағалау органының атауы;

3) бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және оның орналасқан жері, бақылау және қадағалау субъектісінің тексеру жүргізу кезінде қатысқан өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) тексеру жүргізу кезеңі;

5) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, оның ішінде жедел ықпал ету шараларының талаптарын бұзушылықтар;

6) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсынымдар мен нұсқаулар және оларды жою мерзімдері;

7) бақылау және қадағалау субъектісінің не оның уәкілетті өкілінің нұсқамамен танысқаны немесе танысудан бас тартқаны туралы мәліметтер, олардың қолдары немесе қол қоюдан бас тартқаны;

8) бақылау және қадағалау органының тексеру жүргізген лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және қолы көрсетіледі.

Тексеру нәтижелері туралы актіге, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар болған кезде оларға жүргізілген зерттеулердің, сынақтардың, сараптамалардың қорытындылары және тексеру нәтижелеріне байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері (техникалық бақылау құралдарының, байқау және тіркеп-белгілеу аспаптарының, фото - және бейнеаппаратураның жазбалары) қоса беріледі.

15. Тексеруді тағайындау, тексеру нәтижелері, тексеруді ұзарту, тоқтата тұру, қайта бастау туралы, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы актілердің, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың нысандарын өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

16. Тексеру нәтижелері туралы акт, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама үш данада жасалады.

Тексеру нәтижелері туралы актінің бір данасы, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама электрондық нысанда өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органға тапсырылады, екінші данасы қағаз жеткізгіште қол қойғызып немесе электрондық нысанда тексерілетін бақылау және қадағалау субъектісіне танысу және анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау үшін тапсырылады, үшінші данасы бақылау және қадағалау органында қалады.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген тексеру нәтижелері туралы акт, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама бақылау және қадағалау субъектісіне мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – тексеру нәтижелері туралы актіде, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада оларды алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен;

3) бақылау мен қадағалау субъектісінің электрондық мекенжайына электрондық тәсілмен жіберілсе, тиісті түрде табыс етілді деп есептеледі.

17. Бақылау және қадағалау субъектісіне тексеруді тағайындау туралы актіде (болған кезде мерзімді ұзарту және қайта бастау туралы тексеру актілерінде) көрсетілген тексеру аяқталатын мерзімнен кешіктірмей тексеру нәтижелері туралы актінің табыс етілген күні тексеру мерзімінің аяқталғаны деп есептеледі.

18. Тексеру нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда бақылау және қадағалау субъектісі не оның уәкілетті өкілі оларды жазбаша түрде баяндайды.

Ескертулер және (немесе) қарсылықтар тексеру нәтижелері туралы актіге қоса беріледі, бұл туралы тиісті белгі жасалады.

19. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы орындау мерзімдері оны орындаудың нақты мүмкіндігіне әсер ететін мән-жайлар ескеріле отырып, бірақ анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кем емес мерзімге айқындалады.

Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы орындау мерзімдерін айқындау кезінде:

1) бақылау және қадағалау субъектісінің бұзушылықтарды жою бойынша ұйымдастырушылық, техникалық және қаржылық мүмкіндіктерінің бар-жоғы;

2) пайдаланылатын бақылау және қадағалау объектілерінің техникалық жай-күйінің ерекшеліктері;

3) мемлекеттік органдарда, жергілікті атқарушы органдарда тиісті рұқсат алу немесе "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына 1, 2 және 3-қосымшаларда көзделген хабарламаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де міндетті қорытындыларды, келісулерді, құжаттарды беру мерзімдері ескерілуі мүмкін.

20. Қосымша уақыттық және (немесе) қаржылық шығындар қажет болған жағдайда бақылау және қадағалау субъектісі өзіне анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама табыс етілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей тексеру жүргізген бақылау және қадағалау органына, жедел ықпал ету шараларының талаптарын бұзушылықтарды қоспағанда, анықталған бұзушылықтарды жоюдың нақты мерзімдері мен уақыттық және қаржылық шығындар бойынша негіздемесі көрсетілген оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса беріп, анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтінішпен (анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама табыс етілген күннен бастап бір жылдан аспайтын мерзім) жүгінуге құқылы.

Бақылау және қадағалау субъектісі анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтініште анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қабылданатын шараларды және оларды жою мерзімдерін ұзартудың объективті себептерін баяндауға міндетті.

Тексеру жүргізген бақылау және қадағалау органы анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтінішті алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде баяндалған дәлелдерді ескере отырып, анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы, өзге мерзімді белгілеу туралы немесе уәжді негіздемемен ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

21. Бақылау және қадағалау субъектісі анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада және анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарында (болған кезде) белгіленген мерзім ішінде тексеру жүргізген бақылау және қадағалау органына анықталған бұзушылықтарды жою туралы түбегейлі ақпарат беруге міндетті.

Бақылау және қадағалау субъектісі анықталған бұзушылықтарды жою туралы берілген ақпаратқа бұзушылықты жою фактісін дәлелдейтін материалдарды, фото және бейнематериалдарды қоса береді.

Бұл жағдайда осы Заңның 39-2-бабы 7-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру жүргізілмейді.

22. Бақылау және қадағалау субъектісі тексеру қорытындысына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.

Тексеру нәтижелерінің жарамсыз деп танылуы олардың ішінара не толық көлемде күшінің жойылуына негіз болып табылады.

23. Тексерулер бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) жұмыскерлерінің және халықтың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін, дереу жоюды талап ететін өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтардың жолын кесу қажеттілігіне байланысты жұмыстан тыс уақытта (тәуліктің түнгі уақыты, демалыс немесе мереке күндері) жүргізілуі мүмкін.

Жұмыстан тыс уақытта тексеру жүргізу жөніндегі шешім бақылау және қадағалау органы басшысының не оны алмастыратын адамның бұйрығымен рәсімделеді.

39-4. Тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды келісу

Бақылау және қадағалау органының лауазымды адамы инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты қолданылатын тыйым салу-шектеу сипатындағы, оның ішінде жедел ықпал ету шараларын прокурормен мына мәселелер бойынша келіседі:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу;

2) рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданылуын тоқтата тұру, одан айыру (кері қайтарып алу);

3) рұқсат беруден бас тарту не оның қолданылу мерзімін ұзарту;

4) бақылау және қадағалау органының инвесторлар тізіліміне енгізілген инвестордың пайдасына бұрын шығарылған шешімінің күшін жою (кері қайтарып алу).

Прокурормен келісудің қорытындысы бойынша қабылданған шешім туралы бақылау және қадағалау органы инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторды хабардар етеді.

39-5-бап. Бақылау және қадағалау органы лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері

1. Бақылау және қадағалау органының лауазымды адамдары тексеру жүргізу кезінде:

1) осы Заңның 39-3-бабының 2-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынған кезде бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) аумағы мен үй-жайларына кедергісіз кіруге;

2) тексеру нәтижелері туралы актіге немесе тексеру қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға қоса тіркеу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін алуға, сондай-ақ тексеру нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорларға (ақпараттық жүйелерге) қол жеткізуге;

3) аудио -, фото- және бейнетүсірілімді жүзеге асыруға;

4) тексеру нысанасына жататын техникалық бақылау құралдарының, байқау және тіркеп-белгілеу аспаптарының, фото - және бейнеаппаратураның жазбаларын пайдалануға;

5) мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдардың мамандарын, консультанттары мен сарапшыларын, сондай-ақ лауазымды адамдарын тартуға;

6) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар бойынша сотқа жүгінуге және істерді сот қараған кезде қатысуға құқылы.

2. Бақылау және қадағалау органының лауазымды адамдарының тексеру нысанасына жатпайтын талаптар қоюына және өтініштермен жүгінуіне тыйым салынады.

3. Тексеру жүргізу кезінде бақылау және қадағалау органының лауазымды адамдары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, бақылау және қадағалау субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға;

2) тексерулерді осы Заңда белгіленген тәртіп негізінде және қатаң түрде соған сәйкес жүргізуге;

3) егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, тексеру жүргізу кезеңінде бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеуге;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу жөнінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген өкілеттіктерді уақтылы және толық көлемде орындауға;

5) бақылау және қадағалау субъектісінің не оның уәкілетті өкілінің тексеру жүргізу кезінде қатысуына кедергі жасамауға, тексеру нысанасына қатысты мәселелер бойынша түсініктемелер беруге;

6) бақылау және қадағалау субъектісіне тексеру нысанасына қатысты қажетті ақпарат беруге;

7) бақылау және қадағалау субъектісіне тексеру нәтижелері туралы актіні, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайларда – анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы, жедел ықпал ету шараларының талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы актіні тиісті түрде табыс етуге;

8) тексеру жүргізу нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

39-6-бап. Бақылау және қадағалау субъектісінің не оның уәкілетті өкілінің құқықтары мен міндеттері

1. Бақылау және қадағалау субъектісі не оның уәкілетті өкілі тексеру жүргізу кезінде:

1) бақылау және қадағалау органының тексеру жүргізу үшін келген лауазымды адамдарын:

тексеру жүргізудің жиілігі сақталмаған;

осы Заңда белгіленген мерзімдерге сәйкес келмейтін, тексеруді тағайындау туралы актіде (болған кезде мерзімін ұзарту, тоқтата тұру және қайта бастау туралы актілерінде) көрсетілген мерзімдер асып кеткен не өтіп кеткен;

осы Заңның 39-2-бабы 7-тармағының 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, бақылау және қадағалау органы өзіне қатысты бұрын сол бір мәселе бойынша және сол бір кезеңде тексеру жүргізілген бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) тексеру тағайындаған;

жасалған не дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініште немесе хабарда, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар туралы өзге де жолданымдарда көрсетілген уақыт аралығы шеңберінен шығатын кезеңге тексеру тағайындаған;

тиісті өкілеттіктері жоқ лауазымды адамдарға тексеру жүргізу тапсырылған;

тексеруді тағайындау туралы бір актіде бірнеше бақылау және қадағалау субъектісі көрсетілген;

осы Заңның 39-7-бабының 2-тармағында белгіленген өрескел бұзушылықтар болған жағдайда тексеруге жібермеуге;

2) егер тексеру нысанасына, сондай-ақ тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген кезеңге жатпаса, құжаттар мен мәліметтерді ұсынбауға;

3) бақылау және қадағалау органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

4) бақылау және қадағалау органының немесе бақылау және қадағалау органы лауазымды адамдарының бақылау және қадағалау субъектілерінің қызметін шектейтін, заңға негізделмеген тыйымдарын орындамауға;

5) тексеруді жүзеге асыру процесін, сондай-ақ бақылау және қадағалау органы лауазымды адамдарының тексеру шеңберінде жүргізетін жекелеген әрекеттерін бақылау және қадағалау органы лауазымды адамдарының қызметіне кедергілер келтірмей, аудио -, фото- және бейнетехника көмегімен тіркеп-белгілеуге;

6) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру, сондай-ақ үшінші тұлғалардың осы тармақтың 5) тармақшасында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруы мақсатында тексеруге үшінші тұлғаларды қатысуға тартуға құқылы.

2. Бақылау және қадағалау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері бақылау және қадағалау органы тексеру жүргізген кезде:

1) бақылау және қадағалау органы лауазымды адамдарының бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) аумағы мен үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) коммерциялық, салықтық не Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияларды қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, бақылау және қадағалау органының лауазымды адамдарына тексеру нәтижелері туралы актіге және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға қоса тіркеу үшін құжаттардың (мәліметтердің) көшірмелерін қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынуға, сондай-ақ тексеру нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорға (ақпараттық жүйелерге) қолжетімділік беруге;

3) тексеруді тағайындау туралы актінің екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;

4) тексеру аяқталған күні тексеру нәтижелері туралы актінің екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;

5) анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;

6) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, тексеру жүргізу кезеңінде тексерілетін құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол бермеуге;

7) бақылау және қадағалау объектісіне тексеру жүргізу үшін келген адамдардың осы объект үшін белгіленген нормативтерге сәйкес зиянды және қауіпті өндірістік ықпал ету факторларынан қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

8) тексеруді тағайындау туралы актіні алған жағдайда бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы не оның уәкілетті өкілі тексерудің белгіленген мерзімдерінде бақылау және қадағалау объектісі орналасқан жерде болуға міндетті.

39-7-бап. Өрескел бұзушылықпен жүргізілген тексерудің жарамсыздығы

1. Егер бақылау және қадағалау органы тексеруді ұйымдастыру мен жүргізуді өрескел бұзушылықпен жүргізсе, тексерулер жарамсыз деп танылады.

2. Өрескел бұзушылықтарға мыналар жатады:

- 1) тексеру жүргізу негіздерінің болмауы;
- 2) тексеруді тағайындау туралы актінің болмауы;
- 3) тексеру мерзімдерінің сақталмауы;
- 4) тексеру жүргізу кезеңділігінің бұзылуы;

5) бақылау және қадағалау органының өз құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша тексеруді тағайындауы.";

41) 40-бапта:

1-тармақ "қауіпті өндірістік объектілерді" деген сөздерден кейін ", қауіпті техникалық құрылғыларды" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 6), 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланудың штаттық режимін және қауіпті техникалық құрылғылардың техникалық жай-күйін сақтау;

7) ғимараттарды, құрылысжайлар мен жабдықтарды пайдалануға дайын күйде күтіп-ұстау;

8) негізгі және қосалқы жабдықтарды жөндеу графиктерін сақтау.";

4-тармақтың 8) тармақшасындағы "заңнамасында" деген сөз "нормативтік құқықтық актілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

42) мынадай мазмұндағы 40-1 және 40-2-баптармен толықтырылсын:

"40-1-бап. Төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы мемлекеттік бақылау төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы мемлекеттік бақылау субъектілері болып табылады.

3. Төтенше жағдайлардың алдын алу саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға:

1) Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы – уәкілетті орган ведомствосының басшысы;

2) Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасары – уәкілетті орган ведомствосы басшысының орынбасары;

3) Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторы – уәкілетті орган ведомствосының лауазымды адамы;

4) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы – уәкілетті органның облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық органының басшысы;

5) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасары – уәкілетті органның облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық органы басшысының орынбасары;

6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторы – уәкілетті органның облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық органының лауазымды адамы жатқызылады.

40-2-бап. Төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі

1. Төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы мемлекеттік бақылау осы бапқа сәйкес жоспарлы және жоспардан тыс тексеру нысанында жүзеге асырылады.

2. Жоспарлы тексеру уәкілетті органның бірінші басшысы бекіткен жоспарлы тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарлары негізінде тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанынан кешіктірілмей және ағымдағы күнтізбелік жылдың 10 маусымына дейін жүргізіледі.

Жоспарлы тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарында мыналар қамтылады:

1) жоспардың бекітілген күні мен нөмірі;

2) мемлекеттік органның атауы;

3) тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның атауы, оның орналасқан жері;

4) тексеру нысанасы;

5) тексеру жүргізу мерзімдері;

6) жоспарға қол қоюға уәкілетті адамның қолы.

Жоспарлы тексеру жүргізу туралы хабарлама жоспарлы тексерулердің жартыжылдық жоспары болып табылады және ол тексеру жүргізілген жылдың алдындағы жылдың 20 желтоқсанынан және ағымдағы күнтізбелік жылдың 20 маусымынан кешіктірілмей уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Жоспарлы тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тексерілетін орталық және жергілікті атқарушы орган таратылған, қайта ұйымдастырылған, оның атауы өзгерген, тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органдар арасында өкілеттіктер қайта бөлінген, сондай-ақ табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай туындаған, төтенше жағдай режимі енгізілген, эпидемияның, карантиндік объектілер мен аса қауіпті зиянды

организмдер ошақтарының, инфекциялық, паразиттік аурулардың таралуы, уланулар, радиациялық авариялар және солармен байланысты шектеулер туындаған немесе олардың туындау қатері төнген жағдайларда жүзеге асырылады.

Осы тармақтың төртінші бөлігінде көрсетілген жағдайлар басталған кезде тексеру ұзартылуы не тоқтатыла тұруы мүмкін.

Жоспарлы тексерулерді жүргізу мерзімдері алдағы жұмыстардың көлемі, сондай-ақ қойылған міндеттер ескеріле отырып белгіленеді және он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартыла отырып, он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс. Жоспарлы тексеруді жүргізу мерзімі жоспарлы тексеру жүргізу тоқтатыла тұрған кезде үзіледі және жоспарлы тексеру қайта басталған кезден бастап жалғасады.

Жоспарлы тексерулерді жүргізу мерзімі бір рет қана ұзартылуы мүмкін. Ұзарту уәкілетті органның ведомствосы немесе аумақтық органы басшысының шешімімен жүзеге асырылады. Жоспарлы тексерулерді жүргізу мерзімдерін ұзарту тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органды хабардар ете отырып, жоспарлы тексерулер мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актімен ресімделеді, онда тексерулерді тағайындау туралы актінің күні мен нөмірі және ұзарту себептері көрсетіледі. Жоспарлы тексеру мерзімдерін ұзарту туралы хабарламаны уәкілетті органның ведомствосы немесе аумақтық органы табыс етілгені туралы хабарламамен қоса, ұзартылғанға дейін бір жұмыс күні бұрын тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органға табыс етеді.

3. Тексеру тексеруді тағайындау туралы актінің негізінде бару арқылы жүргізіледі, онда мыналар көрсетіледі:

- 1) актінің күні мен нөмірі;
- 2) мемлекеттік органның атауы;
- 3) тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;
- 4) тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандар, консультанттар мен сарапшылар туралы мәліметтер;
- 5) тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның атауы, оның тұрған жері;
- 6) тағайындалған тексерудің нысанасы;
- 7) тексерудің түрі;
- 8) тексеру жүргізу мерзімі;
- 9) тексеру жүргізу негіздері;
- 10) тексерілетін кезең;
- 11) тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның осы баптың 18 және 19-тармақтарында көзделген құқықтары мен міндеттері;
- 12) тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы орган басшысының не оның уәкілетті адамының актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы қолы;

13) актіге қол қоюға уәкілетті адамның қолы.

Тексерулерді тағайындау, ұзарту, тоқтата тұру және қайта бастау туралы актілерге уәкілетті орган ведомствосының немесе аумақтық органының басшысы қол қояды.

Тексеруді тағайындау туралы акт тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органға табыс етілген күн немесе тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның электрондық поштасының мекенжайы бойынша оған электрондық құжат арқылы жіберілген күн тексеру жүргізудің басталғаны деп есептеледі.

4. Тексеруді тағайындау туралы актімен танысудан бас тартылған, уәкілетті орган ведомствосының немесе аумақтық органының тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамының тексеру жүргізу үшін қажетті материалдарға қол жеткізуіне кедергі жасалған жағдайларда тиісті акт жасалады.

Бас тарту туралы актіге уәкілетті орган ведомствосының немесе аумақтық органының тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамы және тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның басшысы не оның уәкілетті адамы қол қояды.

Тексеруді тағайындау туралы актіні алудан бас тартылған кезде уәкілетті орган ведомствосының немесе аумақтық органының лауазымды адамы тексеру жүргізуді бастауға негіз болып табылатын тексеруді тағайындау туралы актіні хабарламасы бар тапсырысты хатпен – поштамен не электрондық құжат арқылы жібереді.

Тексеруді тағайындау туралы актіні алудан бас тарту оны орындамауға негіз болып табылмайды.

5. Тексерілетін орталық немесе мемлекеттік атқарушы органға қатысты жоспарлы тексеру төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі талаптарға сәйкестігі тұрғысынан жыл сайын жүзеге асырылады.

6. Жоспардан тыс тексеруге:

1) бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада көрсетілген талаптардың орындалуын бақылау (тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы орган анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты белгіленген мерзімде ұсынбаған немесе толық ұсынбаған жағдайларда);

2) тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органға қатысты негіздер мен растайтын дәлелдемелер болған кезде төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі талаптарды бұзушылықтардың нақты фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары;

3) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтірудің не нұқсан келтіру қатері туралы нақты фактілер бойынша прокурордың талаптары;

4) жеке және заңды тұлғалардың төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтардың нақты фактілері бойынша мемлекеттік органдардың жолданымдары;

5) қылмыстық қудалау органының Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша тапсырмалары негіз болып табылады.

Уәкілетті органның ведомствосы немесе аумақтық органы тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органға жоспардан тыс тексеру жүргізудің басталатыны туралы тексеру жүргізу нысанасын көрсете отырып, ол басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын хабарлауға міндетті.

7. Жоспардан тыс тексеру жүргізу мерзімі он жұмыс күніне дейін ұзартыла отырып, он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Жоспардан тыс тексеруді жүргізу мерзімі бір рет қана ұзартылуы мүмкін. Ұзарту уәкілетті органның ведомствосы немесе аумақтық органы басшысының шешімімен жүзеге асырылады. Жоспардан тыс тексеру жүргізу мерзімдерін ұзарту тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы орган хабардар етіле отырып, жоспардан тыс тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актімен ресімделеді, онда тексерулерді тағайындау туралы актінің күні мен нөмірі және ұзарту себептері көрсетіледі. Жоспардан тыс тексеру мерзімдерін ұзарту туралы хабарлама табыс етілгені туралы хабарламамен қоса, ұзартылғанға дейін бір жұмыс күні бұрын тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органға табыс етіледі.

8. Анонимдік жолданымдар болған жағдайларда жоспардан тыс тексерулер жүргізілмейді. Жоспардан тыс тексеруді тағайындауға негіз болған фактілер мен мән-жайлар жоспардан тыс тексерілуге жатады.

9. Тексеру бұзушылықтардың жолын кесу және (немесе) олардың жасалу мән-жайларын анықтау қажеттілігіне байланысты болған жағдайларды (демалыс, мереке күндері немесе тәуліктің түнгі уақытында) қоспағанда, тексерулер ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларында белгіленген жұмыс уақытында жүзеге асырылады.

10. Тексеру нәтижелері туралы қорытындыда мыналар көрсетіледі:

- 1) қорытындының жасалған күні, нөмірі мен орны;
- 2) мемлекеттік органның атауы;
- 3) тексеруді тағайындау туралы актінің (болған кезде мерзімін ұзарту туралы қосымша актінің) күні мен нөмірі;
- 4) тексеру жүргізген адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер олар жеке басты куәландыратын құжаттарда көрсетілсе) және лауазымы;
- 5) тексеру жүргізу үшін тартылған мамандар, консультанттар мен сарапшылар туралы мәліметтер;
- 6) тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның атауы, оның тұрған жері;
- 7) тексерудің нысанасы;
- 8) тексерудің түрі;
- 9) тексеру жүргізу мерзімі мен кезеңі;

10) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар, олардың сипаты туралы мәліметтер;

11) тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы орган басшысының не оның уәкілетті адамының, сондай-ақ тексеру жүргізу кезінде қатысқан адамдардың қорытындымен танысқаны немесе танысудан бас тартқаны туралы мәліметтер, олардың қолы немесе қол қоюдан бас тартқаны туралы жазба;

12) тексеру жүргізген лауазымды адамдардың қолы.

Тексеру нәтижелері туралы қорытындының негізінде бұзушылықтарды жою туралы нұсқама жасалады, онда мыналар көрсетіледі:

1) нұсқаманың жасалған күні, нөмірі және орны;

2) мемлекеттік органның атауы;

3) тексеруді тағайындау туралы актінің күні мен нөмірі;

4) тексеру жүргізген адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжаттарда көрсетілсе) және лауазымы;

5) тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның атауы, оның орналасқан жері;

6) тексеру нысанасы;

7) тексеру түрі;

8) тексеру жүргізу мерзімі мен кезеңі;

9) талаптарды орындау және бұзушылықтарға жол берген адамдарға қатысты шаралар қабылдау мерзімін көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою туралы талаптар;

10) тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы орган басшысының не оның уәкілетті адамының, сондай-ақ тексеру жүргізу кезінде қатысқан адамдардың нұсқамамен танысқаны немесе танысудан бас тартқаны туралы мәліметтер, олардың қолы немесе қол қоюдан бас тартқаны туралы жазба;

11) тексеру жүргізген лауазымды адамдардың қолы.

Тексеру нәтижелері туралы қорытындыға, бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға болған кезде тексеру нәтижелеріне байланысты құжаттар немесе олардың көшірмелері қоса беріледі.

Тексеру нәтижелері бойынша тексеру нәтижелері туралы қорытынды шығарылады және бұзушылықтар анықталған жағдайда әкімшілік іс жүргізуді қозғай отырып бұзушылықтарды жою туралы нұсқама шығарылады.

Анықталған бұзушылықтарды жою туралы талаптарды орындау мерзімі бұзушылықтарды жою туралы нұсқама табыс етілген күннен бастап кемінде он жұмыс күнін құрайды.

11. Тексеру нәтижелері туралы қорытындының, бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың электрондық нысандағы бірінші данасы өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын

мемлекеттік органға тапсырылады, екінші данасы қағаз жеткізгіште қол қойғызып немесе электрондық нысанда тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органға (басшыға не оның уәкілетті адамына) танысу және анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау және басқа да іс-қимылдар үшін тапсырылады, үшінші данасы уәкілетті органның ведомствосында немесе аумақтық органында қалады.

Тексеру нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда, тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы орган оларды жазбаша түрде баяндайды және тексеру нәтижелері туралы қорытынды, бұзушылықтарды жою туралы нұсқама табыс етілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ведомствосына немесе аумақтық органына жібереді. Тексеруді жүргізген лауазымды адам тексерудің нәтижелері туралы қорытындыға, бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға тиісті жазба жасайды.

Уәкілетті органның ведомствосы немесе аумақтық органы тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның ескертулерін және (немесе) қарсылықтарын қарайды және он жұмыс күні ішінде уәжді жауап береді.

12. Тексеру жүргізу кезінде төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі талаптарды бұзушылықтар болмаған жағдайда, тексеру нәтижелері туралы қорытындыда тиісті жазба жүргізіледі.

13. Тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органға тексеруді тағайындау туралы актіде (болған кезде мерзімді ұзарту туралы қосымша актіде) көрсетілген тексерудің аяқталу мерзімінен кешіктірілмей тексеру нәтижелері туралы қорытынды, бұзушылықтарды жою туралы нұсқама табыс етілген күн тексеру мерзімінің аяқталғаны болып есептеледі.

14. Тексеру нәтижелері туралы қорытындыда, бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада көрсетілген анықталған бұзушылықтарды жою туралы талаптар тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның орындауы үшін міндетті болып табылады.

Бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада көрсетілген анықталған бұзушылықтарды жою мерзімі өткеннен кейін тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы орган бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада белгіленген мерзім ішінде уәкілетті органның ведомствосына немесе аумақтық органына анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпарат беруге міндетті.

Тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы орган анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпаратты белгіленген мерзімде ұсынбаған немесе толық ұсынбаған жағдайларда уәкілетті органның ведомствосы немесе аумақтық органы осы баптың 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеруді тағайындайды және әкімшілік жауаптылыққа тартады.

Тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы орган анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ұсынылған ақпаратқа бұзушылықтарды жою

фактісін дәлелдейтін материалдарды қоса береді. Бұл жағдайда жоспардан тыс тексеру талап етілмейді.

15. Егер уәкілетті органның ведомствосы немесе аумақтық органы тексерулерді осы бапта белгіленген тексерулер жүргізу жөніндегі талаптарды бұза отырып жүргізсе, олар жарамсыз деп танылады.

16. Тексеруді жүзеге асыру кезінде тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы орган уәкілетті органның ведомствосы немесе аумақтық органы лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жоғары тұрған лауазымды адамға не сотқа шағым жасауға құқылы.

17. Уәкілетті органның ведомствосы немесе аумақтық органы лауазымды адамдарының тексеру жүргізу кезінде:

1) рұқсаттамалық және объектішілік режимдердің талаптарын сақтай отырып, тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруге;

2) тексеру нәтижелері туралы қорытындыға, бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаларға қоса тіркеу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін, сондай-ақ тексерудің нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорларға (ақпараттық жүйелерге) қолжетімділікті алуға;

3) тексеру жүргізу үшін мамандарды, консультанттар мен сарапшыларды тартуға;

4) аудио-, фото- және бейнетүсірілімді жүзеге асыруға;

5) тексерудің нысанасына жататын техникалық байқау, өлшеу және тіркеп-белгілеу аспаптарының, фото- және бейнеаппаратуралардың жазбаларын пайдалануға;

6) лауазымды адамдардан тексеру нысанасы бойынша жазбаша және (немесе) немесе ауызша түсініктемелер алуға құқығы бар.

Уәкілетті орган ведомствосының немесе аумақтық органының тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдарының тексеру нысанасына жатпайтын талаптар қоюына және өтініштермен жүгінуіне тыйым салынады.

Уәкілетті орган ведомствосының немесе аумақтық органының лауазымды адамдары тексеру жүргізу кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға;

2) тексерулерді осы бапта белгіленген тәртіп негізінде және қатаң түрде соған сәйкес жүргізуге;

3) тексеру жүргізу кезеңінде тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеуге;

4) тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның не оның уәкілетті адамының тексеру жүргізу кезінде қатысуына кедергі келтірмеуге, тексеру нысанасына қатысты мәселелер бойынша ауызша және (немесе) жазбаша түсініктемелер беруге;

5) тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органдарға тексеру нысанасына қатысты қажетті ақпарат беруге;

6) тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органға тексеру нәтижелері туралы қорытындыны, бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы тексеру тағайындау туралы актіде (болған кезде мерзімді ұзарту туралы қосымша актіде) көрсетілген тексерудің аяқталу мерзімінен кешіктірмей табыс етуге;

7) тексеру жүргізу нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге;

8) төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі талаптарды бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау және жолын кесу бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген өкілеттіктерді уақтылы және толық көлемде орындауға міндетті.

Уәкілетті орган ведомствосының немесе аумақтық органының тексеру жүргізу үшін келген лауазымды адамдары тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органға:

1) тексеруді тағайындау туралы актіні;

2) қызметтік куәлігін (сәйкестендіру картасын);

3) қажет болған жағдайда – құзыретті органның режимдік объектілерге баруға рұқсатын көрсетуге міндетті.

18. Тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның тексеру жүргізу кезінде:

1) егер құжаттар мен мәліметтер тексеру нысанасына жатпаса, оларды ұсынбауға;

2) тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша қосымша уақыт және (немесе) қаржылық шығындар қажет болған жағдайда үш жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына немесе аумақтық органына бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтінішпен жүгінуге;

3) тексеру нәтижелері туралы қорытындыға, бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

4) уәкілетті органның ведомствосы немесе аумақтық органы лауазымды адамдарының тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның қызметін шектейтін, заңға негізделмеген тыйымдарын орындамауға;

5) тексеруді жүзеге асыру процесін, сондай-ақ уәкілетті органның ведомствосы немесе аумақтық органы лауазымды адамының тексеру шеңберінде жүргізіп жатқан жекелеген әрекеттерін лауазымды адамның қызметіне кедергі жасамай, аудио- және бейнетехника құралдарының көмегімен тіркеп-белгілеуге;

б) уәкілетті орган ведомствосының немесе аумақтық органының тексеру жүргізу үшін келген лауазымды адамдарын:

осы бапта белгіленген мерзімдерге сәйкес келмейтін, тексеруді тағайындау туралы актіде (болған кезде мерзімді ұзарту туралы қосымша актіде) көрсетілген мерзімдер асып кеткен не өтіп кеткен;

осы баптың 17-тармағының төртінші бөлігінде көзделген құжаттар болмаған жағдайда тексеруге жібермеуге құқылы.

19. Тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органдар не олардың уәкілетті адамдары тексеру жүргізілген кезде:

1) уәкілетті органның ведомствосы немесе аумақтық органы лауазымды адамдарының рұқсаттамалық және объектішілік режимдердің талаптарын сақтай отырып, тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтай отырып, уәкілетті орган ведомствосының немесе аумақтық органының лауазымды адамдарына тексеру нәтижелері туралы қорытындыға, бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаларға қоса тіркеу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін, сондай-ақ тексерудің нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорларға (ақпараттық жүйелерге) қолжетімділікті беруге;

3) тексеру басталған күні тексеруді тағайындау туралы актіні, аяқталған күні тексерудің нәтижелері туралы қорытындыны және бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы алғаны туралы белгі жасауға;

4) егер осы Заңда не Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше көзделмесе, тексеру жүргізу кезеңінде тексерілетін құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол бермеуге;

5) басшының не оның уәкілетті адамының тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның орналасқан жері бойынша тексерудің белгіленген мерзімдерінде болуын қамтамасыз етуге;

б) уәкілетті орган ведомствосының немесе аумақтық органының лауазымды адамының талабы бойынша тексеру нысанасы бойынша ауызша және (немесе) жазбаша түсініктемелер беру міндетті.

20. Егер тексеру жүргізу нәтижесінде тексерілетін орталық немесе жергілікті атқарушы органның Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу (орындамау) фактісі анықталса, әкімшілік құқық бұзушылық құрамының белгілерін көрсететін жеткілікті деректер болған кезде уәкілетті орган ведомствосының немесе аумақтық органының лауазымды адамдары өкілеттіктері шегінде бұзушылықтарға жол берген адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қабылдайды.";

43) 41-баптың 2-тармағында:

2) тармақшаның төртінші абзацы алып тасталсын;

8) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі талаптарды орындау;"

15) тармақшадағы "қауіпті" деген сөз "осы Заңда айқындалған қауіпті" деген сөздермен ауыстырылсын;

44) мынадай мазмұндағы 8-1-тараумен толықтырылсын:

"8-1-тарау. Сейсмикалық қауіпсіздік

44-1-бап. Сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Сейсмикалық қауіпсіздік сейсмикалық қауіпті және сейсмикалық қауіп-қатерге бағалауды жүзеге асыру мен сейсмологиялық мониторинг жүргізуді қоса алғанда, жер сілкінісінен қорғау жөніндегі іс-шараларды өткізу арқылы қамтамасыз етіледі.

44-2-бап. Жер сілкінісінен қорғау жөніндегі іс-шаралар

Адамдардың өмірі мен денсаулығын, инфрақұрылым объектілерін, ғимараттар мен құрылысжайларды жер сілкінісінен қорғау мақсатында мыналар жүргізіледі:

1) сейсмологиялық станциялар желісін және ерте құлақтандырудың автоматтандырылған жүйесін кеңейту және жаңғырту;

2) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер, ғылыми болжау жүргізу;

3) сейсмикалық аймақтарға бөлудің (аудандастырудың) әртүрлі ауқымды карталарын ескере отырып, нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу;

4) сейсмикалық қауіпті өңірлерде ғимараттар мен құрылысжайларға паспорттауды жүргізу;

5) сейсмикалық қауіпті өңірлерде сейсмикалық берік құрылыс салуды және ғимараттар мен құрылысжайларды сейсмикалық жағынан күшейтуді жүргізу;

6) сейсмикалық аймақтарға бөлу (аудандастыру);

7) сейсмологиялық мониторинг.

44-3-бап. Сейсмикалық қауіпті және сейсмикалық қауіп-қатерді бағалау

1. Сейсмикалық қауіпті және сейсмикалық қауіп-қатерді бағалауды ғылыми ұйымдар жүргізеді.

2. Сейсмикалық қауіпті бағалау жер үстіндегі тербелістердің қарқындылығын есептеуді және олардың пайда болу ықтималдығын бағалауды қамтиды.

Сейсмикалық қауіпті бағалау нәтижелері негізінде сейсмикалық аймақтарға бөлудің (аудандастырудың) әртүрлі ауқымды карталары жасалады.

3. Сейсмикалық қауіп-қатерді бағалау жер сілкінісінен туындауы мүмкін адам өлімі мен материалдық шығындардың ғылыми болжамын әзірлеу арқылы жүзеге асырылады.

Сейсмикалық қауіп-қатерді бағалау нәтижелері бойынша сейсмикалық қауіп-қатер карталарын әзірлеу жүзеге асырылады.

Сейсмикалық қауіп-қатер карталары жер сілкінісінің салдарын жою үшін қолданылады.

4. Сейсмикалық аймақтарға бөлудің (аудандастырудың) әртүрлі ауқымды карталарын және сейсмикалық қауіп-қатер карталарын әзірлеу және қолдану тәртібін уәкілетті орган айқындайды.";

45) 46-баптың 2-тармағында:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті орган айқындайтын тыңдаушылар санатына қатысты азаматтық қорғау саласында оқыту уәкілетті органның ұйымдарында, оқу орындарында және аумақтық органдарында жүргізіледі.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

төртінші бөліктегі "даярлықтан немесе қайта даярлықтан" деген сөздер "оқытудан" деген сөзбен ауыстырылсын;

46) 48-баптың үшінші абзацы "жергілікті ауқымдағы" деген сөздерден кейін " немесе объектілік ауқымдағы" деген сөздермен толықтырылсын;

47) мынадай мазмұндағы 49-1-баппен толықтырылсын:

"49-1-бап. Жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою кезіндегі басшылық

1. Жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою мақсатында Республикалық жедел штаб құрылады.

2. Республикалық жедел штаб Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою кезінде жалпы басшылықты жүзеге асыратын жұмыс органы болып табылады.

Республикалық жедел штаб туралы ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

3. Республикалық жедел штаб Республикалық жедел штабтың басшысынан, басшысының орынбасарларынан және мүшелерінен тұрады.

Республикалық жедел штабтың құрамына басшы ретінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, басшының орынбасарлары ретінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары және уәкілетті органның басшысы, сондай-ақ мүшелері ретінде өзге де мүдделі мемлекеттік органдардың басшылары кіреді.

4. Республикалық жедел штабтың міндеттері:

1) жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі шараларды әзірлеу;

2) жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру;

3) жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою үшін орталық, жергілікті атқарушы органдар мен өзге де ұйымдардың қызметін үйлестіру;

4) жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою кезеңінде жүргізілетін іс-шаралардың орындалуын бақылау болып табылады.

5. Республикалық жедел штабтың өкілеттіктері:

1) жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөнінде, оның ішінде жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдай аймағынан тыс орналасқан азаматтық қорғаудың және өзге де ұйымдардың қосымша күштері мен құралдарын тарту жөнінде шешімдер қабылдау;

2) жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервін пайдалануға ұсыныстар енгізу;

3) Қазақстан Республикасының Президентіне жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану және басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың күштері мен құралдарын тарту туралы ұсыныстар енгізу болып табылады.

6. Республикалық жедел штабтың шешімі хаттама түрінде ресімделеді, оған Республикалық жедел штабтың басшысы немесе басшысының орынбасарлары қол қояды және ол орталық және жергілікті атқарушы органдардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

7. Республикалық жедел штаб өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.";

48) 50-бапта:

2-тармақтың 2) тармақшасы "жергілікті ауқымдағы" деген сөздерден кейін "немесе объектілік ауқымдағы" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтың екінші бөлігіндегі "немесе оның ведомствосының аумақтық бөлімшесінің" деген сөздер "немесе оның аумақтық органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтың 8) тармақшасы "Қазақстан Республикасының Үкіметіне," деген сөздерден кейін "Республикалық жедел штабқа," деген сөздермен толықтырылсын;

49) мынадай мазмұндағы 53-1-баппен толықтырылсын:

"53-1-бап. Төтенше жағдайларды жою кезінде көлікті пайдалану

1. Төтенше жағдайларды жою кезінде төтенше жағдайларды жою басшысының шешімі негізінде төтенше жағдайларды жоюға байланысты жұмыстарды орындау үшін жеке және заңды тұлғалардың көлігі (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерін қоспағанда) пайдаланылуы мүмкін. Төтенше жағдайларды жоюға байланысты жұмыстарды орындау үшін жеке және заңды тұлғалардың көлігін пайдаланғаны үшін шығыстарды өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Төтенше жағдайларды жою кезінде уәкілетті мемлекеттік органдар төтенше жағдайларды жою басшысына көлік құралдарын мемлекеттік тіркеудің бірыңғай

ақпараттық жүйесіне және агроөнеркәсіптік кешеннің салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесіне шектеулі қолжетімділіктің берілуін қамтамасыз етеді.";

50) 57-бап мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайлардың салдарын жою кезінде басшылық осы Заңның 49-1-бабында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етіледі.

Жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайлардың салдарын жою кезінде көлікті пайдалану Республикалық жедел штабтың шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Төтенше жағдайлардың салдарын жоюға байланысты жұмыстарды орындау үшін жеке және заңды тұлғалардың көлігін пайдаланғаны үшін шығыстарды өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.";

51) 59-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары уәкілетті органнан, оның ведомствосынан, аумақтық органдарынан және уәкілетті органның білім беру ұйымдарынан тұрады.";

52) 60-баптың 2-тармағы "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын" деген сөздерден кейін ", салалық өртке қарсы қызметтерді" деген сөздермен толықтырылсын;

53) мынадай мазмұндағы 62-1 және 62-2-баптармен толықтырылсын:

"62-1-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы сақтандыру

1. Өрт қауіпсіздігі саласында сақтандырылуға жататын, алаңы екі мың шаршы метрден асатын, адамдар жаппай болатын объектілер тізбесіне кіретін объектінің иесі үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіргені үшін адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандыру шартын жасасуға міндетті.

Адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандыру шарты болмаған кезде өрт қауіпсіздігі саласында сақтандырылуға жататын, алаңы екі мың шаршы метрден асатын, адамдар жаппай болатын объектілер тізбесіне кіретін объектілердің қызметіне жол берілмейді.

2. Адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандыру шарты сақтандырушы мен адамдар жаппай болатын объектінің иесі арасында осы Заңның талаптарына сәйкес және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін, үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіргені үшін адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандырудың үлгілік шарты негізінде жазбаша түрде жасалады.

3. Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүлктік мүдделері адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің

азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандыру объектісі болып табылады

Адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандыру шарты күшіне енген күнінен бастап он екі ай мерзімге жасалады.

4. Адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандыру кезінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіруге алып келген адамдар жаппай болатын объектіде өрт шығу ықтималдығы сақтандыру тәуекелі деп танылады.

5. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандыру шартында айқындалады.

6. Адамдар жаппай болатын объектідегі өрт салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады.

Сақтандыру жағдайының басталу фактісі тараптардың келісімімен немесе соттың шешімімен үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіргені үшін адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандырудың үлгілік шартының талаптарына сәйкес белгіленеді.

7. Адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімімен айқындалады және адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандыру шарты жасалған күнге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде жетпіс бес мың еселенген сомасын құрауға тиіс.

8. Әрбір үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына, мүлкіне келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемінің мөлшері (сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемі) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленеді және кемінде мыналарды құрайды:

1) әрбір жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген және мыналарға алып келген зиян үшін:

өлім – бес мың;

мүгедектікті белгілеу:

бірінші топ – төрт мың;

екінші топ – үш мың;

үшінші топ – бір мың бес жүз;

бала – үш мың;

мүгедектік белгіленбей мертігу, жарақат алу немесе денсаулықтың өзге де зақымдануы – амбулаториялық және (немесе) стационарлық емдеуге арналған нақты шығыстар мөлшерінде, бірақ жеті жүз елуден көп емес;

2) бір жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін – келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ бір мың бес жүзден көп емес;

3) бір мезгілде екі және одан көп жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін – келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ әрбір жәбірленушіге бір мың бес жүзден көп емес. Барлық жәбірленуші бойынша мүлік жөнінде сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері он мың айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс. Жәбірленушілердің мүлкіне келтірілген зиян мөлшері сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен асып кеткен жағдайда әрбір жәбірленушіге сақтандыру төлемі оның мүлкіне келтірілген зиян дәрежесіне мөлшерлес жүзеге асырылады.

Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін сақтандыру төлемі жүзеге асырылған күнге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш пайдаланылады.

Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіргені үшін адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандырудың үлгілік шартында белгіленеді.

9. Адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандырудың өзге де шарттары үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіргені үшін адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандырудың үлгілік шарты негізінде тараптардың келісімімен айқындалады.

62-2-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит

1. Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит объектілердің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін немесе сәйкес еместігін белгілеу мақсатында жүзеге асырылады.

2. Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудитті сараптама ұйымы жүзеге асырады.

Өз қызметін жүзеге асыру үшін сараптама ұйымында "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен уәкілетті органның ведомствосы берген аккредиттеу аттестаты болуға тиіс.

3. Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит дара кәсіпкер немесе заңды тұлға мен сараптама ұйымы арасында жасалған өрт қауіпсіздігі саласында аудит жүргізуге арналған шарт негізінде жүргізіледі.

4. Өрт қауіпсіздігі саласында аудит жүргізу мерзімі үш айдан аспайды.

5. Сараптама ұйымы өрт қауіпсіздігі саласындағы аудиттің нәтижелері бойынша уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша қорытынды жасайды. Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит қорытындысының көшірмесі берілген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органның аумақтық органына ұсынылады.

Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит қорытындысының көшірмесін ұсынбау, уақтылы ұсынбау, анық емес ақпаратты қамтитын өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит қорытындысының көшірмесін ұсыну, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі саласындағы аудиттің көрінеу жалған қорытындысын ұсыну Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа алып келеді.

6. Аккредиттеу аттестатынан айыру Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Аккредиттеу аттестаты мынадай жағдайларда қолданысын тоқтатады:

1) уәкілетті органның ведомствосына аттестаттың қолданысын тоқтату туралы ерікті түрде жүгіну;

2) заңды тұлғаның таратылуы;

3) дара кәсіпкер қызметінің тоқтатылуы;

4) аккредиттеу аттестатынан айыру.";

54) 63-бапта:

1-тармақта:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органы және қорғаныс, әуе, ішкі су және теміржол көлігі объектілеріндегі өрттерді сөндіру үшін мемлекеттік өртке қарсы қызметті тарту және салалық өртке қарсы қызметтермен өзара іс-қимыл жасау тәртібі уәкілетті орган мен тиісті мемлекеттік органдар арасындағы келісімдермен регламенттеледі.";

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Орман өрттерін сөндіру үшін мемлекеттік өртке қарсы қызметті тарту тәртібі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 65-1-бабына сәйкес жүзеге асырылады.";

6-тармақтағы "мемлекеттік және мемлекеттік емес" деген сөздер "мемлекеттік, кәсіби және салалық" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың 1) тармақшасындағы "мемлекеттік емес" деген сөздер "кәсіби, салалық" деген сөздермен ауыстырылсын;

55) 12-тарау мынадай мазмұндағы 66-1, 66-2 және 66-3-баптармен толықтырылсын:

"66-1-бап. Арнаулы техникалық шарттарды келісу

1. Белгіленген нормалары мен қағидалары жоқ объектілерді өртке қарсы қорғау ерекшелігін көрсететін арнаулы техникалық шарттар уәкілетті органның ведомствосымен келісіледі.

2. Белгіленген нормалар мен қағидалары жоқ объектілерді өртке қарсы қорғау ерекшелігін көрсететін арнаулы техникалық шарттарды келісу тәртібі сәулет, қала

құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттарда, сондай-ақ белгіленген нормалары мен қағидалары жоқ объектілерді өртке қарсы қорғау ерекшелігін көрсететін арнаулы техникалық шарттарды келісу қағидаларында реттеледі

66-2-бап. Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беру

1. Адамдар жаппай болатын және биіктігі жиырма сегіз метрден асатын салынған объектіні қабылдау және пайдалануға беру алдында тапсырыс беруші "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды алуға міндетті.

2. Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беруді уәкілетті органның аумақтық органы жүзеге асырады.

3. Уәкілетті органның аумақтық органы тапсырыс беруші ұсынған өтініш негізінде адамдар жаппай болатын және биіктігі жиырма сегіз метрден асатын салынған объектіге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде өрт-техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асырады.

4. Уәкілетті органның аумақтық органы адамдар жаппай болатын және биіктігі жиырма сегіз метрден асатын салынған объектіге өрт-техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асырып, уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды береді.

Тиісті қорытындының көшірмесі мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы және қадағалауы органдарына жіберіледі.

5. Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытындымен келіспеген жағдайда, тапсырыс беруші оған Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде шағым жасауға құқылы.

66-3-бап. Өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызмет

1. Өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызмет уәкілетті органның ведомствосы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен берген өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат болған кезде жүзеге асырылады.

Өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат дара кәсіпкер немесе заңды тұлға уәкілетті орган белгілеген рұқсат беру талаптарына сәйкес келген жағдайда беріледі.

2. Өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға

Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасына сәйкес шарт негізінде қызмет көрсетілетін объектіде өрт автоматикасы жүйелерінің жұмыс істеп тұрған жағдайын және олардың жобалау құжаттамасына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Объектіде өрт автоматикасы жүйелерінің жобалау құжаттамасына сәйкес келмейтіні және (немесе) олардың жұмыс істемейтін жағдайда екендігі анықталған кезде уәкілетті органның аумақтық органы өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерге немесе заңды тұлғаға өрт қауіпсіздігі талаптарының анықталған бұзушылықтары туралы хабар береді.

Өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген ақпаратты алғаннан кейін шарттық міндеттемелер шегінде оларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

3. Өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның кінәсінен болған өрттің фактісі бойынша анықталған өрт автоматикасы жүйелерінің жұмыс істемейтін жағдайы және (немесе) олардың жобалау құжаттамасына сәйкес келмеуі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

4. Дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның рұқсат беру талаптарына сәйкес келмеуі Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа алып келеді.

5. Өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсаттан айыру Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат мынадай жағдайларда қолданысын тоқтатады:

1) уәкілетті органның ведомствосына рұқсаттың қолданысын тоқтату туралы ерікті түрде жүгіну;

2) заңды тұлғаның таратылуы;

3) дара кәсіпкер қызметінің тоқтатылуы;

4) рұқсаттан айыру.";

5) 67-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"67-бап. Кәсіби өртке қарсы қызмет

1. Кәсіби өртке қарсы қызметтің жұмысы ұйымдарда, елді мекендерде және объектілерде өрттердің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттерді сөндіруге байланысты авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі

жұмыстарды жүргізу құқығына "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен уәкілетті органның ведомствосы берген аттестат негізінде жүзеге асырылады.

Осы Заңға және Қазақстан Республикасының өртке қарсы қызметтің жұмысын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылатын, ұйымдарда, елді мекендерде және объектілерде өрттердің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттерді сөндіруге байланысты авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кәсіби өртке қарсы қызметтің міндеттері болып табылады.

2. Міндетті түрде кәсіби өртке қарсы қызмет құрылатын елді мекендердің, сондай-ақ ұйымдар мен объектілердің өрт қауіпсіздігі кәсіби өртке қарсы қызмет құру немесе кәсіби өртке қарсы қызметтердің қызмет көрсетуіне арналған шарттар жасасу жолымен қамтамасыз етіледі.

Кәсіби өртке қарсы қызметтің қызмет көрсетілетін ұйымдар мен объектілерде өрттерді сөндіруге жұмсалған шығындарын өтеу орындалған жұмыстар актісі бойынша жүзеге асырылады.

3. Кәсіби өртке қарсы қызмет өрттерді сөндіру жөніндегі міндеттерді орындауда мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына жәрдем көрсетуге міндетті.

4. Кәсіби өртке қарсы қызметке жұмысқа он сегіз жасқа толған және арнайы даярлық пен оқыту курсынан өткен Қазақстан Республикасының азаматтары қабылдана алады.

Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар, психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрған, психикасының бұзылуы салдарынан жарамсыз деп танылған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен кәсіби өртке қарсы қызметке жұмысқа қабылдана алмайды.

5. Кәсіби өртке қарсы қызмет өрт техникасымен, жабдықтармен, өртке қарсы жарақтармен, өрт сөндірушінің арнаулы қорғаныш киімімен жарақтандырылуға және мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары үшін белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс. Кәсіби өртке қарсы қызметті материалдық-техникалық жарақтандыру кезінде қызмет көрсетілетін ұйымдар мен объектілер қызметінің ерекшелігі ескеріледі.

6. Кәсіби өртке қарсы қызмет Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасының талаптарын бұза отырып қызметті жүзеге асырған, оның ішінде кәсіби өртке қарсы қызметтерге қойылатын рұқсат беру талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, кәсіби өртке қарсы қызмет Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

7. Ұйымдарда, елді мекендерде және объектілерде өрттердің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттерді сөндіруге байланысты авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттың қолданысын тоқтата тұру мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) кәсіби өртке қарсы қызметтерге қойылатын рұқсат беру талаптарының сақталмауы;

2) уәкілетті органға ерікті түрде жүгіну;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар.

Ұйымдарда, елді мекендерде және объектілерде өрттердің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттерді сөндіруге байланысты авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттың қолданысын тоқтата тұру кезеңінде кәсіби өртке қарсы қызмет ұйымдарда, елді мекендерде және объектілерде өрттердің алдын алу мен сөндіруден, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуден және өрттерді сөндіруге байланысты авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуден босатылмайды.

8. Кәсіби өртке қарсы қызмет анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымды орындамаған жағдайда, ұйымдарда, елді мекендерде және объектілерде өрттердің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттерді сөндіруге байланысты авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттан айыру Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

9. Ұйымдарда, елді мекендерде және объектілерде өрттердің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттерді сөндіруге байланысты авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына аттестат мына жағдайларда қолданысын тоқтатады:

1) уәкілетті органның ведомствосына аттестаттың қолданысын тоқтату туралы ерікті түрде жүгіну;

2) заңды тұлғаның таратылуы;

3) аттестаттан айыру.";

57) 68-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өртке қарсы ерікті құралымдар ерікті өрт сөндірушілерден жасақталады.

Ерікті өрт сөндірушілерге ерікті өрт сөндірушілерді бастапқы даярлаудың оқу бағдарламасына сәйкес он сегіз жасқа толған және ерікті өрт сөндірушілерді бастапқы даярлаудан өткен Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті негізде қабылданады.

Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар, психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша психикалық денсаулық

саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрған, психикасының бұзылуы салдарынан жарамсыз деп танылған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ерікті өрт сөндірушілер бола алмайды.

Ерікті өрт сөндірушілерге қабылданған азаматтар ерікті өрт сөндірушілер тізілімінде тіркеледі, оларды жүргізуді уәкілетті органның аумақтық органы жүзеге асырады.

Ерікті өрт сөндірушілерді кейіннен даярлау өрт сөндіру пункттерінде жүзеге асырылады.

Ерікті өрт сөндірушілердің кейінгі даярлық бағдарламасын өртке қарсы ерікті құралымның басшысы әзірлейді және оны уәкілетті органның аумақтық органының басшысы бекітеді.";

4-тармақта:

"орган ведомствосының аумақтық бөлімшесімен" деген сөздер "органның аумақтық органымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өрт сөндірушілерді" деген сөздерден кейін "өрт сөндіру пункттерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Ерікті өрт сөндіруші жұмыс уақытында жұмыс орнын (лауазымын) және орташа жалақысын сақтай отырып, оны дала өрттерінің, сондай-ақ ұйымдар мен елді мекендердегі өрттердің алдын алу және сөндіру жөніндегі іс-шараларға тартылған кезеңіне еңбек міндеттерін орындаудан босатылады.";

5-тармақта:

", өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету" деген сөздер алып тасталсын;

"авариялық-құтқару жұмыстарын" деген сөздер "дала өрттерін, сондай-ақ ұйымдар мен елді мекендердегі өрттерді сөндіруге байланысты авариялық-құтқару жұмыстарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Егер ерікті өрт сөндіруші еңбек қатынастарында болмаған жағдайда, 5, 6 және 7-тармақтарда көзделген төлемдер тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақы ескеріле отырып жүргізіледі.";

9-тармақ алып тасталсын;

58) 69-баптың 2-тармағында:

4) тармақшадағы "қауіпті" деген сөз "осы Заңда айқындалған қауіпті" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің қауіпті өндірістік объектілерде профилактикалық жұмыстарды тұрақты жүргізе отырып, тау-кен құтқару, газдан құтқару жұмыстарын және бұрқакқа қарсы жұмыстарды жүргізуі";

59) 70-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) техникалық құрылғылар пайдаланылмайтын геологиялық барлау объектілерін қоспағанда, тау-кен, геологиялық барлау, бұрғылау, жарылыс жұмыстарын, пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды, жерасты жағдайларындағы жұмыстарды жүргізу болып табылады.";

60) 71-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қауіпті өндірістік объектілерге, жылжымалы жүк көтергіш крандарды және көтергіштерді (мұнараларды), мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді қоспағанда, қауіпті техникалық құрылғылар да жатады.";

61) 72-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"72-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына заңды тұлғаларды аттестаттау

1. Заңды тұлғалар:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу;

2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы басшыларды, мамандарды және жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау;

3) жарылыс жұмыстары саласында сараптама жүргізу;

4) газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу;

5) газ тарату жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу;

6) сұйытылған мұнай газымен жабдықтау жүйелерінің объектілеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу;

7) лифтілерді, эскалаторларды, траволаторларды, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді монтаждауды, оларға техникалық қызмет көрсетуді, техникалық диагностикалауды, техникалық куәландыруды және жөндеуді жүргізу құқығына аттестатталуға жатады.

2. Заңды тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізіледі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған заңды тұлғаларға (бұдан әрі – аттестатталған ұйым) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестат беріледі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттың қолданылу мерзімі бес жылды құрайды.

3. Аттестатталған ұйым өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұза отырып қызметті жүзеге асырған, оның ішінде біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, аттестатталған ұйымдар Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

4. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттың қолданысын тоқтата тұру мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- 1) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталмауы;
- 2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға ерікті түрде жүгіну;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар.

5. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттың қолданысын тоқтата тұру өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге тоқтата тұру кезеңіне тыйым салуға алып келеді.

6. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттың қолданысын қайта бастау "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен аттестатталған ұйымның жолданымы бойынша жүзеге асырылады.

7. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында аттестатталатын жұмыс түрлерін жүргізу құқығына аттестаттан айыру Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

8. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестат мынадай жағдайларда қолданысын тоқтатады:

- 1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға аттестаттың қолданысын тоқтату туралы ерікті түрде жүгіну;
- 2) аттестаттың қолданылу мерзімінің аяқталуы;
- 3) заңды тұлғаның таратылуы;
- 4) аттестаттан айыру.

9. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган аттестатталған ұйымдар мен аттестаттарының қолданысы тоқтатылған ұйымдар туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырады.";

62) 73-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "осы Заңның 71-бабының 2-тармағында көрсетілген" деген сөздер алып тасталсын;

63) 74-бабының 6-тармақтың екінші бөлігіндегі "Техникалық құрылғылардың", "техникалық құрылғыларға" деген сөздер тиісінше "Қауіпті техникалық құрылғылардың", "қауіпті техникалық құрылғыларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

64) 75-баптың 4-тармағындағы "органның" деген сөз "орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

65) 76-баптың 9-тармағының бірінші бөлігі "өзгертілуге" деген сөзден кейін "немесе тіркеуден шығарылуға" деген сөздермен толықтырылсын;

66) 77-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөліктегі "органның" деген сөз "орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "органның" деген сөз "орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қауіпті өндірістік объектіні және қауіпті техникалық құрылғыны есепке қою, есептен шығару кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның ведомствосы аумақтық бөлімшесінің немесе әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қауіпті техникалық құрылғылардың қауіпсіз пайдаланылуын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның қауіпті өндірістік объектілерді және қауіпті техникалық құрылғыларды есепке алу журналдарына тиісті жазба жүргізіледі.";

67) 78-баптың 1-тармағында:

бірінші бөліктегі ", сондай-ақ стратегиялық объектілерді" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктегі "Өзге де" деген сөздер "Стратегиялық объектілерді және өзге де" деген сөздермен ауыстырылсын;

68) 79-бапта:

тақырыптағы "ұйымдардың мамандарын, жұмыскерлерін" деген сөздер "ұйымдардың басшыларын, мамандарын және жұмыскерлерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың бірінші және екінші бөліктеріндегі "мамандарын, жұмыскерлерін" деген сөздер "басшыларын, мамандарын және жұмыскерлерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

"мамандарын, жұмыскерлерін" деген сөздер "басшыларын, мамандарын және жұмыскерлерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мамандарды, жұмыскерлерді" деген сөздер "басшыларды, мамандарды және жұмыскерлерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "мамандарды, жұмыскерлерді" деген сөздер "басшыларды, мамандарды және жұмыскерлерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы "техникалық басшылар" деген сөздер "басшылар" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "техникалық басшылар" деген сөздер "басшылар" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақта:

бірінші абзацтағы "техникалық басшылар" деген сөздер "басшылар" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) егер жаңа міндеттер басшыдан, маманнан және жұмыскерден өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын қосымша білуді талап ететін болса, лауазымға тағайындалған кезде немесе басқа жұмысқа ауысқан кезде,";

5) тармақшадағы "орган" деген сөз "органның ведомствосы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта:

"мамандарының, жұмыскерлерінің" деген сөздер "басшыларының, мамандарының және жұмыскерлерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Білімі тексерілуге" деген сөздерден кейін "(емтихандарға)" деген сөзбен толықтырылсын;

7-тармақтағы "мамандарының, жұмыскерлерінің білімін тексеруді" деген сөздер "басшыларының, мамандарының және жұмыскерлерінің білімін тексеруді (емтихандарды)" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақ "білімді тексеруіне" деген сөздер кейін "(емтихандар өткізуіне)" деген сөздермен толықтырылсын;

11-тармақ "Білімді тексеру" деген сөздер кейін "(емтихандар)" деген сөзбен толықтырылсын;

69) 81-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі "органның" деген сөз "орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігі "органның" деген сөзден кейін "ведомствосы" деген сөзбен толықтырылсын;

70) 15-тараудың тақырыбы "өндірістік объектілердегі" деген сөздерден кейін ", қауіпті техникалық құрылғылардағы" деген сөздермен толықтырылсын;

71) 82-бапта:

1-тармақта:

1) тармақшадағы "органның" деген сөз "орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша алып тасталсын;

2-тармақтың 1) тармақшасында:

"орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне" деген сөздер "органның аумақтық органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"органның" деген сөз "орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

72) 83-бапта:

тақырып "міндеттері" деген сөзден кейін "мен негізі" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қауіпті өндірістік объектілердегі, қауіпті техникалық құрылғылардағы авария немесе оқыс оқиға тиісті комиссия жүргізетін тергеп-тексеруге негіз болып табылады.";

73) 84-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөліктегі "оның аумақтық бөлімшесі" деген сөздер "оның ведомствосының аумақтық бөлімшесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің төртінші абзацындағы "немесе өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби объектілік авариялық-құтқару қызметінің" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктегі "органның" деген сөз "орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-1-тармақтағы "оның аумақтық бөлімшесі" деген сөздер "оның ведомствосының аумақтық бөлімшесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

74) 85-баптың 2-тармағының 7) тармақшасындағы "заңнамасында" деген сөз "нормативтік құқықтық актілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

75) 86-бапта:

8-тармақ мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Аварияларды тергеп-тексеру қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдері оларды орындаудың нақты мүмкіндігіне әсер ететін мән-жайлар ескеріле отырып айқындалады.

Аварияларды тергеп-тексеру актісінде көзделген мерзімдер өткенге дейін қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйым өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне бұзушылықтарды жою фактісін растайтын материалдарды қоса бере отырып, анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпаратты ұсынады.

Белгіленген мерзімде ақпаратты ұсынбау немесе анықталған бұзушылықтарды толық көлемде жоймау осы Заңның 39-2-бабы 7-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру жүргізуге негіз болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын, бұзушылықтарға жол берген ұйымдарға қатысты аварияларға тергеп-тексеру жүргізу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген шаралар қабылданады.";

76) 87-бапта:

2 және 3-тармақтардағы "органның" деген сөз "орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "оның аумақтық бөлімшесіне" деген сөздер "оның ведомствосының аумақтық бөлімшесіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

77) 15-тарау мынадай мазмұндағы 88-1-баппен толықтырылсын:

"88-1-бап. Қауіпті техникалық құрылғылардың авариясын немесе оқыс оқиғасын тергеп-тексеру

Қауіпті техникалық құрылғылардың авариясын немесе оқыс оқиғаларын тергеп-тексеру осы тарауға сәйкес жүргізіледі.";

78) 91-баптың 2-тармағы "орналастырылған", "басқа" деген сөздерден кейін тиісінше "мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын" деген сөздермен толықтырылсын;

79) мынадай мазмұндағы 91-1-баппен толықтырылсын:

"91-1-бап. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы және оларды сақтау көлемдері

Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы және оларды сақтау көлемдері:

1) Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарына сәйкес жұмылдыру тапсырмасын орындайтын орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың;

2) төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу және жою бойынша шараларды қабылдау үшін уәкілетті органның;

3) нарыққа реттеушілік ықпал ету, гуманитарлық көмек және босқындарға көмек көрсету үшін мүдделі мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.";

80) 92-бапта:

2-тармақтағы "осы Заңның 96-1-бабының 2-тармағында көзделген ережені" деген сөздер "осы Заңның 13-бабының 11-2) тармақшасында және 13-1-бабының б) тармақшасында көзделген ережелерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-1-бапта:

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жұмылдыру тапсырмасын орындайтын орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар берілетін және жұмылдыру резервінде сақтаудағы материалдық құндылықтардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан зерттеулер (сынақтар) жүргізуді ұйымдастырады.";

екінші бөлік "саламаттылығы" деген сөзден кейін "және (немесе) ветеринария" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлік "Материалдық құндылықтарды" деген сөздер "Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау нормативтерін мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымы әзірлейді және мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын сақтау нормативтерін жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдар әзірлейді және оларды жұмылдыру тапсырмасын орындайтын орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар бекітеді.";

81) 93-бапта:

1-тармақтағы "мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымдарында және мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінде" деген сөздер "мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінде, мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымдарында және шарт негізінде жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "Мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымдары, мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері" деген сөздер "Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері, мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымдары" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын беру және сақтау тәртібі, сондай-ақ мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттеріне қойылатын өлшемшарттар мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарымен операциялар жүргізу қағидаларында белгіленеді.";

3-тармақтағы "Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын сақтауды жүзеге асыратын ұйымдардың тізбесі, осы құндылықтардың атауы мен оларды сақтау көлемі", "номенклатурасына және сақтау көлемдерінде айқындалады" деген сөздер тиісінше "Жұмылдыру тапсырыстары орналастырылған ұйымдар", "номенклатурасында және сақтау көлемдерінде көрсетіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

бірінші бөліктегі "мемлекеттік резервтің" деген сөздер "жұмылдыру резервінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдар мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен оларды сақтау көлемдеріне сәйкес материалдық құндылықтарды кейіннен жұмылдыру резервіне сала отырып, жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын жаңартуды шарт негізінде жүзеге асырады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері, мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымдары және жұмылдыру

тапсырыстары белгіленген ұйымдар мемлекеттің резервтің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және олардың қозғалысы туралы есептер береді.

Жұмылдыру тапсырмасын орындайтын орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға тиісті саланың жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының бар-жоғы мен қозғалысы туралы есептерді ұсынады.";

82) 94 және 94-1-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"94-бап. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын пайдалану негіздері

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын жұмылдыру мұқтажы үшін пайдалану Қазақстан Республикасының, мемлекеттік органдардың, әкімшілік-аумақтық бірліктердің және ұйымдардың жұмылдыру жоспарлары негізінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын нарыққа реттеушілік ықпал ету, босқындарға көмек көрсету және гуманитарлық көмек көрсету үшін пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың және олардың салдарының алдын алу және оларды жою жөнінде шаралар қабылдау үшін пайдалану уәкілетті органның шешімі бойынша, ал жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтары пайдаланылған жағдайда – жұмылдыру тапсырмасын орындайтын орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен келісу бойынша жүзеге асырылады.

94-1-бап. Мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару тәртібі

1. Мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару:

1) жаңарту;

2) қарызға беру;

3) броньнан шығару тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару тәртібі номенклатура өзгерген кезде, жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларымен реттелетін жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығаруды қоспағанда, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарымен операциялар жүргізу қағидаларында белгіленеді.

3. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасына және оларды сақтау көлемдеріне сәйкес материалдық құндылықтарды мемлекеттік резервке кейіннен сала отырып, шарт негізінде мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын жаңартуды жүзеге асырады.

4. Қарызға беру тәртібімен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтар шығарылған кезде алушы қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен екінші деңгейдегі банктерден кепілдіктер береді.

5. Номенклатура өзгерген кезде броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығаруды Қазақстан Республикасы Үкіметінің броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару туралы шешімі негізінде мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Номенклатура өзгерген кезде броньнан шығару тәртібімен жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығаруды Қазақстан Республикасы Үкіметінің броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару туралы шешімі негізінде жұмылдыру тапсырмасын орындайтын орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару, номенклатура өзгерген және кәдеге жаратылған немесе жойылған кезде броньнан шығаруды қоспағанда, кейіннен сала отырып жүзеге асырылады.

6. Жаңарту тәртібімен басқа мемлекеттік органдардың балансына өтеусіз негізде берілген мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтары, сондай-ақ номенклатура өзгерген және кәдеге жаратылған немесе жойылған кезде броньнан шығарылғандарды қоспағанда, броньнан шығарылған материалдық құндылықтар бюджет қаражаты есебінен өтелуге жатады.

7. Гуманитарлық көмекті жеткізу және беру жөніндегі шығындарды өтеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік материалдық резервтің жаңартылуға жататын материалдық құндылықтарын және номенклатура өзгерген кезде броньнан шығарылған материалдық құндылықтарды басқа мемлекеттік органдардың, мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының балансына беру тәртібі мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарымен операциялар жүргізу қағидаларында айқындалады.

9. Мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығарған кезде оларды өткізуден алынған қаражат мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті орган немесе жұмылдыру тапсырмасын орындайтын орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар сатып алу-сату шартының толық орындалғаны туралы растауды алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бюджетке есепке жатқызылуға жатады.";

83) мынадай мазмұндағы 94-2-баппен толықтырылсын:

"94-2-бап. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жарату немесе жою

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жарату немесе жою туралы шешімді мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті орган қабылдайды.

Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын кәдеге жарату немесе жою туралы шешімді мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен және мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша жұмылдыру тапсырмасын орындайтын орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар қабылдайды.

2. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жарату немесе жою Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3. Кәдеге жаратылған тауарлар мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын есептен шығару, жою, кәдеге жарату және кәдеге жаратылған тауарларды өткізу қағидаларына сәйкес мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органның өткізуіне жатады.

Жұмылдыру резервінің кәдеге жаратылған тауарлары мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын есептен шығару, жою, кәдеге жарату және кәдеге жаратылған тауарларды өткізу қағидаларына сәйкес жұмылдыру тапсырмасын орындайтын орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың өткізуіне жатады.";

84) 95-баптағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері негізінде" деген сөздер алып тасталсын;

85) 96-1-бап алып тасталсын;

86) 98-баптағы "Бұл ретте, мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымдарында және мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінде" деген сөздер "Бұл ретте мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінде, мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымдарында және жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

87) 99-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"99-бап. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын есепке алу

Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын есепке алуды мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

Бұл ретте жұмылдыру тапсырмасын орындайтын орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін

мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саладағы жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын есепке алуды жүргізеді.";

88) 8-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бөлім. Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің, әскери қызметшілерінің, жұмыскерлерінің мәртебесі, оларды және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау";

89) 18-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"18-тарау. Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің, әскери қызметшілерінің, жұмыскерлерінің мәртебесі, оларды және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау";

90) 100-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"100-бап. Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің, әскери қызметшілері мен жұмыскерлерінің мәртебесі";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерден, әскери қызметшілер мен жұмыскерлерден жасақталады.";

2-тармақ алып тасталсын;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Азаматтық қорғау органдарының әскери қызметшілері Қазақстан Республикасының заңнамасында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген мәртебеге ие болады және құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады.

Азаматтық қорғау органдарындағы әскери лауазымдар мен оларға сәйкес әскери атақтар тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Азаматтық қорғау органдарының әскери қызметшілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық қорғау органдарында әскери қызмет өткереді.

4. Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін белгіленген мәртебеге ие болады және құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады.

Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мемлекеттік қызметтің ерекше түріне жататын азаматтық қорғау органдарында қызмет өткереді, оған түсу, өткеру және тоқтату тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Лауазымға орналасуы азаматтық қорғау органдарының негізгі міндеттері мен функцияларын тікелей орындайтын лауазымды адамдарға арнаулы атақтар беру құқығын беретін азаматтық қорғау органдары лауазымдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

5-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Азаматтық қорғау органдарының жұмыскерлеріне мемлекеттік әкімшілік қызметшілер және азаматтық қызметшілер жатады.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен реттеледі.

Азаматтық қызметшілердің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.";

6-тармақ алып тасталсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері әскери және арнаулы атақтарға сәйкес айырым белгілері бар белгіленген үлгідегі нысанды киім мен арнаулы киім-кешек киеді.";

8-тармақта:

бірінші бөліктегі "және уәкілетті органның ведомствосына ведомстволық бағынысты кәсіпорындардың" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

9-тармақ алып тасталсын;

91) 101-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"101-бап. Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің, әскери қызметшілері мен жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу, оларды зейнетақымен және өзге де камсыздандыру";

1-тармақтағы "қызметкерлері" деген сөз "қызметкерлерінің, әскери қызметшілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері, әскери қызметшілері мен жұмыскерлері тегін нысанды киіммен және арнаулы киім-кешекпен қамтамасыз етіледі .";

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Азаматтық қорғау органдарының қызметкері мен әскери қызметшілерінің әскери немесе төтенше жағдайдың қолданылуы немесе терроризмге қарсы операция жүргізу кезеңінде немесе қарулы қақтығыс жағдайларында не табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай жарияланған жерде төтенше жағдайларды жою немесе өрттерді сөндіру жөніндегі міндеттерді орындауы кезінде қызмет мерзімінің бір күні үш күн болып есептеледі және үш есе мөлшерде ақшалай қаражат төленеді.

Әскери немесе төтенше жағдайдың қолданылуы немесе терроризмге қарсы операция жүргізу кезеңінде немесе қарулы қақтығыс жағдайларында не табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай жарияланған жерде төтенше жағдайларды жою

немесе өрттерді сөндіру жөніндегі міндеттерді орындау кезінде азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің қызмет мерзімін есептеу және оларға ақшалай қамтылым төлеу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

5. Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері казармалық жағдайда болған кезде және (немесе) карантиндік іс-шараларға қатысқан кезде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен тамақпен қамтамасыз етіледі.";

92) 102-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"102-бап. Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің, әскери қызметшілері мен жұмыскерлерінің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің өмірі мен денсаулығын қорғау, оларды медициналық қамтамасыз ету";

1-тармақта:

төртінші бөліктегі "өзге де жұмыскерлерінің" деген сөздер "жұмыскерлерінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері, әскери қызметшілері мен жұмыскерлері медициналық көрсетілімдері болған кезде бюджет қаражаты есебінен санаторийлік-курорттық емделуге жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері, әскери қызметшілері мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес санаторийлік-курорттық емдеумен қамтамасыз етіледі.";

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің осы бапта көрсетілген құқықтары мен жеңілдіктері қызметтен шекті жасқа толуына, денсаулық жағдайына немесе штаттардың қысқартылуына байланысты шығарылған, қызметінің жалпы ұзақтығы жиырма және одан көп жылды құрайтын азаматтық қорғау органдарының қызметкерлеріне, әскери қызметшілеріне қолданылады.";

мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:

"Азаматтық қорғау органдары жұмыскерлерінің осы тармақта көрсетілген құқықтары мен жеңілдіктері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, жасына, денсаулық жағдайына немесе штаттардың қысқартылуына байланысты жұмыстан шығарылған, азаматтық қорғау органдарындағы жалпы жұмыс ұзақтығы жиырма және одан көп жылды құрайтын азаматтық қорғау органдарының жұмыскерлеріне қолданылады.";

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "және уәкілетті органның ведомствосына ведомстволық бағынысты кәсіпорындарға" деген сөздер алып тасталсын;

93) 8-бөлім мынадай мазмұндағы 103-1-баппен толықтырылсын:

"103-1-бап. Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің және олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік кепілдіктері

1. Азаматтық қорғау органдарының қызметкері бір елді мекеннен елу километрден асатын екінші елді мекенге көшуіне байланысты қызметі бойынша ауысқан кезде оған бюджет қаражаты есебінен қызметкердің өзіне екі айлық ақшалай қаражат және онымен бірге көшкен отбасының әрбір мүшесіне оның айлық ақшалай қаражатының жартысы мөлшерінде көтерме жәрдемақы төленеді.

Азаматтық қорғау органдарының қызметкері қызметі бойынша ауысқан кезде оған бюджет қаражаты есебінен өз мүлкін он тоннаға дейін тасымалдауға, сондай-ақ онымен бірге көшкен отбасы мүшелерінің жол жүруін қоса алғанда, теміржол, су, автомобиль көлігімен жол жүруге жұмсалған шығындары өтеледі.

Азаматтық қорғау органдарының қызметі бойынша ауысқан кезде көтерме жәрдемақыға, көлікте жол жүргені және өз мүлкін тасымалдағаны үшін жұмсалған шығындарының өтелуіне құқығы бар қызметкерлері лауазымдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алу құқығымен шығарылған азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертіккен (жараланған, жарақат алған, контузия алған) және қызметке жарамсыз деп танылған қызметкерлердің салтанатқа және салтанатқа шығуға арналған нысанды киім киіп жүруге құқығы бар.

3. "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-1-тарауына сәйкес азаматтық қорғау органдарының тұрғынжайға мұқтаж қызметкерлері және олардың отбасы мүшелері қызметін өткеру кезеңінде мемлекет есебінен тұрғынжаймен қамтамасыз етіледі. Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлеріне қызметтік тұрғынжай берудің орнына бюджет қаражаты есебінен тұрғын үй төлемдері төленеді."

40. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 51-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі "рұқсаттық бақылау" деген сөздерден кейін ", егер осы баптың 1-1-тармағында өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігі тұрғысынан жүргізілетін рұқсаттық бақылау "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тексеру нысанында жүзеге асырылады.";

2) 2-қосымшада:

61-1-жолдың 3-бағанындағы "куәлік" деген сөз "аттестат" деген сөзбен ауыстырылсын;

66-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

66.	Кәсіби өртке қарсы қызметтерді ұйымдардағы, елді мекендердегі және объектілердегі өрттердің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттерді сөндіруге байланысты авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау	Ұйымдардағы, елді мекендердегі және объектілердегі өрттердің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттерді сөндіруге байланысты авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына аттестат	
-----	--	--	--

".

1-сынып – "қызметке берілетін рұқсаттар" мынадай мазмұндағы 87-19-жолмен толықтырылсын:

"

87-19.	Өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру	Өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат	
--------	--	--	--

".

2-сынып – "объектілерге берілетін рұқсаттар" мынадай мазмұндағы 147-2 және 147-3-жолдармен толықтырылсын:

"

147-2.	Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беру	Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды	
147-3.	Белгіленген нормалары мен қағидалары жоқ объектілерді өртке қарсы қорғау ерекшелігін көрсететін арнаулы техникалық шарттарды келісу	Жазбаша жауап жіберіледі, онда келісуден бас тартылған жағдайда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде ұсыныстар мен ескертулер көрсетіледі	

".

41. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы" 2015 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

30-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор карточкалық жүйе бойынша мұнай өнімдерін сатып алудан бас тартқан жағдайда, Ұлттық ұлан оларды тиісті жылға арналған бюджет қаражаты есебінен бәсекелестік негізде дербес сатып алуға құқылы."

42. "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 14-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасы "арнаулы мемлекеттік органдардың" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 18-бапта:

4-тармақтың 1-1) тармақшасы "құқық қорғау органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

5-1-тармақтың екінші бөлігі "құқық қорғау органдарының" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 27-баптың 3-тармағының 4) тармақшасындағы "қызметкерлері үшін аударымдар төлеуден босатылады." деген сөздер "қызметкерлері;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері үшін аударымдар төлеуден босатылады.";

4) 28-баптың 7-тармағының 4) тармақшасындағы "қызметкерлері босатылады." деген сөздер "қызметкерлері;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері босатылады."

43. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы "құқық қорғау қызметін" деген сөздерден кейін "және азаматтық қорғау органдарындағы қызметті" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 5-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы "құқық қорғау қызметіне" деген сөздерден кейін "және азаматтық қорғау органдарындағы қызметке" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 12-баптың 5-тармағы "Құқық қорғау органдарының" деген сөздерден кейін "және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 16-бапта:

1-тармақтың төртінші бөлігі "Құқық қорғау органдарының" деген сөздерден кейін " және азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері" деген сөздермен толықтырылсын

;

2-тармақта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "Құқық қорғау органдарына" деген сөздерден кейін "және азаматтық қорғау органдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақша "құқық қорғау органдарының" деген сөздерден кейін "және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік "қызметіне", "органдарымен" деген сөздерден кейін тиісінше "және азаматтық қорғау саласындағы қызметке", "және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың 14) тармақшасының бірінші бөлігі "мемлекеттік органдардан" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ "әскери қызметке" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы қызметке" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 17-баптың 5-тармағы "Құқық қорғау органдарында" деген сөздерден кейін "және азаматтық қорғау органдарындағы қызметте" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 20-баптың 1-тармағының төртінші бөлігі "Құқық қорғау органдарына" деген сөздерден кейін "және азаматтық қорғау органдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 64-1-баптың 8-тармағы 13) тармақшасының бірінші бөлігі "арнаулы мемлекеттік органдардан" деген сөздерден кейін ", азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен" деген сөздермен толықтырылсын.

44. "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

6-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттік мүлікті жекешелендіру үшін жүргізіледі."

45. "Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 33-1-баптың 8-тармағындағы "мемлекеттік емес" деген сөздер "кәсіби" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 38-баптың 2-тармағының төртінші бөлігіндегі "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 105-бабында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 44-баптың 3-тармағының үшінші бөлігіндегі "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 105-бабында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын.

46. "Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" 2022 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

15-баптың 2-тармағының 9) тармақшасындағы ", азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелеріне," деген сөздер "уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелеріне, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын.

47. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына:

1) 1-баптың 6) тармақшасындағы ", кейіннен сатып алу құқығымен жеке тұлғаларға немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сенімгерлік басқаруға берілген" деген сөздер алып тасталсын;

2) 3-баптың 27) тармақшасындағы ", кейіннен сатып алу құқығымен жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сенімгерлік басқаруға берілген" деген сөздер алып тасталсын.

2-бап.

1. Осы Заң:

1) 2025 жылғы 30 маусымнан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 13-тармағының 1) – 2), 5) – 17) тармақшаларын, 30-тармағының 1) және 5) тармақшаларын, 39-тармағы 3) тармақшасының тоғызыншы және оныншы абзацтарын, 17) тармақшасын, 90) тармақшасының он бірінші – он үшінші абзацтарын, 93) тармақшасының жетінші абзацын;

2) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағының 4) тармақшасын, 5-тармағының 1), 3) – 5) тармақшаларын, 11, 19, 20, 23, 24 және 29-тармақтарын, 31-тармағының 1) – 6), 9), 10), 13) – 25), 27) – 30) және 32) тармақшаларын, 35-тармағын, 39-тармағы 3) тармақшасының отыз сегізінші – қырқыншы абзацтарын, 6) тармақшасының тоғызыншы абзацын, 7) тармақшасының үшінші – тоғызыншы, он төртінші – он бесінші, жиырма бірінші – жиырма екінші және жиырма бесінші абзацтарын, 14) тармақшасының алпыс жетінші, тоқсан екінші – тоқсан алтыншы абзацтарын, 21) тармақшасының бесінші абзацын, 22) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 24) тармақшасын, 26) тармақшасының сегізінші – он бесінші абзацтарын, 29) тармақшасының үшінші – тоғызыншы абзацтарын, 38) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 40) тармақшасының алпысыншы – жетпіс үшінші абзацтарын, 47) тармақшасын, 48) тармақшасының төртінші абзацын, 49), 50), 53), 55) – 57) тармақшаларын, 40-тармағы 2) тармақшасының үшінші – сегізінші абзацтарын, 44-тармағын, 45-тармағының 2) және 3) тармақшаларын және 47-тармағын;

3) 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағының 1) – 3) тармақшаларын, 5-тармағының 11) және 12) тармақшаларын, 13-тармағының 3) – 4) тармақшаларын, 15, 18 және 28-тармақтарын, 31-тармағының 26) тармақшасын, 32-

тармағының 4) тармақшасын, 34-тармағын, 39-тармағы 3) тармақшасының он алтыншы – жиырма төртінші, отыз төртінші, отыз бесінші және елуінші абзацтарын, 16) тармақшасының бесінші – жетінші, оныншы және он бірінші абзацтарын, 21) тармақшасының он төртінші және он бесінші абзацтарын, 22) тармақшасының жетінші – он үшінші, он жетінші және он сегізінші, жиырмасыншы – отызыншы абзацтарын, 33) тармақшасының екінші, бесінші және алтыншы абзацтарын, 34) тармақшасын, 35) тармақшасының төртінші – жетінші абзацтарын, 39) тармақшасын, 40) тармақшасының бірінші – елу тоғызыншы, жетпіс төртінші – екі жүз қырық төртінші абзацтарын, 41) тармақшасын, 58) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын, 59) – 63) тармақшаларын, 65) тармақшасын, 66) тармақшасының бесінші және алтыншы абзацтарын, 67) және 68) тармақшаларын, 70) және 72) тармақшаларын, 73) тармақшасының төртінші абзацын, 75) және 77) тармақшаларын, 40-тармағының 1) тармақшасын, 2) тармақшасының бірінші және екінші абзацтарын;

4) 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 7-тармағының 11) тармақшасын, 14-тармағын, 31-тармағының 12) тармақшасының төртінші және сегізінші абзацтарын, 31) тармақшасын, 39-тармағы 14) тармақшасының бір жүз үшінші және бір жүз төртінші абзацтарын, 18) тармақшасының төртінші – он төртінші, он тоғызыншы және жиырмасыншы абзацтарын, 19) тармақшасының алтыншы – он үшінші абзацтарын, 21) тармақшасының он сегізінші абзацын, 33) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын, 35) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 42) тармақшасын, 43) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 79) тармақшасының төртінші абзацын, 80) тармақшасының екінші, төртінші, бесінші және оныншы абзацтарын, 81) тармақшасының он үшінші абзацын, 82) тармақшасының бесінші, он бесінші және жиырмасыншы абзацтарын, 83) тармақшасының төртінші және жетінші абзацтарын, 85) тармақшасын, 87) тармақшасының төртінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Мүліктік жалдауға (жалға алуға) немесе сенімгерлік басқаруға берілген мемлекеттік мүлікті осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін кейіннен сатып алу құқығымен жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға, жалдаушыларға (жалға алушыларға) немесе сенімгерлік басқарушыларға сатуға олар тиісті мүліктік жалдау (жалға алу) шартын немесе сенімгерлік басқару шартын тиісінше орындаған жағдайда ғана жол беріледі.

3. Егер мүліктік жалдауға (жалға алуға) немесе сенімгерлік басқаруға берілген мемлекеттік мүлікті осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін кейіннен сатып алу құқығымен жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сату талаптары тиісті мүліктік жалдау (жалға алу) шартында немесе сенімгерлік басқару шартында көзделмеген болса, олар тараптардың келісімімен айқындалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК